

Теңіз геофизикалық жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ЕРЕЖЕЛЕРІ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жыл 21 шілде. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 15 мамыр N 171 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 469 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкіміне с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалау комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

Министр

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалау комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Теңіздегі геофизикалық жұмыстарды жүргізу кезіндегі техника қауіпсіздігі ережесі. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалау комитеті 1995 жылы 21 шілдеде бекіткен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 15 мамырда N 171 нөмірмен тіркелген)...

I. КІРІСПЕ

Мұнай мен газды іздеудің сейсмикалық барлау әдістері қауіпті жағдай болып табылады. Бұл нұсқаудың мақсаты осыған байланысты сұрақтарды түсіндіру.

1.1. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАР

Геофизикалық кемедегі адамдар кеме үстіндегі барлық уақытта қауіпсіздік жағдайында болулары қажет.

1.1.1. Ол адамдар үшін сақтандыру шаралары алдын ала жүргізілуі керек және мына жағдайларды міндетті түрде қамтуы тиіс:

а) Кеменің құрылым жобасы, онда құтқару жабдықтарының тұрған орындары мен міндеттері қоса түсіндіріледі. Алғашқы медициналық көмек көрсету аптекасы, апат болған жағдайда жиналатын орын.

б) Апат болған жағдайда істелетін әрекеттерді және сақтық шараларын түсіндіру.

1.1.2. Кемеде тұрақты істейтін жұмыскерлер үшін осы шаралардан басқа қосымша мыналарды істеу керек:

а) Команданы бойына қарай сапқа тұрғызу және жауапты адамдарды тағайындау.

б) Апат болған жағдайдағы міндеттері және орналасу орындары.

в) Істелетін жұмыс түрлері және соған байланысты туатын қауіп-қатерлер.

г) Қауіпсіздік ережелері

д) Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау шаралары.

1.1.3. Уақытша келушілер кеме капитанынан не оның кеме көмекшісінен қауіпсіздік техникасы (ҚТ) жайындағы нұсқауды портта тұрғанда алуы керек. Апат жағдайы туа қалғанда олар тез арада кемеден кетулері керек. Барлық уақытша қызметшілер мен келушілердің жолбасшылары болуға тиіс.

1.1.4. Кеме бортында жұмыс істейтін немесе ұзақ уақыт бойы сонда болатын әрбір адам қауіпсіздік техникасына жауапты кісі арқылы түсініктеме алулары керек. Олар кем дегенде мыналарды қамтиды:

а) Апат кезіндегі іс-әрекет және тұратын орындарының бағдарламасы.

б) Құтқару жолдарының тұрған жерлері.

в) Апат кезінде жиналатын жер.

г) Әрбір адамға қауіпсіздік техникасының негізгі талаптарын көрсететін қысқаша нұсқаудың көшірмесін беру.

д) Әрбір адамда жеке басын қорғау құралының болуын тексеру. Егер ондай құралдары жоқ болса, солармен қамтамасыз ету.

е) Егер келушілер банк тұрған жаққа қарай (палубаның артқы бөлігі) жүрсе, онда олардың бәріне құтқару жолдары беріліп, экипаж мүшелерінің біреуі жолбасшылық жасауы керек.

1.2. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

Апатқа жақын нақтылы жағдайларды талдау үшін және команданы алдын ала сақтандыру шараларымен таныстыру үшін қажетіне қарай қысқаша 15-20 минуттық жиналыстарды өткізу.

Қысқаша жиналыстарда қаралуға болмайтын жаңа материалдар мен объектілерді талқылау мақсатында тұрақты кесте бойынша жақсы ұйымдастырылған жиналыстар өткізілуі керек. Бұл жиналыстардың хаттамалары оған қатысқандар мен команда мүшелерінің сандары көрсетіліп үнемі жазылып отыруы керек.

1.3. ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

Теңіз геофизикалық жұмыстары кезінде қауіп-қатерлі тәуекелдік істер мейлінше аз болуы керек. Кемеге келмес бұрын қауіпсіздік техникасына жауапты қызметтен (ҚТ) қауіпсіздік техникасы туралы нұсқау алу керек.

Нұсқаудың негізгі тармақтары мыналар:

1.3.1. Кеме мен борттағы барлық қызметкерлер үшін жауапкершілік Капитанға жүктеледі.

1.3.2. Сейсмикалық құралдары үшін геофизикалық команданың бастығы Капитанмен бірге жауап береді.

1.3.3. Қауіпсіздік техникасын және айналаны қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптары геофизикалық қызметкерлер үшін де, барлық команда үшін де ортақ міндет. Осы міндеттерді орындауда жаттығулар мен тәжірибелілік үлкен маңыз атқарады.

1.3.4. Геофизикалық кеме бортындағы экипаж тез тұтанатын материалдардың - газ, негізі сутекті көмір болатын ингибаторлар, жарылғыш заттардың жанында тамақтанады, жұмыс істейді, дем алады. Сондықтан, әрбір адамның қауіпсіздік техникасын сақтауы экипаждың қалған мүшелерінің өмірімен тікелей байланысты. Ендеше, ешқандай қателесу деген болмауы керек және қауіпсіздік ережесі сақталуға тиіс.

1.3.5. Жарылғыш заттарды және олардың компоненттері - газ және оталғыш сұйықтықтарды сақтау және пайдалану жөніндегі талаптар қатаң орындалуы керек. Осы міндеттерді ұқыпты сақтай және орындай отырып, сіз өз өміріңізді және экипаждағы басқа жолдастарыңыздың өмірін қорғайсыз. Кемедегі жаттығудың, өрттен сақтану жұмыстарының мақсаты апат жағдайында қызметкерлерге әбден үйреншікті жағдайды қалыптастыру болып табылады.

1.3.6. Экипаждың құрал-жабдықтарды пайдалану кезіндегі, қауіпсіздік техникасымен танысуы үшін айына кем дегенде бір рет жаттығу сабақтары өткізілу керек.

1.3.7. Апат бола қалған жағдайда экипаж әрдайым көрнекі жерде ілулі тұруға тиіс апат жоспары бойынша жұмыс істеу керек. Қызметкерлер каютасында да апат бола қалған жағдайда кемедегі орны көрсетілген апат кестесі ілулі тұруға тиіс.

1.3.8. Құтқару кеудешелері ілгішке ілулі немесе әрбір төсектің жанында солар үшін жасалған арнайы орындарда тұруға тиіс. Барлық құтқару кеудешелері

халықаралық теңіз ережелеріне сәйкес болуы керек.

1.3.9. Борттағы құтқару жилеттері экипаж мүшелері мен жолаушылардың санынан кемінде 50 %-ке артық болуы керек.

Суға батырмайтын қосымша дөңгелектер апат жағдайында жиналатын орынның қасында сақталып, машина бөлімінің экипажы мен келушілер үшін қол жетерлік жерде тұруы қажет.

1.3.10. Кеменің баспалдағын қойғанда оның тұтқасының, тым болмаса бір жағында бар-жоғын тексеру керек. Одан басқа, барлық баспалдақтардың астында қорғағыш тор болуы қажет.

1.3.11. Адамдарды немесе заттарды бір кемеден екінші кемеге тасымалдау тек жақсы бақыланатын жағдайларда кеме докта тұрғанда не платформаға тоқтаған кезде жүргізілгені дұрыс. Теңіз үстіндегі осындай көшу жұмыстары кезінде әрбір жұмысшы жеке жүзгіш құралдар киюі қажет. Қондырғының не платформаның қасында жұмыс істейтін адамда сенімді радиобайланыс болуы керек.

1.3.12. Герметикалық люкті жапқанда қауіпсіздікті сақтау үшін не істеу керектігін білген жөн. Мұндай люктер мен есіктерді таза ұстап, герметикалығын сақтау үшін сырламаған дұрыс.

1.3.13. Тұрмыс бөлмелерін таза ұстап, сақтық шараларын жасау бақытсыз жағдайларға душар болудан қорғайды. Барлық бөлімшелер мен құралдарды таза ұстаныңдар.

1.3.14. Барлық тетіктер мен аспаптарды дұрыс ұстап, дұрыс пайдаланыңыздар және уақытында жөндеуден өткізіп отырыңыздар.

1.3.15. Газдың, дизельдік жанармайдың, кабель майының және басқа заттардың ағуын, сыртқа шығуын жедел тоқтатыңыз.

1.3.16. Бортта болған кезіңізде кеме қанатына асылып тұруға немесе оған қойылған қалқаларға отыруға болмайды.

1.3.17. Жіпті, трос және кабельді тартып оған күш түсіргенде үзіліп кетіп қауіпті жарақат болуы мүмкін. Сондықтан одан арырақ тұрып, жіп, трос, кабельдің бүтіндігін тексеріңіз.

1.3.18. Кеме шайқалғанда берік және қолайлы жағдайды ұстаныңыз. Қажетті аяқ киім киген жөн. (Сандал, сланц киюге болмайды).

Тиісті аяқ киімсіз жұмыс істеуге болмайды. Қажетіне қарай лифті, құтқарғыш арқанды пайдаланыңыз.

1.3.19. Кемедегі барлық сақтандыру белгілеріне көңіл бөліңіз.

1.3.20. Өз бөлімшелеріндегі барлық апат кнопкаларын және құралдар, өрт шлангысы, өрт сөндіргіш, балта, құтқарғыш кеудешелер, дөңгелектер, сал, қалта фонары және алғашқы көмек көрсететін аптечкалардың орын-орындарын біліңіз.

1.3.21. Ауа-райының қолайсыз кезінде палубаға жалғыз шықпаңыз.

1.3.22. Суға сүңгітін жұмыстар жүргізілген уақытта сейсмикалық жұмыстарды істеуге болмайды. Ондай жерлерге тақау жұмыстарды бастамас бұрын іс-әрекетіңізді суға сүңгуірлермен келісіп алыңыз.

II. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАУПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

2.1. ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ГИГИЕНА

Экипаждың әрбір мүшесі өз денсаулығын бақылауға міндетті. Естеріңізде б о л с ы н :

2.1.1. Денсаулықтың дұрыстығына жұмыс пен демалуды тиімді үйлестіре білгенде, уақытылы құнарлы тамақ ішіп, жеткілікті ұйықтап және майлы тамақ, ішімдік, темекі, есірткі пайдаланбағанда ғана жетуге болады.

2.1.2. Қарапайым инфекция бір адамнан екінші адамға кеме бортында тезірек жұғады. Сондықтан сақтандыру шараларын қолдану да, нәтижелі емделу де б і р д е й ж ү р у і к е р е к .

2.1.3. Адамдардың жарақаттанған не іскен жерлерін бірден тазалап, дәрігерлік алғашқы көмек көрсетілуі шарт.

2.1.4. Көптелген ауыр инфекцияларға қарсы егіп, вакцинация жасау керек. Олар белгілі бір уақытта, қажетіне қарай, дәрігерлік шарттарға сәйкес келетіндей е ті п ж а с а л ғ а н ы д ұ р ы с .

2.1.5. Каспийдегі безгек ауруының қаупі маса шағуына қарсы жүргізілген шараға байланысты азаяды. Мұндай шараларға мыналар жатады: торды пайдалану (масахана) және сымнан жасалған елеуіш, есік, терезе, люктерді жабу, масаға қарсы әртүрлі сұйық заттарды пайдалану. Үстідегі киім де маса шағудан сақтайды, сондықтан қараңғы түскенде жұмыскерлер денесі ашық киіммен сыртқа шығуға болмайды. Безгекке қарсы алдын ала шаралар да безгекпен ауыру қ а у п і н а з а й т а д ы .

2.1.6. Ұзақ уақыт мұнаймен қоян қолтық жұмыс істеген адам тері ауруымен ауыруы мүмкін. Егер мұнай теріге тисе сутекті көміртегі қышқылы негізін қатыстырмай, таза жуынуы керек. Жұмыс киімдері жиі жуылуға тиіс. Сутекті көміртегіне малынған шүберекті қалтада ұстауға болмайды.

2.1.7. Жұмыскерлер уландырғыш және басқа қауіпті заттарды ұқыпсыз пайдаланса тез арада хабарлап, тиісті шара қолдану керек.

2.1.8. Күйдіргіш сода, ағартатын ұнтақ не сұйық тағы басқа заттардан дененің күйіп қалуы мүмкін. Мұндай химикаттар басқа заттармен қосылғанда әсіресе қауіпті, сондықтан оларды араластыруға болмайды.

2.1.9. Жоғары ылғалдылық не ыстықта күн өтіп кетуі, өлім жағдайына дейін апаруы мүмкін. Осындай жағдайда жұмыс істегенде кем дегенде күнінен 4,5 л су (мұзды су емес) ішкен жөн. Суды аз-аздан жиі ішкен дұрыс. Жабық бөлмеде болғанда о ны желдету керек.

2.1.10. Әсіресе ыстық уақытта күнде ұзақ тұруға болмайды. Күн астында

жұмыс істеу қажет болғанда, басты және денені қорғайтындай киім кию керек. Денені күннен, құрғақ желден сақтау үшін қорғағыш крем пайдаланған жөн.

2.1.11. Күн өткендіктің негізгі белгілері мыналар: әлсіздік, бас ауру, бас айналу, көрудің бұзылуы, құлақта шуыл пайда болу, жүрек айну (құсу), беттерінің қызаруы, температураның 38-39 градусқа дейін көтерілуі, қан тамырының жиі соғуы, елтігу. Ауыр жағдайда есінен тану, елес пайда болу, с а н д ы р а қ т а у , т а л ы қ с у .

2.1.12. Күн өткенде ең алдымен температураны түсіріп, дем алуға көмек жасау керек. Зардап шеккен адамды көлеңкеге жатқызып, сыртқы киімін шешіп, басын аздап көтеру керек. Жүректің маңайы мен желкеге суық компресс қойып, суықтықты көп ішкізу керек (егер іше алмаса суық судан клизма жасаған жөн). Есін білмеген жағдайда мұсатыр спиртін иіскетіп, есін жиған соң көп қылып шай , кофе, жүрек дәрілерін (корвалол, кордиамин және т.б.) 15-20 тамшыдан беру к е р е к .

2.2. ҚОРҒАҒЫШ КИІМДЕР

2.2.1. Әрбір жұмыстың түрі мен ыңғайына қарай сәйкес киім мен аяқ киім алдын ала дайындалуы керек.

2.2.2. Киім тым қолқылдаған кең, салбыраған баусыз және қалтасыз үлкен болмауы керек. Ондай киімдер машинаның қозғалатын тетіктері мен бөліктеріне, қоршауларға шығынқы бөлшектерге ілініп қалып, жарақаттануға әкеліп соғу м ү м к і н .

2.2.3. Жейделер мен комбинезондардың жеңдері ұзын болғаны дұрыс, өйткені олар қысқа жеңді киімге қарағанда күйден көбірек сақтайды.

2.2.4. Машинамен жұмыс істегенде шарфты тағуға, свитер тағы басқа мойны жабық киім киюге болмайды, сақина, әсемдік бұйымдар тақпау керек. Ұзын шашты арнаулы бас киімнің астына түйіп қойған жөн.

2.2.5. Жұмыстың кейбір түрлері үшін биялай не сыртқы қолғап пайдалану к е р е к .

2.2.6. Қатты каскалар не сақтандырғыш аяқ киімдер команда басшысының бұйрығы бойынша немесе тиісті нұсқауда көрсетілгендей кездерде киіледі.

2.2.7. Көзге не көз бен бетке бірдей жүретін керекті сақтандырғыш құралдарды таңдағанда қауіптің түрі мен дәрежесін есептеп, сақтанудың мүмкін болған мөлшері мен ыңғайлылығы еске алынады.

Көздің жарақаттануының негізгі себептері мыналар:

- а) инфрақызыл сәуле (газбен дәнекерлеу)
- б) ультракүлгін сәуле (электрлік дәнекерлеу)
- в) химикаттардың әсері (батарея қышқылдары және т.б.)
- г) бөлшектердің және сырт нәрселердің әсерлері (тік ұшақ, жел)
- д) күшті күн сәулесі.

Көру үшін киетін жай көзілдіріктер көзді қорғай алмайды. Көзді қорғайтын әртүрлі көзілдіктер бар. Солардан қажетін таңдап алуға болады. Сонымен қатар, рецепт бойынша жазғызып алатын қорғағыш көзілдіріктер де болады.

2.2.8. Шуылы көп жерде істейтін барлық адам құлаққа дыбыстан қорғайтын құлақ аспабын киюі керек. Шуылдың ұдайы әсер етуі құлақтың естімей қалуына а п а р ы п с о ғ а д ы .

2.3. АРНАУЛЫ ЖҮЗГІШ ҚҰРАЛДАР. ҚОРҒАҒЫШ ЖИЛЕТТЕР

Суға батырмайтын құралдар өте көп. Соның ішінде орындалатын жұмысқа қажетті құралдарды, қорғағыш жилеттерді таңдай білу керек.

Қорғағыш құралдардың бір-бірінен айырмасы, атқару міндетінде емес қорғау дәрежесіне байланысты болады. Жүзу құралдары әлсіремеген адамға ғана көмек жасау, денені тік бағыттан 60 градусқа бұру арқылы су бетінде қалуына көмектеседі. Қорғағыш жилет әлсіреген не талықсыған адамды бетін жоғарыға қарайтындай етіп бұрады, бұл жағдайда басы су бетінде жоғары тұруы керек.

Арнайы жүзгіш құралдарды бағалағанда мынадай маңызды параметрлерін е с е п к е а л у к е р е к :

2.3.1. Бұл құрал Теңіз және су регистрінде (көрсеткішінде) суға кетуден сақтайтын құрал ретінде бекітілген бе және (МО) SOLAS-тың талабына (Дүниежүзілік Теңіз Бірлестігі), (Суда адам өмірін қорғау Конвенциясы) сәйкес к е л е м е ?

2.3.2. Бұл құрал әртүрлі жағдайлар орныксыз емес пе? Тік бағыттан 60-градус бұрыш жасап бетіңмен жоғары қарап тұру үшін пенопласты қабына салғанда оның төсеніші бүкіл кеудені жауып, жартысы немесе жартысынан аздауы арқаны ж а у ы п т ұ р у ы ж ө н .

Пенопластың қозғалуына, оның жүзгіштік бөлінімдеріне әсер ететін пенопластың тозған не жыртылған жерін есте ұстау керек.

2.3.3. Егер құтқару құралында сырғытпа - молния пайдаланылса, онда оның жоғары және төменгі жағында баулар тағылып, сапасы жоғары болғаны жөн.

2.3.4. Құтқару құралында зардап шеккен адамдарды судан шығарып алу үшін қолданылатын белдік не бау болуы керек.

2.3.5. Қолайлылығы және жақсы көрінуі еске алынуы тиіс. Егер құралдың аяқтың арасына ыңғайланған бауы болмаса, адам құралдың ішіне қарай төмен құлап, иығындағы бау басының жоғарғы тұсымен бірдей деңгейде түседі. Бас үшін қосымша сүйеніш болуы ойластыру керек.

2.3.6. Ілгекке ілінген не қорғағыш жилеттің кішкене қалтасына салынған ысқырғыш болу керек. Жилет, жақсы көріну үшін, сары не қошқыл сары бояуға боялуы қажет, ал жарықты шағылдыратын иықтарындағы және жағасындағы жолақтар, қосымша артықшылығы болып табылады.

ҚҰТҚАРУ КЕУДЕШЕЛЕРІ НЕГІЗІНЕН ҮШ ТҮРЛІ БОЛАДЫ:

А. Жабық қапқа салынған пенепластан жасалған төсеніші бар жүзгіш қорғағыш кеудеше .

Б. Ауызбен үрлейтін түтіктері бар және ілгегін тартқанда жұмыс істейтін көмір қышқыл газы толтырылған балонмен жабдықталған қорғағыш кеудешелер.

В. Газды автоматты түрде үрленетін қорғағыш кеудеше. Көмір қышқыл газы толтырылған балоны суға түскен соң дереу өз бетімен жұмыс жасайды және ауызбен үрлегенде не ілгекті тартқанда газ толады.

Екі түрі (Б,В) де үрленбеген қалыпта адам денесіне ыңғайлы киіледі, бірақ ешқайсысы да әбден жел толтырмайынша қорғағыш кеудеше бола алмайды. Егер суға құлағанда талықсыған күйде болсаң, қолдан үрленетін кеудеше (Б түрі) көмектесе алмайды, сондықтан кемеде А не В түріндегі кеудешелерді пайдалану ұсынылады. Автоматты үрленетін не ілгекті тарту арқылы жұмыс істейтін қорғағыш кеудешені (Б және В) ешбір жағдайда да тікұшақта отырғанда киюге болмайды, себебі тікұшақ тосыннан қону керек болса кеудеше газға толып кетеді де, адам авариялық есіктен шыға алмай қалады.

Суық су ең қауіпті жау болып есептеледі, себебі суға тосыннан түсу дем алуды әрі жиілетіп, әрі ауырлатады және үрей тудырады. Осындай жағдайға алғашқы болып душар болған адам суда тырбыңдап қалады да, ілгекті тартуы не ауызбен үрлеп толтыру қиынға соғады. Бұл да А және В кеудешелерінің артықшылығын көрсететін бір дәлел.

Қорғағыш кеудешелерді жасағанда, оларды киіп және ретке келтіру 30 секундтан аспайтындай етіп ыңғайлануы абзал. Кеудешелерде көзге анық көрініп тұратын ортаға орналасқан жүк көтеретін арқандар (стропка) (қатты өрілген ілгегі бар, ол арқылы суға кеткен адам шығарып алынады), ілгекте не кіші қалтаға орналасқан ысқырғыш болуы керек. Қорғағыш кеудеше әлсіреген не талықсыған адамды беті жоғары қарайтындай етіп бұрады (егер үрленген кеудеше киген болса 5 секунд ішінде, ал автоматты, не газы қолмен үрленетін кеудеше болса 10 секунд ішінде) және денені тік бағыттағы 30 градустан 60-градусқа дейін бұрыш жасай ұстап, ауызға су кетпейтіндей ету керек. Қорғағыш кеудеше көзге көрнекті болу үшін сары не қошқыл сары түсті болғаны дұрыс.

Газды қолмен не автоматты түрде үрленетін кеудешелерінің үлгісі жел алдын ала толтырылған кеудешеге қарағанда көп жұмыс істеуді қажет етеді. Көмірқышқыл газды құбыршаларды оның берік бекемдігін тексеру мақсатында уақ - уақ өлшеп отыру қажет.

Су бетінде, судың ішінде не суға бату қаупі бар қозғалыста жүретін жерде жұмыс істейтіндердің барлығы да жеке-жеке жүзгіш құралдармен пайдалануы керек.

АРНАЙЫ ЖҮЗГІШ ҚҰРАЛДАРДА МЫНАЛАР БОЛУЫ КЕРЕК:

А. Басты суға батырмай жоғары ұстап тұратын жүзгіш жаға.

Б. Судағы адамның бетін жоғары қаратып бұратын, кеуденің айналасындағы
ж ү з е т і н б ө л і к т е р .

В. Кеудеше жоғары көтеріліп, не басынан сыпырылып кетпес үшін беліне не
кеудесіне байлап бекітетін белбеу.

Г. Жағаның артқы жағында адамды судан шығаруға не сүйреуге көмектесетін
ш ы ғ ы р ш ы қ немесе ілгек жіп.

2 . 4 . ЖҮЗУ СЫНАҚТАРЫ

Суда не екі өзеннің қосылған жерінде жұмыс істейтін қызметкерлер жүзу сынағынан өтулері керек. Ол үшін суда жүзетін арнайы киімдерді киеді. Бұл сынақта адам арнаулы толық киімімен 50 м жерді кем дегенде 5 минутта жүзіп өтуі керек және өз қалпына сақтап (су ішіндегі күйі) 2 минут тұруы керек.

2 . 5 . ҚҰРАЛ - ЖАБДЫҚТАР

2.5.1. Қол жабдықтарын дұрыс пайдалана білмеудің салдары жеңіл, бірақ жанға батарлықтай жарақаттарға душар етеді. Жағдайға сай келетін құрал-жабдықтарды пайдалану керек, тозған бөлшектерін, тістерін, бұрандалы бастарды (головка), тұтқаны, сақтандыратын қаптаманы ауыстырып отыру қажет. Қашау, бұрағыштар және тағы басқа өткір құралдарды дұрыс буып-түю керек. Жөндеуге келмейтін ақауы бар құралдарды қолдануға болмайды. Қажетті жерінде көзді қорғай білу жөн. От алғыш жарылғыштар бар орындарда ұшқын шығармайтын құралдарды (мыс, қола және жез) пайдалану дұрыс.

2.5.2. Бұранда кілттерге түтіктерді кигізуге болмайды.

2.5.3. Барлық электрлік қол құралдары жермен жалғасқан, не тоқ өткізбейтін таспамен (лента) екі қабат оралуы керек. Үш тарамды сымнан қосылған кабельді қолданғанда, жермен жалғасқан құралдарды пайдаланады. Ылғалды жерде жұмыс істейтін құралдарды қолданғанда жермен жалғасуы жоқ бұзылса, тоқты
а й ы р ғ ы ш б о л ғ а н ы ж ө н .

2.5.4. Кейбір құралдардың сақтандырғыш қаптары болады. Егер ондай құралдарды қаптарынан алынған не бұзылған болса, қорғауышын жөндегенше не ауыстырылғанға дейін ондай құралмен пайдалануға болмайды.

2 . 6 . АУЫР ЗАТТАРДЫ КӨТЕРУ

Белдің зақымдануы көп ретте салақтықтан немесе ауыр заттарды көтеру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамағандықтың салдарынан болады. Мысалы, ауыр жүкті көтеру кезінде ең алдымен жүрелеп отырып алып, сонан соң көтерер

затты денеңе жақын ұстап барып түрегелу арқылы белдің зақымданып ауырғанынан сақтануға болады. Ал қажет болған жағдайда басқалардың көмектесіп жіберулерін өтінген жөн.

Жарақаттанудан алдын ала сақтану үшін мына ережелерді орындаңыз:

2.6.1. Аяғыңыздың нық тұруын қадағалаңыз.

2.6.2. Денеңізді түзу, тік ұстаңыз. Ауырлық салмақты арқаңызға емес, аяғыңызға салуға тырысыңыз.

2.6.3. Көтерер жүктің салмағын алдын ала мөлшерлеп алыңыз. Егер жүк тым ауыр болса, басқалардан көмек сұраңыз. Бір адамға ауырлық түсірмеу үшін жүкті белгі берілгенде ғана көтеріп не түсіру қажет.

2.6.4. Ауыр жүктерді тасығанда жадағай шаналардың, астаушалардың, кеспелтектердің, жүк көтергіштердің, тыянақтардың, доңғалақтардың, қол арбалардың артықшылықтарын пайдаланған жөн.

2.6.5. Қырын тұрған қалпыңызда жүкті ешқашан көтеруге не түсіруге болмайды.

2.6.6. Көтеріліп бара жатқанда ауыр заттардың астында еш уақытта тұрмаңыз.

2.6.7. Жеңіл жүктерді көтергенде де дәл ауыр жүктерді көтерген кездегідей әрекет жасаңыз. Мұндай реттілік тәртібін орындамау жарақаттануға жиі душар етеді.

2.6.8. Ауыр жүктерді көтерудің мынадай мөлшерлік белгілері бар екенін үнемі есте ұстау қажет. Жалғыз кісі ауыр жүкті тегіс жермен 25 метр жерге апаруы үшін оның салмағы: 18 жастан асқан әйелдер үшін - 15 кг; он сегіз жастан асқан еркек үшін - 50 кг болуы шарт. Ал салмағы 50 кг-нан 80 кг-ға дейін жететін жүкті кемінде екі ересек адам көтереді.

2.7. ІШІМДІК ЖӘНЕ ЕСІРТКІЛЕР

Ішімдік ішу және есірткі пайдалану жарақаттану мен апат болу жағдайларын арттыра түседі. Сондықтан да, қызметтік міндетіңізді атқару кезінде ішімдік ішуге, тыйым салынған есірткілерді ұстауға немесе соның әсерінде болуға жол берілмейді.

Жазып берілген немесе сатып алынған дәрілер де жұмыстың орындалуына кері ықпал жасаулары мүмкін. Егер әлгінде дәрігер жұмыс барысында бөгет жасайтындай болса, ондайда алдын ала дәрігерлерден кеңес алу немесе дәрінің қолданылуы туралы анықтамамен танысу дұрыс.

2.8. СУЫҚ КҮНДЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕУ

Суық күндердің әсері жұмысты аяқтау мерзіміне қосымша уақытты қажет ететіндігін есепке алу - маңызды жағдайлардың бірі. Сондықтан жоспарлау кезінде мұндай қосымша мерзімді есепке алу қажет.

2.8.1. Суық аймақтардағы айнала ортаның барлық жағдайлары маңызды

болып есептеледі, сондықтан да оның ешқайсысын да елеусіз қалдыруға болмайды. Ең жиі кездесетін, ең қауіпті саналатын жағдай желдің өзгеруіне қарай құбылатын суық температура.

2.8.2. Жаз бен қыстың алмасу шағындағы суық мезгілдерде Каспий жағалауының ерекшелік жағдайы үшін әртүрлі температураның құбылуы кең алқапты қамтиды. Ондай құбылу аптап ыстықтан сақылдаған аязға шейін а у ы с а д ы .

2.8.3. Суықтың адамға тигізетін зиянды зардаптарының бірі гипотермия деп аталатын күйге душар қылады. Ондай жағдайда бойдағы жылудың жоғалуы салдарынан дененің температурасы қайта пайда болар жылудан көрі жылдамырақ төмендейді. Дененің қалыпты температурасы 37 С. Егер температура 34 С төмен түссе, адам бағдардан айрылып, ессіз күйге душар болуы мүмкін. Егер дененің темпратурасы 31-32 С төмендесе, жүрек тоқтап қалып, ө л і м г е д у ш а р б о л а д ы .

2.8.4. (дене негіздерінің немесе оның бөлшектерінің суықтың әсерінен зақымдануы) егер аяқ-қолдың бармақтары мен бақайларының ұштарына өзге денелермен бірдей жылу жетпесе гипотермиясыз-ақ үсікке (дене негіздерінің немесе оның жеке бөлшектерінің суықтық әсерінен зақымдануы) шалдыға береді . Егер дене судың қату температурасынан төмен болып ашылып қалса, онда гипотермия мен үсіну күйі бір уақытта қатарынан жүреді.

Зардапқа ұшыраған адамның кез-келген дене мүшесін жібіту кезекті өте мұқияттықты әрі сақтықты қажет қылады. Әйтпесе, дененің екінші рет үсікке ұ ш ы р а у ы м ү м к і н .

2.8.5. Температураның кету кезеңінен төмен болуына байланысты гипотермиялық мынадай кездерде ұшырайды: суық суға бату, желдің әсері (желдің әсерінен суыну), дененің арықтауы және тамақтанудың жетіспеуі.

2.8.6. Суықтан зақымданудың осыған ұқсас түрі табан қуысында кездеседі (дымқыл не сулы ортада, үсік шалмастан бұрын-ақ зақымдануы). Батырылған табан (табан қуысындағы зақымдануға ұқсас ұзақ уақыт өкшенің суда батырылып жүруі). Бүкіл дене суға бір минут уақыт батқанда дененің ішкі температурасы бірдей төмендеп, суына бастайды. Дұрыс киінбеген адамды құрғақ қатты суықтың әсері де осындай жағдайға ұшыратады.

2.9. АЛҒАШҚЫ ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК

2.9.1. Үсікке шалдығу

Суықтың әсерінен болған кез келген зақымдану жағдайында мынадай алғашқы көмектер берілуі керек:

2.9.1.1. Бірден көңіл бөлу госпитальда не медициналық көмек көрсету бөлімшелерінде маман дәрігерлердің көмегін алу.

2.9.1.2. Үсікке шалдығу. Үсікке шалдығу-қату нүктесінен төмен

температурада әсер еткенде дененің кейбір мүшелерінің үсуі. Бұл төменгі температурада, әсіресе жел кезінде, болатын қауіп.

2.9.1.3. Үсудің мынадай белгілері бар: тоңа бастау, сонан соң жансыздану; шанышқылау, кеміріп не тартылып ауыру; дененің қызаруы, одан кейін сұрғылт тартып соңынан бозарады.

2.9.1.4. Сақтандыру шаралары:

а) Бет, құлақ, көз, бас, мұрын, қол, аяқты қоса қорғайтындай етіп, киімдерді жеткілікті кию керек;

б) Тар киім, аяқ киім, биялайларды киюге болмайды, себебі ол қан айналысын бұзуы мүмкін;

в) Қолдың саусақтарын, аяқтың бармақтарын қозғалтып отыру. Беттің, құлақтың жылуын сақтау үшін оларды уқалау және жансызданған не домбыққан жерді табу.

г) Үсінудің белгісін байқау үшін бірін-бірі бақылап отыру. Үсік беткі қабатты ғана шалуы (тек терінің ғана үсуі) не тереңдей үсінуі мүмкін (терінің астына жайылу). Егер дененің ашық жері аз уақыт қана суықта болса, онда дененің беті ғана үсуі ықтимал, ал керісінше болса, қатты үсікке шындап ұшырағаны. Егер үсіген жер тым тереңдеп кетсе, ондайды сол жерде емдеуге тырыспай, емделушіні тез арада ауруханаға не дәрігерлік көмек бөлімшелеріне жедел жеткізу керек.

2.9.1.5. ДЕНЕНІҢ БЕТКІ ҚАБАТЫНЫҢ ҮСІНУІН ЕМДЕУ

а) Жылы қолыңмен бетті басып, ауырғанды сезгенге дейін ұстау керек;

б) Үсінген ашық саусақты қойынға тығу керек;

в) Уқалап жылытуға, отқа қақтауға, ыстық сумен не қармен ысқылау арқылы қыздыруға болмайды. Жібітілгеннен кейін ауыратындығына дайын болу керек;

г) Жетік білетін медицина қызметкеріне хабарлау.

2.9.1.6. ТЕРЕҢДЕГЕН ҮСІКТІ ЕМДЕУ

а) Сол жерде емдеуге болмайды. Емделушіні қолда бар көмекпен ауруханаға не дәрігерлік көмек көрсету бөліміне тез арада жеткізілуі керек.

б) Үсіген жерді одан ары суық шалудан сақтау керек, бірақ жібітуге тырысудың қажеті жоқ.

2.9.1.7. Табанның ор болып үсінуі.

Бұл да, суықтың, дымқыл не ылғал ауаның әсерінен болатын үсінуге ұқсас жарақат. 0 С тен 10 С температура аралығында болады. Бұл біртіндеп үсінуге жақын, екі жағдайдың да алғашқы себебі бірдей, тек суықтың дәрежесі әртүрлі. Себептері мыналар: аяқ-қолдың қозғалмау (аяқтың, табанның отырған, тұрған жағдайда астыда болуы); денеге шақ емес киім; аяқ киімнің, шұлықтың және басқа киімдердің тар болуынан денеге қан жүрмей қалуы.

Алдын алу үшін мыналарды істеу қажет:

а) Аяқты құрғақ ұстау, су өтпейтін аяқ киім, жүн шұлық қию. Жылы қалпын сақтау үшін аяқты қозғап отыру жөн.

б) Ыңғайы келген кезде, күніне тым болмаса бір рет, шұлық пен аяқ киімді таза және құрғақ киімдермен ауыстырып отыру дұрыс.

в) Егер аяқ ылғалданса оны тезірек кептіру керек. Оны қолмен ысқылауға болады. Аяққа арналған ұнтақты сеуіп құрғақ шұлық қию керек.

г) Егер ылғал аяқ киім мен шұлықты ауыстыру мүмкін болмаса қайта-қайта тізе бүгіп, саусақтарды қозғалтып отыру керек.

д) Ешқашан тар аяқ киімді кимеген жөн.

2.9.1.8. Тереңдеген үсікті емдеу:

а) Аяқтың үстін абайлау керек. Оны уқалауға және қысуға болмайды.

б) Аяқты кәдімгі ақ сабынмен абайлап жуып, кептіріп және сәл көтеріп, ауада ұстап тұру керек.

в) Емделушіні жылытуға болады, бірақ аяғы 20 С бөлме температурасынан аспауға тиіс;

г) Дәрігерлік көмектер көрсетілген соң маман дәрігердің емделуінен өтуі керек. Қажет жағдайда емделушіні орнынан ауыстыруға болады, бірақ зақымдалған аяғын басуға рұқсат етілмейді.

2.9.1.10. СУҒА БАТЫРЫЛҒАН ТАБАН

Былай зақымдану да шор табанның түрі сияқты аяқты ұзақ уақыт су ішінде болуы салдарынан туады, тек үсіп не домбығуға әлі жете қоймаған. Мұндай зақымдану шор табанның пайда болуымен бірдейлікті себепті (суға малынған дене мүшесінің температурасының төмендеуі) оның ем-домы мен тазартуы да соған ұқсас болады.

2.9.1.11. СУҒА ТОЛЫҚ БАТУ

Қата бастаған суға аз уақыт батудың өзі немесе жұқа киінген адамға құрғақ қатты суықтың әсері бүкіл денені мұздатып, оның көпшілік ішкі температурасын да төмендетеді.

Төменде көрсетілген дәрігерлік алғашқы көмек дер кезінде және толық болуы керек, сонан кейін зақымданушы тез жеткізіліп, дәрігерлік қараудан өтуі қажет. Міндетті шарттар:

а) Адамның үстіндегі су киімді шешіп алып, оған мүмкіндігінше құрғақ киім кигізу керек немесе ұйықтайтын қапқа жатқызады. Зардап шеккеннің денесін екінші адамның денесімен жылыту оның температурасының қалыпқа келуінің ең тиімді жолы;

б) Егер зардап шегушінің демі шықпаса немесе үзік, бірқалыпты дем алмаса, дереу ауызбен аузына үрлеп қолдан дем алғызу қажет;

в) Есінен танбаған адамға жылы сұйықтық ішкізеді, бірақ оны есінен танып жатқан адамға ішкізуге болмайды, шашалып қалуы мүмкін;

г) Адамды тек жатқан қалпында ғана көтеріп жеткізеді, өз аяғымен жүргенде ауырлық түсіп, қан айналысына ауырлық туғызады;

д) Зақымданушыны кідіртпей дәрігерге жеткізу қажет.

2.9.2. ЕСІНЕН ТАҢУ

Мұндай күйге адам қан айналысы көлемінің азаюынан ұшырайды. Оның себебі ауыр жарақаттанудан, қанның көп кетуінен, ауырғандықтан, әсерленудің бұзылуынан немесе дененің қатты суыққа ұшырауынан болады, өйткені саусақ, бармақтарға дейін жетіп айналып тұратын қан жүрісі осы жағдайлардың салдарынан азаяды. Қалыпты температурада естен тану тез жүреді және т е р е ң і р е к ө р ш и д і .

Естен танудың белгілеріне қорқу, тершеңдік, өңнің бозаруы, тез-тез соққан әлсіз қан тамыры, теріні суық дымқылдың жабуы, мәнсіз, бозарған көз жанары, қарашықтың үлкейіп, шөліркей беру жатады.

Қазіргі медицинаның көмегі зор, ондай көмек көрсетілмеген жағдайда зардап шегушінің хал-жағдайы төмендеп есінен тануға дейін барады, тіпті өлімге ұ ш ы р а у ы д а м ү м к і н .

Естен тануда көрсетілетін дәрігерлік алғашқы көмектер:

а) Адамды мүмкіндігінше ыңғайлы қылып, ұзынынан жатқызыңыз;

б) Егер басы жарақаттанбаған болса, дем алуына қиындық келмесе немесе басқадай қолайсыздық келтірмесе, аяғын 20-25 см көтеріп қойыңыз;

в) Дұрыстап жатқызу, жақсылап орау, таңғыш дөңгелекті дәл қою арқылы ауырған жердің әсерін азайту;

г) Адамды өз қолайымен жатқызып, оны құсатындай жағдайға душар қ ы л м а ң ы з ;

д) Адамды жылы көрпемен, ұйықтайтын қаппен жауып, жылыту;

е) Адамды мезгілінде және толық дәрігерлік көмекпен қамтамасыз ету.

2.9.3. КҮННІҢ КҮЙДІРУІ

Қату температурасынан төмен температура кезінде де күннің күйдіруіне ұшырау мүмкін. Шағылысқан күн сәулесі ерін айналасы, мұрын, т.б. сезімтал мүшелерді күйгізеді. Күн сәулесінің күйгізу әсері таза ауа мен биік жерде азаяды.

Сақтану шаралары мыналардан тұрады:

а) Күннен сақтау кремін үнемі өзімен бірге алып жүру, беттің күн сәулесі тіке түсетін жерлеріне жағып қою;

б) Ауа-райының жұмсақ күндері мойын мен құлақты шарф орау арқылы с а қ т а у ;

в) Қырыну үшін арналған күші жоғары алкоголдік қоспа қосылған лосьондар мен сабындарды пайдалануға болмайды;

г) Күлдіреу пайда болғанда тездетіп дәрігерлік көмек бөлімшесіне апару

керек. Күлдіреген жер, әсіресе ерін, инфекцияның жұғуына себептер болады.

2.9.4. КӨЗДІҢ ҚАРЫҒУЫ

Қарығу - көздің күйі. Қарығу қарда шағылған ашық күн сәулесінен болады. Әсіресе қар жаңадан жауғанда және күн сәулесі аздап ылғал не тұманмен көлеңкеленген кезде қарығады.

Қарығу ұқыпсыздықтан не күннен сақталатын УФ көзілдірігін кимегендіктен болатын жағдай. Көзілдірікті көз ауырғаннан кейін кию кеш болуы да мүмкін, себебі көздің ауыруы, көздің қатты күйінен болады.

Күй белгілері: көздің, көздің айналасының шаншып ауыруы, көз қарашығының үлкеюі. Қосымша белгілері: көздің жасаурауы және қызаруы, көздің әсерінен бастың ауыруы, жарық әсер еткенде аурудың күшейте түсуі.

Алғашқы дәрігерлік көмек мыналардан тұрады:

а) Көзді таңып қою (көзді қозғағандағы ауырғанын қойғызады).

б) Көзге дымқыл шүберек басу.

в) Демалу.

г) Көпшілік жағдайларда уақыт өткен сайын қарығу басылады. Егер күн сәулесі әсер етпей қайта жарақаттанбаса, көз тамшысын пайдаланғаннан кейін бірнеше күннен соң жазыла бастайды.

2.9.5. ІШТІҢ ЖҮРМЕУІ

Суық күндері дәретке отырудың қолайсыздығынан іш жүрмей қалады. Іштің жүрмеуі тамақты ішудегі өзгерістен және сұйықты қажетті мөлшерде қабылдамаудан да болады.

Дұрыс тамақтанып, табиғи қажетіне қарай суық ішіп отыру, уақытында дәретке барып отыру іштің қатуынан сақтандырады.

Егер іштің қатуы қайталана берсе медицина қызметкерлерімен ақылдасу жөн.

2.9.6. ИІС ТИЮ

Иіс тигізетін газ СО-ның төменгі концентрациясынан өзі өте қауіпті, өлімге душар етуі мүмкін, өйткені оның иісі жоқ. Иіс тию плита, от, бензинмен жанатын қыздырғыштар және іштен жану двигательдерді пайдаланған барлық жабық жерде ылғи да қауіпті болып табылады.

СО-дан уланудан сақтану үшін адам отыратын не жұмыс істейтін жерді ұдайы таза ауамен желдетіп отыру керек.

Улану белгілері білінбейді. Бірақ та аз уланғанның өзінде мыналарды байқауға болады:

а) Бас ауыруы, бас айналу, есінеу, әлсіздік, жүрек айну, терінің қызаруы, құлақтың шулауы.

б) Біраздан кейін жүрек соғуы жиілейді.

в) Иіс тию алдын ала білінбейді, сондықтан адам тізесі бүгіліп қалғанша

қ ы з д ы р у к е р е к .

б) Жәндіктерді жоятын ұнтақтарды пайдалану керек. Киімді киердің алдында міндетті түрде жуған жөн.

2.9.9. Сақтық шаралары

Резеңке бұрау аяқ-қолдың ашық және жабық сынықтары не қанды басқаша тоқтатуға болмайтындай жағдайда қолданылады.

Бұрау ретінде мықты жалпақ материалдан белбеуді пайдалану керек. Сым, жіп, ширатылған жіп не басқа жіңішке материалдарды пайдалануға болмайды.

Аяқ қолдың жараланған жерінің үстінен айналдырып жартылай түйін жасап, түйінге қысқа таяқты қойып түйінді толығымен тартып, байлау, таяқты қан тоқтағанша бұрап, бекітіп қою. Жарақаттанған адамның маңдайына түсті қарындашпен, күйемен және т.б. "ҚТ" (ТК) деп және уақытын жазып қою керек. Бұрауды орап тастауға болмайды.

Егер дәрігер кешіксе 20-30 минуттан кейін (2 сағаттан аспауы керек) бұрауды аздап босату керек. Егер қан тоқтаса бұрауды босатқан қалпында қалдырып, қан ақса қайта тарта салатындай етіп қою керек.

Жарақаттанған адамды ауруханаға апарылғанға дейін бұрауды ұдайы бақылып отыру керек.

2.10. ЖАЙ ТҮСУДЕН САҚТАНУ

Жай түсу - өте қауіпті және бүлдіретін табиғат опаты. Ол адамдарды күйдіреді, жарақаттандырады және өлтіреді, құралдарды істен шығарады, тоғайды және басқа жерлерде өрт болуы мүмкін. Найзағай ең жоғарғы нүктені не биік нәрселерді бүлдіреді, өйткені ол-өте аз уақытта жер мен бұлттың арасында болатын құбылыс.

Жай кез келген жерде соғады, сондықтан найзағай ойнай бастағанда мынадай сақтану шараларын қолдану керек:

а) Барлық қопару жұмыстарын тоқтатып, жарылғыштардан аулақ кету, алып келе жатқан жарылғыштарды жерге қойып, кем дегенде 30 м жерге аулақ кету. Найзағай тоқтағаннан кейін тағы 30 минут тосу керек. Скважиналарды қопарғыш дәрілермен жабдықтауға, қопарғыштардың, қопаруға дайындалған скважиналардың қасында найзағай біткенше отыруға болмайды.

б) Жазатын сейсмографтық құралдардың барлық сымдарын ағыту. Барлық кабельдердің және жазатын сейсмографтардың қоршау сымдардың шетіне тиіп тұрмағанын бақылау керек.

в) Екіжақты көшпелі радио пайдаланылса, хабар беруді тоқтатып, антеннаны суыру керек не жерге тигізбей төмен қаратып қою керек.

г) Тез тұтанғыш және тез жарылғыш материалдарға жақындамау керек.

д) Барлық металл құрал-саймандарға, түсірілетін және тимейтін болат құрамаларға, трубаларға және темір біліктерге айқындамаған дұрыс.

е) Күшті тоқ желісінен, кабельдерден алыс тұру керек. Металл өткізгіштердің бойымен найзағай тоғы алыс жерге жетеді.

ж) Жерлестірілген машинадағы операцияны тоқтатып, одан алыс кету керек.

з) Резина дөңгелегі бар көліктерде болған жөн, көлік ашық ойпаң жерге қойылуы керек, ағаштың астына қоюға болмайды.

и) Жерлестірілмеген металл құрамаларына жайтартқыш пайдаланылады. Жарылғыштар сақталатын металл жәшіктер сыммен не жерге қағылған темір білікпен жерлестірілуі керек.

2.11. ПРОТИВОГАЗДАР

Бригада мүшелері, қажет болған жағдайда, противогаздарды дұрыс пайдалана білуі керек.

Противогаздардың істелетін жұмыстың ерекшелігіне байланысты әртүрлі қосымшалары болуы керек. Бір ғана элементті противогаздар мына шарттар орындалғанда пайдаланылады:

2.11.1. Бет әлпеттің мүсіні бойынша сызылған маска бетті тығыз және ыңғайлы жабуы керек.

2.11.2. Бетке арналған масканың әртүрлі размерлерге келетіндігі тексерілген болуы керек.

2.11.3. Көруді жақсарту үшін сүзгіштері (фильтры) мен патрондары ортаға орналастырылмауы керек.

2.11.4. Маска төрт жерден тиянақталып, бетке сай болуы керек.

2.11.5. Дем алған кездегі әлсіздікті азайту үшін клапондар жүйесі болуы керек.

2.11.6. Тазалап, дезинфекциялау үшін тез бөлшектенуі керек.

Органикалық буланудан (бензин, бояу, т.б.) сақтану үшін пайдаланылатын противогаздардың ресми мақұлданған екі элементті патроны болуы керек. Екі элементті противогаздарда да алдыңғы бір элементті противогаздарға қойылған шарттар орындалуы керек.

III. ТАСУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

3.1. Су бетімен тасымалдау. Қайықтан қайыққа ауысу

3.1.1. Ауысып мінудің түрін таңдау жүйеленген жұмыс жоспарының бір бөлігі ретінде қаралуға тиісті. Үлкен кемелер бір-біріне жақындасқанда, қызметкерлерге, көршілес кеме мен корабльдің белгілі бір арашығын басқышпен өтуге тура келетіндігі есте болуы керек. Теңізде ауысу, көбіне, қосалқы және сүңгуір қайықтар арқылы жүзеге асады. Мұндай ауысуларда көрші үлкен кемелерден гөрі шағындау жұмысшы кемесін "Борт сыртындағы адам" ("Человек за бортом") пайдаланған қолайлы.

Температураға және ауа-райына қарай бір кемеден екінші кемеге ауысатын адам өзіне сәйкес келетін арнайы құтқарғыш құралдармен жабдықталғаны жөн,

қажет болса, сүңгитін костюм киюі керек.

Бір кемеден екінші кемеге ауысқанда барлық қауіпсіздікті сақтау үшін мына шарттарды білуі қажет:

3.1.1.1. Екі кемеден де ауысып міну болардың алдындағы қандай кедергілер болса да жою керек.

3.1.1.2. Екі кемеден де керек емес заттардың жолдан алынғандығына көз жеткізу керек.

3.1.1.3. Кеменің беті тайғанақ еместігін тексеру керек.

3.1.1.4. Ауысып мінуді күндіз және жақсы көрінетін мезгілде жүргізу керек.

3.1.1.5. Кеменің қайықпен түйісер тұсындағы бөгет жасар заттардың барлығын алып тастау керек.

3.1.1.6. Жүк жеке апарылуы керек. Ешкім де жүкті өзімен бірге алуға болмайды.

3.1.1.7. Ауысу кезінде арнайы батпайтын құралдар, сәйкес аяқ киім және киім кию керек.

3.1.1.8. Ауыстыру кезінде белгілі бір белгіленген тәртіпті сақтау жөн, адамдарды бір-бірден тасымалдау керек.

3.1.1.9. Ауысып міну аяқталғаннан кейін кеме қызметкерлері бір борттан екінші бортқа ауыстыратын орыннан тез кетулері керек.

3.1.1.10. Капитан қауіпті деп санаған жағдайда, қандай да бір затты көшіруге рұқсат етілмейді.

3.1.2. Қызметкерлерді тасымалдау үшін қажетті көтерме.

Қызметкерлерді қажет болғанда тасымалдау кемесінен бұрғылау қондырғысына не платформаға платформадағы көтергіш кранға бекітілген көтерме арқылы ауыстыру үшін мынадай талаптарды орындау керек:

3.1.2.1. Қорғағыш су костюмін кию керек.

3.1.2.2. Өзінің жеке жүзетін құрамын кию.

3.1.2.3. Кемеден ауысу үшін корабль командасы қажетті көмекті жасау керек.

3.1.2.4. Ешқандай затты ұстамай қолдың бос болғаны жөн. Жүк кәрзеңкенің ішіне салынған болу керек.

3.1.2.5. Қызметкерлер кәрзеңке бортына тепе-тең болу үшін біркелкі орналасқаны жөн.

3.1.2.6. Адамдар аяқтарын ашып және жіп ілгектерден ұстап, нық тұрулары керек.

3.1.2.7. Платформа көтергіш кранындағы ауыстыруға жауапты адамның ауыстыруға барлығы дайын болғандығына көзі жеткенде, тор судан теңізге қарай кемеден жоғары көтерілуі керек. Көтеру мүмкіндігінше тез, байқап, тербеліссіз орындалуға тиіс.

3.1.2.8. Операция кезінде құтқарғыш дөңгелектер, қайықтың ілмектері,

жіптер, авария болған жағдайда пайдалану үшін, алуға ыңғайлы орында
б о л ғ а н д а р ы ж ө н .

3.1.3. Ш А Ғ Ы Н Қ А Й Ы Қ Т А Р

3.1.3.1. Шағын қайықтар тек капитанның рұқсатымен ғана пайдаланылуы керек. Шағын қайықтарда жұмысқа кемі екі адам тартылуы керек.

3.1.3.2. Бұл міндетті қайықтан басқа қосымша резервте тағы кеме болуы керек. Бұл жоғары жылдамдықты катер, сенімді сүйеніші бар қайық, күзет қайығы не басқа лайықты кеме болуы мүмкін.

Қайық суда әлі пайдаланылмаған болса, онда команда тез арада суға түсіруге әзірлеуі керек. Авария болған жағдайда жоғары жылдамдықты құтқарған катер суға түсіріліп және 2 минут аралығында кемеден жүзіп шығуы керек.

3.1.3.3. Құтқарған қайық не "Борт сыртындағы адам" ("Человек за бортом") қайығы болып, кезекші не жұмыс қайығы ретінде пайдалануға болмайды.

3.1.3.4. Негізгі құрамға (состав) капитанның рұқсатынсыз кемеңі тастап
к е т у г е б о л м а й д ы .

3.1.3.5. Қорғауыш кеудешені қайыққа отырмастан бұрын киіп және жағаға қайтып келгенге дейін шешпеуі керек. Тағы басқа қорғайтын киімдерді киген
ж ө н .

3.1.3.6. Двигательдермен жабдықталған шағын қайықтарда (катерлер) қосымша двигательдер, бұранда және трансмиссиялық білік болуы керек.

3.1.3.7. Бензинді двигательдерге қарағанда дизельді двигательдер тиімдірек
б о л а д ы .

3.1.3.8. Қайыққа қажетті сыйымдылықтан артық асыруға болмайды. Әр уақытта теңіз жағдайы және ауа райын есепке алып отыру керек.

3.1.3.9. Қайықты пайдаланбас бұрын, кем дегенде мынадай құрал-жабдықтардың болуын тексеру керек:

а) Негізгі қайықпен байланыс жасау үшін су өткізбейтін радиоқабылдағыш.
б) Е с к е к .

в) Алғашқы дәрігерлік көмек беретін аптечка.

г) Толы және бүтін жанармай құйылған бак.

д) Құтқарғыш арқан және дөңгелек.

е) Двигательді жөндейтін құрал-саймандардың жиынтығы, жабдықтар және қосымша от алдырғыш свеча.

ж) Я к о р л ы қ ш ы н ж ы р .

з) Ө р т с ө н д і р г і ш .

и) Қалта фонары (жарықты жыпылықтататын); пышақ; белгі беретін шырақ.

к) І ш е т і н с у .

л) Т е ң і з я к о р ы .

Команда двигатель, радиоқабылдағыш, құрал-саймандар және жабдықтарды

жауапты адам тексергенге дейін, бортқа жіберілмейді. Тексерілгеннен кейін кемеге тиеуге және жүзіп кетуіне рұқсат беріледі.

3.1.4. АУА ДВИГАТЕЛІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚАЙЫҚТАР

3.1.4.1. Кеме жүрген барлық уақытта да құтқарғыш кеудеше киіп отыру керек

3.1.4.2. Двигательдері істеп тұрған мұндай қайықтармен жүрген кезде көз бен құлақты қорғайтын құралдарды кию керек.

3.1.4.3. Барлық заттарды тор не брезентпен сенімді етіп жауып қойып, пропеллерден алысырақ қою керек. Барлық пропеллердің қорғағыш қаптары б о л ғ а н ы ж ө н .

3.1.4.4. Ауа двигательді қайықты, басқалар сияқты, артық жүкпен ауырлатпау керек. Қайықта жүк және жолаушы үшін белгілі бір шек қойылғаны жөн.

3.1.4.5. Тиелген жүк қайықтың бетіне тең бөліну керек.

3.1.4.6. Қайық қозғалып келе жатқанда жүруге не түрегеліп тұруға болмайды.

3.1.4.7. Еш уақытта қол мен аяқты қайық бортынан шығаруға болмайды.

3.1.4.8. Ауа двигательді қайық белгілі бір жылдамдықпен (40 км-сағ аспауы) ж ү р у і к е р е к .

3.1.4.9. Мұндай көпшілік қайықтардың газ шығатын қақпақшалары ашық болады. Сондықтан қайықта өрт болудан сақтану керек.

(Құжаттың 3.1.4.10. тармақшасының болмағандығынан, орысша мәтінді ұсынамыз)

3.1.4.10. Управляющий лодкой несет ответственность за безопасность на е г о л о д к е .

3.1.4.11. Тез от алатын материалдарды тасыған кезде темекі шегуге болмайды , сондықтан темекі тартуға болмайтындығын білдіретін жазу (таңба) болуы керек

3.1.4.12. Қайықтың арт жағынан жақындауға болмайды. Кеменің арт жағы қайықты жүргізушіге көрінбейді. Өзіңнің қайықта отырғандығын жүргізушіге ұ д а й ы х а б а р л а п о т ы р у к е р е к .

3.1.4.13. Қайық жүргенде барлығы белдікті асынып отыру керек.

3.2. ТІКҰШАҚТАҒЫ ЖҰМЫСТАР

Барлық жолаушылар тікұшақпен жүк тасу қауіпсіздігі және авариялық ситуация кезінде қалай тірі қалу туралы курстан өтуі керек.

3.2.1. ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

3.2.1.1. Кемедегі тікұшақ айналасындағы қоршап тұрған жіп тор кез келген уақытта пайдалануға жететін ыңғайлы жерде тұруы керек. Жұмыс кезінде ол әрбір 1,5 метрден кейін бекітілген және қатты тартылған болуы керек. Торды әр пайдаланғаннан кейін инспектор (тексеруші) тексеріп отырады. Барлығы тікұшаққа отырғанда және түскенде сақтану шараларын ұмытпауы керек.

3.2.1.2. Қону шырағы және прожекторды тік ұшақ алаңына жауапты диспетчер тексереді.

3.2.1.3. Диспетчер сонымен қатар, әрбір қону алдында, өрт сөндіруші құралдардың жай-жапсарын да тексереді.

3.2.1.4. Радиобайланыс жүйесінің күйін және бағытталмаған маякты бақылайды.

3.2.1.5. Тікұшақ ұшар алдында алаң қажет емес заттардан тазартылуы керек.

3.2.1.6. Тік ұшақты қабылдауға дайын емес тікұшақ алаң халықаралық "Жоқ" ("NO") белгісімен белгіленуі керек.

3.2.2. ҰШУ АЛДЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ

3.2.2.1. Тік ұшақ компаниясынан мыналарды сұрау керек:

а) Ауа кемесінің түрі, салмағы, ротор қалақтарының ұзындығы.

б) Ауа кемесінде әсер ететін радиожиілігі.

в) Ауа кемесіндегі шартты белгі.

г) Ұшу және қайтып келу уақыты.

д) Тікқұшақ алаңына қажет шарттар (жіп тордың болуы, мөлшері және т.б.).

3.2.2.2. Тікұшақ компаниясына мыналарды хабарлау қажет:

а) Тікұшақ ауласының жайы, мөлшері, үйлер, кедергілер (крандар, антенналар және т.б.).

б) Берілген ауданда сол уақыттағы ауа райы туралы мәлімет.

в) Кеменің жұмыс радиожиілігі (ары және бері).

г) Тұрған орны туралы хабар.

д) Байланыс маягының бағыттарын нақтылап хабарлау, коды және жиілігі.

е) Сол аудандағы жиілігі және коды жоғары қондырғыларды нақтылап хабарлау.

ж) Теңіз байланысы туралы басқа да кез келген нақты хабарлар: диапазон және азимут (пеленг), байланыс маягы не жоғары жиілікті барлық бағыттағы маяк (дальномер (аралықты) қондырғыларының станциясы).

з) Кемеге кедергісіз қонатын тікұшақ орны.

е) Тікұшақ зерттеуінің маршруты бойынша құс ұяларының және тюлень шығып жататын жатақтың болуы.

к) жанар май құйып беретін қондырғы, апат болған жағдайда белгілі бір уақытта ғана жұмыс істейтін қону алаңы (бұрғылау мұнарасы, платформалар, аралдар және т.б.).

л) Жолаушылар саны, қол жүгінің салмағы және жүк. Жүк кеме бортында өлшенуі қажет.

м) Авария кезіндегі эвакуацияда зардап шеккендердің саны, жарақаттану не

ауру дәрежесі және зембілдердің (носилка) саны.

Тікұшақ жақындағанда және одан кеткенде ұзын заттарды көлденең ұстау керек.

3.2.3. ТІКҰШАҚ БАЗАДАН АТТАНАР АЛДЫНДА

3.2.3.1. Ауа кемесінің түрі анықталғаннан кейін жолаушылармен қауіпсіздік техникасы туралы мына нұсқауларды таныстыру керек:

а) Тікұшақпен ұшатындардың барлығы тікұшақ экипажының командирінің бұйрығына тікелей бағынуы керек. Тікұшақ қонғаннан кейін кемедегілердің барлығы әдейі сайланған адамның бақылауында болады.

б) Шамның қызыл белгісі жанғанға дейін, жауапты адамның жол бастауынсыз тікұшаққа жақындауға болмайды.

в) Тікұшақтың моторын қосқан кезде ұшып кететін киімдерді: қалпақ, мойын орағышты киюге болмайды.

г) Тікұшаққа отыратындар экипаж оларды көретін болып отыруы керек. Алдыңғы ұстап (несущие) тұрған бұранда ауа кемесінің алдындағы жағында төмен орналасқан, сондықтан экипаж түзу жүруіне болмайды. Сақ болыңыздар! Күшті жел қалақтардың бағытына әсер етуі мүмкін.

д) Тікұшақта отырғандардың барлығы сақтану белдігін тартулары, құлақты қорғайтын аспапты және жеке жүзетін құралды - ол қорғағыш костюм болуы не үрленбейтін қорғағыш кеудеше (А түрі, болуы да мүмкін) кию.

е) Тікұшақтағы барлық жолаушылар апат кезінде қосымша шығатын жермен және апат кезіндегі қажетті құрал-жабдықтардың орнымен танысулары керек.

Бұл хабарды тікұшақ ішіндегі барлық жолаушыларға жеткізу қажет (көбіне тік ұшақ қабырғасына ілінген кесте түрінде).

ж) Тікұшақ қонуға төмендеген кезде барлық жолаушылар белдіктері тартылған қалпында орындарында отырулары қажет. Ауа кемесінен шығу қауіпті болмаған кезде, оларға шығуға хабар беріледі. Қауіпсіздік техникасының барлық құрал-жабдықтары келешекте тікұшақта басқа жолаушылар пайдалану үшін қайтарылды.

3.2.3.2. Жүкті тасу үшін алда тосып отырған ауа кемесінің түрі туралы экспедиторлармен қысқаша нұсқау жүргізу. Біреуі есікті бақылап отыруы керек (оларды дұрыс ашып жабу). Экспедиторлар жүк таситын тікұшағының ішінде тартулы белбеумен отырғанда жұмысты қалай істеуді меңгерулері керек.

3.2.3.3. Тікұшақ салонында қажет емес заттардың болмауын тексеру керек.

3.2.3.4. Тікұшақтың көтергіш краны төменгі позицияға орналастырылғанын және бекітілгендігін тексеру керек.

3.2.3.5. Жұмыс қайығының сенімді бекітілгендігін тексеру керек.

3.2.3.6. Өртке қарсы құралдары және өрт сөндірушілердің қорғаушы киімдерін дайындау қажет.

3.2.3.7. Апат жағдайындағы түнгі жұмыста қондыратын шамдар мен прожекторларды тексеру керек.

3.2.3.8. Байланыс торабының (радиобайланыс, төменгі жиілікті станция, бағытталмаған маяк) жұмысын тексеру керек.

3.2.3.9. Ауа транспорттық инспекциясын кезекті ауада ұшу аймағындағы жақын тұратын қондырғылар мен мұнаралар туралы хабардар ету қажет.

3.2.4. КЕМЕГЕ БАРАТЫН ЖОЛДА

3.2.4.1. Жолдағы ауа кемесімен байланыс жасап тұру қажет.

3.2.4.2. Ауа кемесі ұшып кеткеннен кейін онымен тез арада байланыс жасау керек.

Кемеге өзін танытатын шартты белгіні толық пайдалану қажет.

Егер бір байланыс жасалған болса шартты белгі алғашқы не ақырғы екі әріпке дейін қысқартылуы мүмкін. Тек осы аймақта жұмыс істейтін, осы әріптері қысқартылған басқа ауа кемесі болмауы керек.

3.2.4.3. Тікұшаққа бағытталмаған маяқтың жиілігін, шартты белгі және оның әсер ету уақытын хабарлау керек.

3.2.4.4. Тікұшаққа кемеңіздің тұрған орнын, жылдамдығын және қозғалу бағытын хабарлау керек.

3.2.4.5. Кеме тікұшақты және тікұшақтағы ұшқыш кемеңізді көргенде ұшқыштан қону операциясын орындау үшін, радиожииілікті кемеңіздің жиілігіне өзгертуді сұрау керек. Ұшқыш жиілікті өзгертер алдында оған кемеңіздің жиілігі хабарланады. Осы жоғарыда айтылған жұмыстарды орындау тәртібі кемеге 3,5 км қалғанда орындалады.

3.2.5. КЕМЕГЕ ҚОНУ

Тікұшақты және оның бортындағы құрал-жабдықтарды қабылдау үшін, ұшып-қону алаңының дайын болуына қондыру диспетчері жауапты болады.

Диспетчер алдын ала ұшқыштың қонатындығы туралы хабардар болуы керек. Егер ұшқыш тікұшақтың роторын тоқтатқысы келсе, онда диспетчер ротор айналып тұрған кезде ауа кемесіне ешкімнің жақындамауын қадағалау керек.

3.2.5.1. Тікұшақ төмендердің алдында, қону алаңын әзірлеу үшін, диспетчер мына жағдайларды тексеруі керек:

а) Ұшып-қону алаңы нәрселер мен адамдардан бос болуы керек.

б) Қондыру шамдары, жанып тұрулары керек.

в) Өрт сөндіргіш қорғағыш киімдерін киюі керек; Өртке қарсы құрал-жабдықтар дайын болуы керек.

г) Жолаушылар дайын болып және нұсқаумен танысқан болулары керек.

д) Жүкшілер дайын және нұсқау алған болулары керек. Олардың біреуі есіктің сенімді болуын бақылап тұру үшін тағайындалған болуы керек.

е) Кемеңіздің тұтқалары кемеңіздің арт жағының қоршауы төмен түсірілу керек.

"Борт сыртындағы адам" ("Человек за бортом") қайығы тікұшақ операциясы кезінде ұдайы дайын тұруы керек.

3.2.5.2. Кемеге 2 км жақындап қалғанда тікұшақ ұшқышы кеменің жұмыс жиілігіне ауысып, кеменің атын, шартты белгілерін атап және қонатын алаңды босатуын сұрау керек.

3.2.5.3. Ұшқыш белгі бергенге дейін, ешкім тікұшаққа жақындауға болмайды. Бұл белгі жыпылықтаған габарит отты өшіру арқылы орындалады.

3.2.6. ЖАНАР МАЙ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

3.2.6.1. Отын насостары, моторлар және отын насосының сүзгілері отын операциясына арнайы арналып жасалған болуы керек.

3.2.6.2. Электр тізбектері жерлестірілген болулары керек.

3.2.6.3. Жанар май шлангілері (сүзгілері) және ұштықтар (наконечники) техникалық шартты қанағаттандыруы керек. Шланг тесілген жағдайда, оны арнайы жөндеуге арналған материалды пайдаланып жөндеуге болады.

3.2.6.4. Ұштықтар және арматура от алмайтын заттан жасалған болуы керек.

3.2.6.5. Жанар май қоймасы кез келген энергия көзінен: электрмен қоректену, ауыстырып қосу қорабы және трансформаторлардан ара қашықтығы 15 метрден кем болмауы керек.

3.2.6.6. Жанар май қоймасынан және жанар маймен жабдықтар алдында 15 метр аралықта темекі шегуге болмайды.

3.2.6.7. Контейнерлер жанар майдың белгілі бір түріне арнайы бекітілген болуы тиіс және тығыз жабылған қалпақтары не қақпақтары болулары керек.

3.2.7. ТІКҰШАҚТЫҢ КЕМЕДЕН КЕТУ ҚАРСАҢЫ

3.2.7.1. Диспетчер ауа кемесінің есіктерінің дұрыс жабылғандарын тексеруі керек.

3.2.7.2. Диспетчер тікұшақ алаңының құрал-жабдықтардан, керек емес заттардан тазаланғандығын және адамдардан босатылғандығын тексеруі керек.

3.2.8. КЕМЕ ЭКИПАЖЫ

3.2.8.1. Палуба командасы ең кем дегенде мына адамдардан тұруы керек:

а) Бір диспетчер.

б) Қорғағыш костюм және противогаз киген бір өрт сөндіргіш.

в) Жүкші не жүкшілерден (жүктің мөлшеріне қарай).

г) Өрт ысырылмасына байланысты бір оператордан.

3.2.8.2. Палуба экипажы тікұшақ төмендегенге дейін мынадай жұмыстарды орындауы керек:

а) Диспетчер және өрт сөндірушілер ұшу алаңын карап шығады.

б) Диспетчер жүк тиеушілерді қарайды.

в) Жұмыскерлердің ешқайсысы алаңда болмауы керек.

г) Көрушілер тек палуба көпірінде тұрулары керек.

3.2.9. ПАЛУБА ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫ

Тікұшақтың барлық маршруты өткен кезде мынадай құрал-жабдықтары болулары керек:

3.2.9.1. Өрт сөндіргіш.

Тікұшақ алаңында бір не одан да көп өрт сөндіргіштер болады. Ол жалпы салмағы 45 килограмм құрғақ ұнтақ тәріздес компоненттерден тұрады. Бір және одан да көп газ өрт сөндіргіштер (СО₂ (көмірқышқылды) не Хелон 1211), жалпы салмағы 18 килограмм болатын. Бұлар тікұшақ қонатын аймақтың қасында болуы керек.

Тікұшақ қонатын аймақтың артқы бөлігін жабатын көбік бір-біріне байланыссыз екі сызық бойымен әсер ететін екі шлангыдан шығады.

3.2.9.2. Өрттен қорғанатын костюмнің жалпы түрі.

Өрттен қорғанатын костюмнің жалпы түрі арнайы материалдан жасалады. Ол адамның бүкіл денесін жауып тұрады және жеке дем алатын аппаратты алып жүруге мүмкіндік жасайды.

Костюм жиынына (комплект) мыналар кіреді:

а) Байлайтын жіптері бар күләпара (капишон).

б) Жылу өткізбейтін шлем.

в) Кеудеше мен шалбар жеке-жеке не комбинезон түрінде болуы керек.

г) Биялай кеудешенің жеңінде сұғынып тұратындай болғаны жөн.

д) Бәтеңке.

Кәдімгі өрт комбинезоны өрт сөндірушінің арнайы шкафында сақталып, кез келген уақытта ала салуға дайын тұруы қажет.

3.2.9.3. Басқалар: балталар, болткескіштер, қайшылар, қол аралар, байланған белбеулерге арналған пышақтар және т.б. Олар аварияға арналған құрал-сайман салатын жәшікте сақталады. Жәшік жабық болмай, тек қақпақпен жабылып, тексеріліп отыруы керек.

Бұдан басқа өрт сөндіргіштің арнайы шкафында екі жиынтықтан мынадай құрал-жабдықтар дайын болуы керек:

а) Әр адамға жеке дем алу аппараты.

б) Өрт сөндіргіштің балтасы.

в) Портупея (Қару салынатын ілмегі бар былғары белбеу, иыққа асылады).

г) отқа төзімді құтқару арқаны.

д) Батареямен істейтін қол фонары.

е) Жел конусы (шошақ) және басқа желмен жұмыс істейтін көрсеткіштер.

3.2.10. АПАТ ЖАҒДАЙЫНДА ҚОНУ

Апат жағдайында қонғанда әркім тартпа белдікті асынған қалыптарында өз орындарында отырулары керек. Егер тартпа белдіктері байланбаған болса, барлық жолаушылар, қону кезінде салонның бір жағына қарай жапырыла құлап

кетулері мүмкін, ондайда ұшқыш дұрыс басқара алмай қалады. Одан басқа:

а) Қорғағыш костюм толығымен түймеленгендігіне көз жеткізіңіз.

б) Құлаққа арналған қорғағыш аппаратты алып тастаңыз.

в) Қонар алдында орныңызға ыңғайлы, тиянақты отырып алыңыз.

г) Тік ұшақ суға соғылғаннан кейін бір қолыңызды байланған белдік бекітілген жерге түсіріп, екінші қолыңызбен ауа кемесі екпінмен лақтырып тастаған жағдайда бағдардан шатасып қалмау үшін өзіңізге шығатын есікті көрсетіңіз.

д) Есікті оған ең жақын отырған адам бірінші болып ашады.

е) Тік ұшақ лақтырған кезде байланған белбеуді шешпес бұрын 10-ға дейін санаған жөн. Өйткені 10 секунд - суда тік ұшақтың қалақтары тоқтайтын ең аз уақыт.

ж) Тік ұшақтан секірмес бұрын құтқару кеудешесін үрлеп қоюға болмайды.

з) Егер тік ұшақ үрленген қайықтың жоғары тұсында тұрса, ондай үрленген қайықтың үстінде тұруға болмайды.

и) Егер тік ұшақ вертикаль (тік) жағдайда тұрса, онда ұшқыштың эвакуация туралы бұйрығын тосу керек. Тік ұшақ қалақтары айналып тұрғанда ғана тік қалпын сақтайды.

к) Тік ұшақ су бетінде қалқып тұрған кезде оның қасында болу керек.

л) Құтқарғыш салды, құтқарғыш шырақты және басқа қорғауға арналған құрал-жабдықтарды алып тастау керек.

3.3. АВТОКӨЛІКТЕРМЕН ТАСЫМАЛДАУ

3.3.1. ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

Топтардың бастықтары мен жетекшілері жаңадан келген жүргізушілерді көлікті жүргізуге жібермесе бұрын, ЖЖЕ (Жол жүру ережелері) талабына сәйкес келетіндіктері жөнінде тексерілгендігіне көздерін жеткізулері керек.

3.3.1.1. Мына ережелерді нақты орындау керек:

3.3.1.2. Жүргізушілердің өздері жұмыс істеп жүрген көлікті жүргізуге болатындығын көрсететін құжат қашанда жанында болуға және өздерімен бірге алып жүруге тиісті және тіркеу құжаттары мен рұқсаттары барлық ресми тексеріс кезінде жандарында екендігіне сенімді болуға тиісті. Жетекшілер қауіпті заттар тасушы барлық жүргізушілердің жергілікті жерге сәйкес келетін тиісті жүргізу құжаттары бар екендігіне міндетті түрде көздерін жеткізулері керек.

3.3.1.3. Тартпа белдіктерді пайдалану керек. Егер белдік орнатылған болса, онда автомобиль, автобус және ауыр жүк (мысалы, жүк автомобильдері, астаулар) таситын машиналардағы жолаушылар міндетті түрде белдік буынулары керек. (Жүк таситын машиналарға жолаушылар, нұсқау бойынша, отыратын орындардың санына сәйкес отырады).

3.3.1.4. Барлық жұмыскерлер көлік жүріп бара жатқанда дұрыс отырулары

к е р е к .

Көлік жүріп келе жатқанда, көлікте ұшып тұруға, не көлікке секіруге болмайды .

3.3.1.5. Жолаушыларды жүк таситын автомобильдердің үстіне ЖЖЕ-ге сәйкес келетін жабдықтармен жабдықталғанда ғана отырғызуға болады.

3.3.1.6. Жанармай құйғанда темекі шегуге болмайды. Әрбір жанармай құйылған құбырларға (цистерна) "ОТАЛҒЫШ" деп жазылып қойылуы керек. Жанар май құйып алатын жердің маңайына жанармай түрі жазылып қойылуы керек .

3.3.1.7. Жолға шықпас бұрын көліктің барлық түрлері ТӨПте (Тексеру өткізу пункті) техникалық байқаудан өтуі қажет. Көлік қозғалмастан бұрын, тежегіштері, жарықтандыру жүйесі және дөңгелектері дұрыс, жұмысқа жарамды күйде болуы керек, жарықтандыру шамдары, терезелері мен жарық шағылдырғыштары (рефлектор) таза болуы керек. Артты бақылап отыратын оң және сол жақтағы айналары жақсы күйде болуы қажет. Жүргізуші жүру алдында көліктің айналасын бақылап шығуы керек.

Механиктің тікелей нұсқауы болмаған жағдайда, кілт от алдыру құлпында тұрғанда, ешкімге машинада жұмыс істеуге не қозғала бастауға болмайды.

САҚТАНДЫРУ. Жүргізуші көлікті от алдырғанда, не жүргізер алдында көліктің алдында не астында құралдар, адамдар жоқ екендігін тексеріп алуы керек .

3.3.1.8. Жөндеу жұмысы жүргізілмеген жағдайда, ешкім еш уақытта көліктің астында дем алуға, ұйықтауға, жатуға не шынтақтап жатуға болмайды.

Токтауға қойылған транспорттарға құрал-саймандарды қалдыруға немесе сақтауға болмайды .

3.3.1.9. Алып жүретін қыздырғыштарды ешқандай транспортқа қолдануға болмайды .

3.3.1.10. Транспорттың барлық түрінде жылдамдықтың мөлшерін таңдау үшін жүргізушілік тәжірибе мен шеберлікті пайдалану абзал. Жол жүру ережесінде ерекше жағдайларда жылдамдықты арттыруға рұқсат етілгендігін жүргізушілердің пайдаланғандары дұрыс.

3.3.1.11. Пайдаланылатын әрбір жүру көлігі мыналармен қамтамасыз етілуі тиіс :

а) Өрт сөндіргіштер және өшіргіштердің (глушитель) ұшқындарын басатын аспап ;

б) Алғашқы көмектер көрсетуге арналған дәрі-дәрмек жабдықтары бар аптечка ;

в) Барлық жеңіл машиналардың барлық орындықтарында жолаушылардың бас-басына арналған тартпа белдіктері;

- г) Жұмысқа жарамды қалыптағы қосалқы дөңгелек;
- д) Домкрат пен дөңгелектің болттарын бұрауға арналған кілттерді қоса қамтитын жөндеу құралдары;
- е) Айлақ алаңқайларда жүретін транспорттарда артқы апат белгісін беру құралы;
- ж) Жағдай душар қылған уақытта өмірді сақтауға көмектесетін жабдықтар;
- з) Транспорттардың төбесінде алыс аудандарға немесе ауа райының қауіпті жерлеріне арналған көрсеткіш белгілер;
- и) Қауіптің хабарын жеткізетін құрал.

3.3.1.12. Жолдың жиектемесіне тоқтамаудың барлық мүмкіндігі қарастырылуы тиіс. Ал жол жиектемесіне немесе соған тақау жерде тоқтағанда машинаның алды қозғалыс өтіп жатқан жаққа қарап тұруы жөн. Транспорт көліктерін жолдың екі жақ шетінде бірдей бір-біріне тақау етіп қоюға еш уақытта болмайды.

3.3.1.13. Транспорт көліктерін қойып кетпес бұрын олардың қауіпсіз жерге орналасқандығына көз жеткізу қажет. Еңіс жазықтық жерлерге қойғанда жердің ыңғайын пайдалану дұрыс. Егер ондай ыңғайлы жер кездеспесе, еңіс тұстарға дөңгелектің астына тыянақ қойған дұрыс.

3.3.1.14. Жоғары гидравликалық қысымның әсерінде болғандықтан, тіркемелер мен тракторларға арнаулы жеке талаптар қойылады. Тіркемелер мен тракторлардың жүргізушілері мен бригада мүшелері олардың жүргізу ерекшелігімен таныс болулары дұрыс, өйткені мұндай транспорттың қозғалысы қауіпті селкілдеме соққылар тудырады.

3.3.1.15. Машинадан ұшып кету қаупі бар жолсыз жерлермен, дөңес дөңкілді жолдармен жүргенде барлық транспорт түрлерінде ұстап отыратын тұтқалар болуы керек.

3.3.1.16. Автокөліктердің өндіріс бағдарламасында көрсетілген жолдан басқа жерлермен жүруіне тыйым салынады.

3.3.2. ТРАНСПОРТТАРДАҒЫ ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІ ҚОРҒАУ

Сейсмикалық барлау жұмыстары жолаушыларды көп тасымалдаумен байланысты.

Транспортқа мінген жолаушылардың қауіпсіздіктері үшін мынадай сақтандыру жұмыстарын жүргізу дұрыс;

3.3.2.1. Барлық отырғыштар мықтап бекітілуі керек. Жүру кезінде жолаушылардың бәрі отырулары қажет.

3.3.2.2. Жүргізуші өзінің арт жағында отырған жолаушыларды бақылап отыруы үшін арнаулы айнасы болады.

3.3.2.3. Жолаушылар мен жүктер жеке-жеке тасымалдануы қажет.

3.3.2.4. Жолаушыларды тасымалдау үшін ыңғайластырылған жүк

машиналарының, тіркемелердің, арбалардың бекітілген жақтау жандарының биіктігі отырған адамның кем дегенде иығынан келуі керек. Барлық жолаушыларға тартпа белдіктерді байланып алу ұсынылады.

3.3.3. СУЫҚ КҮНДЕРІ ЖҮРГІЗУ

3.3.3.1. Жүрердің алдында терезелерді қардан, мұздан, дымқылдан тазалау қажет. Терезерлердің ылғи да таза болғаны дұрыс.

3.3.3.2. Сыртқы және ішкі бақылау айналары таза болып, әрі дұрыс орналасуы к е р е к .

3.3.3.3. Жарық көзінің бәрін (фарлары) қардан, мұздақтардан, жабысқақ қыраудан, су мен ластан таза ұстау керек.

ҚАУІПТІ!

Егер кабинада ұйықтайтын болсаңыз, двигатель еш уақытта жұмыс істеп тұрмасын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗ ӨЛІМГЕ ДУШАР ҚЫЛАДЫ!

Токтап тұрған машинадағы адам отырған күйінде ғана двигателге жұмыс істетіп қоюға болады, онда да терезе ең кемінде 5 см ашық болуы керек.

3.3.3.4. Егер тағы да қосымша күш қажет етілсе, барлық төрт дөңгелекке күш берілуін п а й д а л а н у ж ө н .

3.3.3.5. Омбы қарлардан өту кезінде бұтақтарды, құрғақ шөптерді немесе кенептерді пайдалану дұрыс. Мұздақ қаптап қалған жерде құм мен қиыршық т а с т а р п а й д а л а н ы л а д ы .

3.3.3.6. Жол жағдайының ыңғайына қарай машиналардың ара қашықтығын дұрыс ұстау қажет. Мұз бен қар үстінде тоқтау кезінде ара қашықтықты алысырақ салады (тежелу жолы ұзарады).

3.3.3.7. Бұрылыстар мен өрге шығар алдында жүрісті бәсеңдетіп, ыңғайлы күш берілу сатысына көшу керек.

3.3.3.8. Бұрылыс жасағанда және тоқтағанда жүрісті біртіндеп жайлап т е ж е й д і .

3.3.3.9. Дымқыл қар кезінде тоқтап қалған машинаны қарға қатып қалмай тұрып тезірек шығару керек.

3.3.3.10. Тежеу тетіктерін жиі тексеріп отыру қажет. Тетіктердің ықпалы тежелмес үшін қардың, мұздың әсерін есте ұстау жөн.

3.3.3.11. Егер жолдың қаншалықты күрделілігін білмесең, тоқтап, жүрмес бұрын жағдайды анықтап ал. Қар астындағы жолдың бетін мұз қаптап қалуы мүмкін, сондықтан жаңа жауған қар үстімен жүргенде өте сақтық керек.

3.3.3.12. Күртік қар немесе таңғақ қырат, өзін үстіндегі көпір және қатып қалған өзен сияқты қауіпті жерлерден машиналар бір-бірлеп жеке-жеке өтулері к е р е к .

3.3.3.13. Қиын жерлерден өтерде ең төменгі беріліске түсіп, әрі қарай жүрісті

жалғайды. Өтуге қиын жерлерде тоқтап, төменгі беріліске ауысу доңғалақтардың айналып кетуі мен кейін шегуіне соғып, транспорттың отырып қалуына душар е т е д і .

3.3.3.14. Берілістің ең төменгі түрінен керісіншеге ауысу арқылы транспортты алдыға, артқа шайқап, ұзын тұтас жол жасауға болады, бұл әдіс транспорттың кинетикалық екпін алып, қиын жерден өтуіне көмектеседі.

3.3.3.15. Мұздың немесе қардың салдарынан тайғақ жолға тоқтағанда өте сақтықпен тежеу керек. Қатты кілт тежеу транспортты бұрып әкетуге душар е т е д і .

3.3.3.16. Қырқадан төмен түскенде ешқашан тежегішке сеніп қалуға болмайды. Қырқаның үстінде төменгі беріліске ауысып асып, төмен түсер кезде двигатель арқылы тежеу дұрыс.

3.3.3.17. Доңғалаққа оралған шынжыр қар мен балшықта көмектескенімен, мұз үстінде әсерсіз. Тайғақ еңіске себілген құм мен топырақтың күш алуға себі к ө б і р е к т и е д і .

3.3.3.18. Тайғақ жолдарда еш уақытта газды қатты беруге болмайды, ондайда дөңгелектің біреуі айналады да, екіншісі қозғалыссыз тұрады, соның салдарынан м а ш и н а н ы б ұ р ы п ә к е т е д і .

3.3.3.19. Бұрып әкетудің салдарынан құтылу үшін тежеуді босатып, бұрып әкеткен жаққа қарай бұрғыштай беру керек. Транспорттың кинетикалық энергиясы оларды алғашқы жолына параллель тура бағытқа тартып, қайта меңгеруге м ү м к і н д і к б е р е д і .

3.3.3.20. Отырып қалатын немесе дөңгелекке зақым келтіретін жол табанын айналып өту дұрыс. Аз уақытқа тоқтайтындай болса, дөңгелектің астына тыйынақ қойып, қол тежегішін босатып қою керек. Бұл - тежегіштердің тістесіп тұрғандағы суықтан қатып қалуынан сақтайды.

3.3.3.21. Егер мүмкіншілік келетін болса, тоқтауға қоюдың алдында бірнеше рет тежеу жасау жөн. Бұл - тежеу қалыптарын (колодка), барабандарын жылытады, тежеу қалыптарында қатып қалатын қалдық суларды сарқыйды.

3.3.3.22. Мұз үстімен келе жатып, қатып қалған су қиылыстарынан өту жағдайында кабинаның есіктерін ашық ұстау қажет, ал тартпа белдіктер босатып қойылады. Егер машина мұз астына құлап бара жатса, жалма-жан машинадан к е т у і ң і з г е т у р а к е л е д і .

3.3.3.23. Жол бойында ери бастаған жабысқақ қар, мұздақ көпір үстінде әлі қ а т қ а н к ү й і н д е ж а т у ы м ү м к і н .

3.3.3.24. Тоқтаған кездерде транспортты төменгі беріліске түсіріп, қол тежегішіне қою керек. Ойға немесе қырға қарай токтаса рульді қозғалмайтын қ а л ы п қ а қ о ю к е р е к .

3.3.3.25. Егер жолдың көрінуі тым азайып кетсе, қашан ашылғанша тоқтай

т ұ р у

к е р е к .

Мұздың шамамен көтеру қабілеті

	Салмағы (тонн.)	Ең жұқа қалыңдығы (с м)	Жүкпен екі аралық қашықтығы (м)
Қарда жүруге арналған аяқ			
киімі бар шаңғы таққан адам	0,1	5,0	5,0
Шаңғысыз адам	0,1	10,0	10,0
Доңғалақты транспорт	3,5	23,0	15,0
Доңғалақты транспорт	6,0	30,0	20,0
Доңғалақты транспорт	10,0	40,0	30,0

IV. КЕМЕ ҮСТІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР

4.1. ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

Геофизикалық кемеңің үстінде қауіпсіздік техникасын ондағы барлық жұмыс істеушілер және жолаушылар сақтау керек.

Тиісті қауіпті аймақтарда халықаралық белгілер мен түстер көрсетілуі қажет.

Өрт сөндіргіштердің түрлері мен құлақты, көзді және аяқты сақтандыратын жерлер шартты белгілермен көрсетілуі тиіс.

Плакаттар нақты мыналарды таңбалауы қажет:

- а) Каскалар қажет жерлерді.
- ә) Темекі шегуге болмайтын аймақтарды.
- б) Құтқарушы арқандарды.

Жақын жердегі шығатын орынды көрсету үшін шырақты стрелкалар палуба бойында жағалай орналастырылуы керек.

Команда және жолаушылар үшін палуба қауіпті аймақ болғандықтан, кеме иесі төмендегідей қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз етуі қажет.

4.1.1. Баспалдаққа дейінгі аралық кем дегенде ені 400 мм, таза болуы және тайғанамайтын материалмен жабылуы керек.

4.1.2. Сатылардың, аландардың дұрыс орналасуын тексеруді және олардың бекітілуін бақылауды жиі өткізіп отыру керек. Жүктің тиеу және түсіру жұмыстарынан кейін қолданылған сатылар бірден тексерілуі тиіс.

4.1.3. Герметикалы есіктер кеме теңізде болған кезде тығыз жабылып тек қызметшілер өткенде ғана бекітілуі және ашылуы керек. Су өтіп кетпеу үшін есіктер мен иллюминаторлар таза болуы қажет.

4.1.4. Тайғанақ болмау үшін палубаға құм немесе басқа сусымалы заттар себілуі қажет. Мұндай жерлерді, әсіресе, сатылар, баспалдақтар,

төсеніш-көпірлерді өткен кезде аса сақ болу керек. Палубаға төгіліп қалған мұнайды бірден тазарту керек.

4.1.5. Ауа райы жаман уақытта палуба бойына сақтандырғыш арқандарды созып қою қажет.

4.1.6. Оңай ажыратылу үшін гидранттар, қазықтайтын арқандар сияқты тұрақты құралдар және басқа да шығыңқы жерлер қарама-қарсы түстерге боялуы керек. Үшкір бұрыштарды жұмсақ нәрсемен қаптап қойса жақсы.

4.1.7. Кез келген құрал-жабдықтар өтетін жерден аулақ немесе палубаның алдыңғы бөлігіне орналастырылуы керек.

4.1.8. Машина жабдықтары тиісті орнында және жұмысқа жарамды күйінде ұсталуы қажет.

4.1.9. Крандардың, ауыр жүк көтеретін шығырлардың, гидравликалық жабдықтардың машинистері оқытылған мамандардың басшылығымен жұмыс істеуі керек.

4.1.10. Қандай ауа райы болатынына қарамастан, барлық ұсақ объектілер бортқа әкелінгеннен кейін берік бекітілуі тиіс.

4.1.11. Жабдықтардың дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізу үшін, шығарушы ұсынатындай, оларды сақтандыру жұмыстарын жүргізу қажет.

4.1.12. Қанаттар немесе қорғаныстар берік, жақсы конструкциялы, үшкір бұрыштарсыз болып, өздеріне тағайындалған қызметі бойынша қолданылуы қажет.

4.1.13. Бөгеттер, қауіпті аймақтар және шу деңгейі жоғары жерлер қажетті таңбалармен белгіленуі тиіс, керек жерде есту қабілетін сақтайтын құралдар кию қажет.

4.1.14. Құрал-саймандарды олар құлап қалатындай немесе біреуге зақым келтіретіндей жерлерде ұстауға болмайды. Сонымен қатар, оларды оңай түсіп қалатындай қалталарда ұстау қажет емес. Жиі қолданатын құрал-саймандар үшін соған негізделген белбеу тағу ұсынылады.

4.1.15. Қол суық немесе майланған болған кезде, немесе құрал-саймандардың өздері майлы болған кезде оларды өте сақ, байқап ұстау керек.

4.1.16. Арқандар таза, химикаттармен былғанбаған (тот пен дақ кетіргіштер зиянсыз келеді) болуы қажет және энергия көздерінен алыс жерде орналасуы тиіс. Тазалау, ауыстыру және тағы басқа қажетті шаралар атқарылу үшін, кез келген апаттық ластанулар жөнінде тез арада хабарлау керек.

4.1.17. Ауада, борттың сыртында, палубаның төменгі бөлігінде немесе биіктігі 2 м. жерден құлау қаупі бар басқа да жерлерде жұмыс істейтін адамдар құтқару арқанына бекітілген амортизаторлы немесе монтажды белбеулер киюі шарт. Үлкен биіктікте жұмыс істейтін адам бір мезгілде құламауын және өз жұмысын қадағалай алмайды. Жұмыс біткеннен кейін төмен түсу үшін үнемі

сатыны немесе тіреуішті пайдалану керек.

4.1.18. Әрдайым құтқару жіптері бар немесе басқа да сақтандырғыш құралдары бар монтажды белбеулерді киіп жүру шарт. Борт бойындағы жұмыстарды атқарғанды әр түрлі малтығыш аспаптарды, құтқару көкірекшелерді кию және арқанға байлаулы жүру керек.

4.2. ЖАРЫҚТАНДЫРУ

4.2.1. Команда жұмыс істейтін жерді тиісті жарықпен қамтамасыз ету шарт. Әсіресе баспалдақтар мен сатыларда жарық болу керек. Қараңғы учаскелерді өткен кезде өте сақ болу керек.

4.2.2. Тасымалды шамдар өте төмен орналаспау керек және сымдарға ілінбеулері керек. Сымдар ешқашан қозғалу механизмі жабдықтарына, жүгі бар машиналарға тиіп тұрмаулары керек, егер сымдар есіктен өтетін болса, есік ашық тұруы шарт және тоқ тұйықталуы болмас үшін, сымдарды адам өтетін орындарға орналастыруға болмайды, сымның кез келген иілген жері жоққа шығарылу, яғни артылып қоюы керек.

4.2.3. Барлық адамдар осы аймақта тастап кеткеніне көз жеткізбегенше немесе осы қалған аймақта жарық жеткілікті дәрежеде бар екеніне нанбағанша шамды сөндіруге немесе орнынан жылжытуға болмайды.

4.2.4. Барлық жұмыс аймақтары жарықпен жақсы қамтамасыз етілуі тиіс.

4.3. ЭЛЕКТРЛІК ЖАБДЫҚТАР ЖӘНЕ СЫМДАР

4.3.1. Барлық сымдарды желілеу өте жоғары дәрежеде жүргізілуі тиіс, ол үшін қажетті материалдар пайдаланып және электро-техникалық қызмет етуге сәйкес талаптар қойылуы керек.

4.3.2. Мүмкіндігі болғанша, қауіп-қатерден үлкен дәрежеде сақтап қалу үшін, құрал-жабдықтардың жұмыс істеп, ойдағыдай қызмет етуін қамтамасыз ету үшін, олар дұрыс жобаланған, орнатылған және сақтандырылған болуы шарт.

4.3.3. Құрал-жабдық барынша көп қажетті пайдаланылатын тоқты қамтамасыз етуі керек.

4.3.4. Электр өткізгіштердің мөлшері мен қуаты шамаланған қажет жұмыстарға жеткілікті болуы керек.

4.3.5. Барлық өткізгіштер не жеке-жеке оңашаланған, не электр қаупінен басқа да шаралармен сақтандырылған болуы керек.

4.3.6. Электр түйіндері және олардың жалғанған жерлері өткізгіштердің механикалық күші мен қорғанысын, көлемі мен мөлшерін, оңашалануын ескеретіндей дұрыс конструкциялы болуы қажет.

4.3.7. Әрбір қондырғы мен желі артық жұмыстан автоматты жабдықпен қорғалуға тиіс.

4.3.8. Егер кабельде немесе қорғаушы орағышта ақау болса, әйтпесе егер жабдықтың жұмысында кемшілік болса, электр жабдықтарына арналған үйлер

мен қоршаулар қатерлі болады. Электрді хауіп-қатерсіз пайдалану үшін электр жабдықтарына арналған қоршаулар, сондай-ақ барлық темір бөлшектер жерге қосылуға немесе соған ұқсас басқа да тиімді сақтық шаралар қолданылуға тиіс.

4.3.9. Жерге қосылатын бейтарап өткізгіш сол қосылған тоқ үзгіштен басқа ешқандай сақтандырғыш, әйтпесе тоқты үзгіш тетіктерге жалғастырылмауға тиіс. Жерге қосылған бейтарап өткізгіш жалғастырылған кез келген тоқ қуатына қосылған тоқ үзгіштер сонымен бірге тоқ жүріп тұрған барлық байланысты өткізгіштерді үзетін болуы керек.

4.3.10. Қуатқа қосулы кезде өткізгішке бір полюсті тоқ аударғышты ғана қосуға болады. Жерге қосылған бейтарап өткізгішпен жалғасытырылған жекелеген тоқ аударғыш тоқ қуаты барлық өзара байланысты өткізгіштердің бәрін үзу үшін тоқ өшіргішпен бірге жүргізілуі керек.

4.3.11. Қауіптің алдын алу мақсатында әрбір қосылған түс пен тоқ желдесін барлық тоқ қуатынан үзу үшін дереу қолдануға оңтайлы жерге орнатылған тиімді құралдар болуға тиіс.

4.3.12. Әрбір электр моторды өшіру үшін оңай басқаларын және хауіпті болдырмауға ыңғай орнатылған тиімді құралдар тұруға тиіс.

4.3.13. Қолдануға қажетті немесе адамның көңіл аударуын талап ететін жабдықтың әрбір бөлшегі қалыпты пайдалану үшін жұмыс орнына сай келетін және оған хауіп-қатерсіз баруға болатындай жағдайда орналастырылуға тиіс.

4.3.14. Ауа райының қолайсыз жағдайына, атмосфералық таттану әсеріне немесе қолайсыз жағдайға ұшырайтын жабдықтардың барлығы да сондай жағдайдан пайда болатын хауіп-қатердің болуына жол бермейтіндей етіп жасалуы, әйтпесе одан қорғалуы тиіс.

4.3.15. Өрт немесе жарылыс болу хауіпі бар жерлерге орналастырылған жабдықтардың барлығы да мұндай хауіп-қатердің алдын алуға бейімделіп жасалуға немесе одан қорғалуға тиіс.

4.3.16. Қолда бар жабдықтарға өкілдігі бар немесе оны білетін адам ғана жасаған өзгерістер бөтен ешқандай уақытта да, немесе тұрақты да, өзгерте де, немесе жаңадан қосымша да жасалуға тиіс.

4.3.17. Хауіпсіз емес аспаптар, сымдар мен электр құрал жабдықтарының бәрі пайдаланудан шығарып тастау керек және де бұлар жөнінде электрикке немесе шеберге хабарлануға тиіс.

4.3.18. Сымдардың бәріне қуаты бар сымдай қарау керек. Асулы тұрған немесе үзілген сымдарға тиісуге болмайды. Ондайлар болса ескерту жазып іліп қою керек те, содан соң дереу электрикке немесе шеберге хабарлау қажет.

4.3.19. Қолға ұстайтын барлық электр аспаптары тиісінше жерге қосылуы немесе екі мәртеден қорғағыш материалдармен оралуға тиіс. Барлық электр құрал жабдықтары кострюльдерді, табалар мен тостерлерді қоса түгел жерге

қосылып, ақаусыз қалыпта ұсталуы керек. Кез келген жабдықтардың немесе приборлардың жерге қосылған сымдарын шығарып тастауға, немесе үзіп қоюға б о л м а й д ы .

4.3.20. Пайдаланбас бұрын аспалы шамдардың қорғағыштарын тексеру керек. Штепсель мен розетканың қалыпты жағдайда екеніне көз жеткізген жөн. Қуаттылығы сол нүктеге арналған шамды ғана пайдалану керек. Аспалы шамдардың барлық сақтық клапанымен жабылуға тиіс.

4.3.21. Ылғалды жерлерде немесе темір цистерналарда жұмыс істегенде батареялы көшпелі шамдарды пайдалану керек. Сулы жерлерде үзілгіш тетігі бар жерге қосылатын қорғағышты пайдаланған жөн.

4.3.22. Электр жүйесінде жұмыс істердің алдында тоқ жүретін линияларды өшіріп, оларды жауып немесе жапқан сияқты етіп белгі қою керек.

4 . 4 . Ж А Б У / Б Е Л Г І Л Е У

Кез келген сымды сәттегі линиямен, мотормен, жанар май двигателімен, сығымдалған ауамен жұмыс істейтін жабдықтармен немесе гидравликалық жабдықтармен қызмет атқару үшін сіз өзіңізді және басқаларды күтпеген жерден олардың іске қосылуынан қорғауға тиіс боласыз. Апат, әдетте, біреуге сенгендіктен, механизмді, жабдықтарды немесе электрді әлде кімдер жерден шығарып кетті деп "ойлаудан" болып жатады.

Бұл бөлімде кез келген жабдықтар мен электр желісінің жұмысындағы пайдаланылатын іс-әрекеттер талданып түсіндіреді. Бұл міндетті түрде атқарылатын мынадай жеті тармақтан тұратын Жабу/Белгілеу жүйесі деп а т а л а д ы .

4.4.1. Бұл жұмысқа жауапты кісі өшірілуге тиісті және қызмет көрсетуге жөндеуге немесе монтаждауға барлық бөлшектерді, қандай өшіргіш тетіктер, жабдықтар, адамдар қатысатынын көрсетуге тиіс. Солай болған күнде де іске қосудың іс-қимылдары (кім, қашан және қалай) жоспарланған болуға тиіс.

4.4.2. Жабу/Белгілеу ісінің басталғаны туралы бұл жұмысқа қатысы бар адамдардың әрқайсысына хабарланады.

4.4.3. Жобаның энергиялық барлық күші көрсетілуі керек. Олар немесе жұмыс істейді? Оған барлық гидравликалық және пневматикалық жүйелер, серіппелер, сығымдалған ауа, гравитациялық жүйелер мен бүкіл электр желілері ж а т а д ы .

4.4.4. Электрді өшіру керек. Қозғалыстағы бөлшектерді өшіреді. Энергияның серіппесін өшіреді немесе тежеп тастайды, гидравликалық, пневматикалық және ауалық жоғары қысымды желілер босатылады.

4.4.5. Жұмысқа қатысатын әрбір жұмысшының өзінің дербес құлыбы мен кілті болуға, оның аты-жөні, оған берілген номер немесе кілттің сәулелі құпия белгісі, бөлімінің немесе компанияның аты-жөні жазылған болуға тиіс. Ілгешекті

, шынжырды, жабылатын жәшіктерді де пайдалануға болады, ал бұларды электрмен жабдықтайтын компанияның слесарынан, қауіпсіздік техникасы бөлімімен әйтпесе жабдықтау бөлімінен алуға болады.

4.4.6. Энергия көздері мен механизмдердің бәріне таңбалы тақтайша іліп қою керек. Таңбалы тақтайшаларға механизмнің немесе электр желісінің жұмыс істемейтіні, олардың өшірілген себебі, (жөнделген уақытын көрсету керек), сіздің аты-жөніңіз, қашан жазылғаны, телефон номері және тақтайшаның ілінген мерзімі көрсетілуге тиіс. Таңбалы тақтайшаларды ілуді жұмысқа жауапты ғана адам жасайды, олар әрбір жұмысқа жауапты адам ғана жасайды, олар әрбір жұмысқа қатысушының құлыбы ашылғаннан кейін ғана жүйені сынақтан өткізген соң және оны іске қосуға рұқсат етілгеннен кейін ғана алынып т а с т а л а д ы .

4.4.7. Жұмысқа жауапкер территорияны босатып, тазартуға, және де барлық адамдар мен штаттан тыс қызметкерлердің территориядан түгел кеткеніне көз жеткізуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген жеті тармақты орындалғанын өз көзімен тексеріп шығаруға тиіс. Құрылыстарды ашып, жүйені тексеру үшін, энергия көздерін қосып немесе қалаған ілгешегін жауып қарауы керек. Адамдардың бәрі хауіпсіз жерге барған соң, жабдықтар әзірленгеннен кейін электр жүйесін қосар алдында ғана "жұмыс істемейді" деген таңбалы тақтайшаны алып қоюға болады.

4.5. РАДИО, РАДАР ЖӘНЕ НАВИГАЦИЯ АСПАПТАРЫ

4.5.1. Детонатордың капсюлімен істес болған кезде кемеден радиобайланысты жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

4.5.2. Хабар беретін антенна тиіспеуге жөн, өйткені күйіп қалуға және дененің терісін жарақаттап алуға болады. Навигация антеннасын орнатар алдын капитанға немесе жоғарыға жиналатын кеменің кез келген бір қызметтеріне х а б а р л а ң ы з .

4.5.3. Қызметкерлер жоғарыда жүрген кезде барлық хабарлағыш құралдарды жауып және жабылғанын белгілеп қойыңыз.

4.5.4. Радио, радар және навигация жабдықтарын тек жауапты адам ғана п а й д а л а н а а л а д ы .

4 . 6 . А С Ү Й

4.6.1. Ас әзірлеуге және асхана жабдықтары мен тамақ өнімдеріне байланысты жұмысқа қабылданған адамдар дәрігерлік тексеруден өтуге және барлық қажетті талаптарды орындауға тиіс.

4.6.2. Ас-су әзірлеу процесіне қатысты адамдардың бәрі:

- а) Тазалықтың биік талаптарын (жалпы да және жеке бастың да) орындауға;
- б) Сапасыз өнімдерді пайдаланған жағдайда аурудың таралу катерінен с а қ т а н у ғ а ;
- в) Іші бұзылған, баспа сияқты басқа да жұқпалы ауруларға шалдыққандарды

х а б а р л а у ғ а

т и і с .

4.6.3. Қолды ыстық және салқын сумен жуу үшін жуып-шайынатын бұйымдары бар дербес астау (раковина) орнатылуға тиіс. Жуынып шайынатын бөлмеде "қолыңызды жуыңыз" деген плакат ілінулі тұруға тиіс.

4.6.4. Ас үй қызметкерлерінен ешкім темекі шекпеуге тиіс. Темекі шегуге болмайтыны жөніндегі ескертпе көрнекті жерге ілініп қойылуға тиіс.

4.6.5. Ас үйде жұмыс істеу үшін таза, жеңі ұзын, арнаулы сақтық киімін кию қ а ж е т .

4.6.6. Рефрижераторлар мен тоңазытқыштар жұмыс істеуге тиіс. Тоңазытқыш қондырғылардың тоңазылау мен тазалау және оларда өнімдерді сақтау жөніндегі нұсқауларын дұрыс орындау керек. Тоңазылау температурасы 18 С (О F) г р а д у с т а н а с п а у ғ а т и і с .

4.6.7. Ас үйде артық өнімдерді, әртүрлі тамақтар мен сұйық заттардың қалдықтарын сақтауға болмайды, оларды дереу шығарып тастап отыру керек.

4.6.8. Тауықты, балықты, көкөністі, жемісті жуу мен әзірлеу үшін және сол сияқты басқа да тамақтар әзірлену үшін пайдаланылатын астауларды мұқият санитарлық өңдеуден өткізбей тұрып, оларды ас үй жабдықтарын, контейнерлерді, асхана аспаптарын жууға, тазалауға пайдалануға болмайды.

4.6.9. Барлық асхана жабдықтары, ыдыс-аяқтар, астаулар мен тамақ әзірленетін заттардың үсті оларды пайдаланғаннан кейін мұқият жуылып, тікелей санитарлық өңдеуден өткізілуге тиіс.

4.6.10. Асхана бөлмесін таза және құрғақ (ас үйдің, көмекші бөлменің, қоймалар мен жұмыс бөлмелерінің еденін) ұстау керек.

4.6.11. Ас үй бөлмелері мен асхана әрбір апта сайын санитарлық өңдеуден өткізілуге тиіс. Ас үйдің плиталары, тоңазытқыштары, рефрижераторлары, суырмалы шкафтар, желдеткіштері, столдары, едендері мен тоңазытылмаған өнімдерді сақтайтын орындары да өңделетін болады.

4.6.12. Барлық тамақтардың, ыдыс-аяқтардың, пышақ бұйымдарының, ас орамалдардың, аспаптардың, құрал-жабдықтар мен қойма бөлмелерінің тазалығы өмірлік қажеттілік болып табылады. Сынған немесе жарылған ыдыс аяқтар мен стакандар сол заманында алмастырылуға тиіс. Сынған шыны немесе қираған ыдыс аяққа қатысы болуы ықтимал тамақтардың бәрі шығарылып тасталуға тиіс.

4.6.13. Пісірілмей сол күйінде тамаққа пайдаланатын немесе олардан тамақ әзірленетін жемістер мен көкөністердің бәрін алдын ала таза сумен мұқият түрде ж у ы ң ы з .

4.6.14. Ыдыс аяқты жуған кезде ол сынып қалатындай немесе бір жерді зақымдап жарақаттайтындай етіп суға батырып қоюға болмайды. Пышақ сияқты өткір ұштары бар заттарды, ұсақ бұйымдар және басқа аспаптарды жеке-жеке

ж у у

қ а ж е т .

4.6.15. Күнделікті үй тұрмысында қолданылатын тазартқыш заттар мысалы сода, ағартқыш ұнтақ теріні күйгізіп жіберуі мүмкін. Олар және, бір-бірімен қосылып кетсе, қауіпті реакция береді.

4.6.16. Дененің бір жерін кескізіп алатын жарақаттар көп ретте сланцы, сандал сияқты оңтайсыз аяқ киімдерді киіп, тайып кетуден, сүрініп құлаудан туады. Бұлар, әсіресе, беті майлы палубаларда қауіпті. Оның үстіне мұндай аяқ киімдер аяққа жанғыш немесе ыстық сұйықтықтар төгіліп кетсе, күйоден, терінің жидуінен сақтай алмайды.

Сондықтан үнемі табаны тайғақ емес, жағдайға сай келетін аяқ киімдерді кию дұрыс.

4.6.17. Дененің зақымдануына душар ететін жағдайды азайту үшін палубалардың, торлардың үстіңгі беттері таза ұсталып, майдан, қоқыр соқырдан, мұздан, т.б. сүртіліп отыруы керек. Мұндай жағдай, әсіресе, шыны ыдысқа құйылған ыстық сұйықтарды тасуда қатаң сақталуға тиіс. Төгілген заттың бәрі қолма-қол сүртіліп алынуы керек.

4.6.18. Сынған стакандар немесе ыдыс-аяқтар щеткамен өте мұқият жиналып алынады.

4.6.19. Мұздатқыш бөлмелердің есігі алдындағы палубалардың үстіңгі беті тайғанамайтын материалымен қапталуы керек.

4.6.20. Баспалдақтармен, көпіршелермен жүргенде сақ болу керек; қажеттік туа қалған жағдайда баспалдақтардың арқалығынан ұстай алу үшін бір қолды үнемі бос ұстайды.

4.6.21. Кеменің ас үйінің қызметшілері электроприборлары мен жабдықтарын бұзылған жерін өз беттерінше жөндеуге тырысуларына рұқсат етілмейді. Бұл приборлардың дұрыс жөнделуі үшін қандай ақаулықты болса да үнемі хабарлап отыру керек. Бүлінген жабдықтар қайта жөндегенінше пайдаланудан алынып тасталады.

4.6.22. Ас үйдің жабдықтарын тазалау кезінде шлангадан аққан суды пайдалану дұрыс емес. Бұл әсіресе; электр қондырғылары орнатылған жерде өте қауіпті. Егер ас үйдің палубаларына тазалық жүргізу қажет бола қалса, барлық электр қосылғыштары мен жабдықтары тоқтан айырылып, тоқ көздерінен бөлінуі тиіс және оларға су тимеуі қадағалануы қажет.

4.6.23. Ауа райының қолайсыз күндері таяныш аралықтан ұстау қажет. Кастрюл мен шелектерді ернеуіне шейін шүкілдетіп толтыруға болмайды. Оларға құйылған сұйықтықтар кеме қозғалғанда не бұрылғанда төгіліп кетпеуі керек.

4.6.24. Ыстық кастрюлдар мен ыдыстарды тасығанда құрғақ шүберекпен не арнаулы қолғаппен ұстайды. Дымқыл шүберектерден ыстық тез өтеді де, қолдың

к ү ю і

м ү м к і н .

4.6.25. Суды қайнатуға және тамақ пісіруге арналған асханадағы жабдықтардағы ыстық будың қақпағын ашарда өте сақтық қажет.

4.6.26. Қақпағы ашық кезіндегі плиталардың алдында тұруға болмайды. Ыстық духовканы ашарда өте сақтық жасаңыз. Лап ете түскен жалын күйгізіп ж і б е р у і м ү м к і н .

4.6.27. Плитаның астыңғы жағына май тамбасын. Ол оттың тұтанып, жалын шығуына душар етуі мүмкін. Мұндай жұмыс істелетін жерлерде термостатты бақыланатын пісіргіштер қойылуы дұрыс.

4.6.28. Майлы заттардың жануынан болған өртті жамылғылармен сөндіру абзал. Егер қол жетер тұста ондай жамылғылар жоқ болса, өрт сөндіргішті пайдалану керек. Жылу беру көздерін тезірек тоқтан айырыңыз. Қашан оттың жалыны сөнгенше плита үстіндегі заттарды алуға ұмтылмаңыз.

4.6.29. Егер арнаулы дайындықтан өтпеген болса, ас үйдегі құралдарды қолдануға ешкімге рұқсат етілмейді.

4.6.30. Ас үйдегі құралдарды пайдаланғанда, олардың ең қауіптілерін қоршап қ о ю к е р е к .

4.6.31. Ас үйдегі барлық машиналар мен жабдықтардың сынған бөлшектері, қоршалғандары немесе қызметшілердің қорғану құралдары туралы міндетті түрде хабарлап, оларды пайдалануды дереу тоқтату керек.

4.6.32. Барлық электр машиналарды, оларды тазалау керек бола қалса, алдын ала тоқтан ажыратылып, бөлек бөлінеді. Оларды тазаламас бұрын әбден тоқтағандығына көз жеткізу жөн.

4.6.33. Ас үйдегі тамақты өңдеу аппараттарына тамақты арнаулы құралдармен ғана салу керек. Қолмен еш уақытта салуға болмайды.

4.6.34. Электр жабдықтарын су қолмен ұстауға болмайды.

4.6.35. Үшкір құралдарды пайдаланғанда өте сақтық қажет. Егер өзіңіз пайдаланбасаңыз ондай құралдарды қалай болса солай тастамаңыз. Біреу-міреудің кездейсоқ жараланып қалуы мүмкін. Ыдыс-аяқты жуған кезде кесетін жабдықтарды басқа ыдыстармен араластырмау керек. Оларды бөлек жуып, қауіпсіз орында бөлек сақтаған дұрыс.

4.6.36. Қарапайым ас пышақтары, ас комбайндердің дөңгелек пышақтары, ет тартқыш машиналары, т.б. қауіпсіз жағдайда сақталуы тиіс және таза, май қалдықтарынан арылған болулары керек. Олардың жүздері әрі таза, әрі өткір б о л у ы қ а ж е т .

4.6.37. Қалбырларды ашатын жабдықтар тек өзінің тиісті арнауына ғана қолданылуы керек; қалбырларды басқа кез келген затпен ашу әрі қауіпті, әрі олардың жиектерінің үшкір тісті болып қалуларына соғады.

4.6.38. Етті ет тартқыштар арқылы кесу аса мұқияттылықты қажет етеді. Ет

тартқыш бекем орнатылып, кесетін бөліктеріне кездейсоқ басқадай заттардың түсіп кетпеуі қадағалануы керек. Қолды пышағынан алыс ұстау қажет.

4.6.39. Тоңазытқыш бөлмелердегі мұздатқыштардың бәрінің есіктері ашу тұтқаларымен жабдықталып, ішінде біреу-міреу қалып қойған жағдайда белгі беруі үшін түймешесі болуы керек. Есіктердің дыбыс беру қонырауын және есік қысқыштарын үнемі тексеріп отыру керек, сонымен қатар, есіктердің іш жағынан қалай ашылуы күн сайын тексеруден өтеді.

4.6.40. Тоңазытқыш бөлмелерінде үнемі жұмыс істейтін адамдар оларды қараңғылықта да пайдалана білетіндей болып, есіктерді ішкі жағынан ашып, дыбыс беру түймешелерін таба алуға жаттығулары тиіс.

4.6.41. Тоңазытқыш бөлмелердің барлық есіктері оларға тамақ қойылған кезде ашық тұрып, тыянақпен тірелуі керек.

4.6.42. Егер хладагенттің шығып тұруына әлдеқандай күдік туса, мұздатқыш камераларды да, тоңазытатын бөлмелерді де пайдалануға тыйым салынады. Осыған байланысты есіктің сыртқы жағына сақтандыру белгісі жазылып ілінеді.

4.6.43. Барлық мұздатқыш камералар мен контейнерлер кемеңіз жүру кезінде қозғалып кетпейтіндей болып орналасулары қажет.

4.6.44. Асхана бөлмелері мен ас ішетін орындардағы қапырықтық пен дымқылды азайту мақсатында жақсы желдеткіш құрылымымен жабдықталуы қажет.

4.7. МАШИНАЛЫҚ БӨЛІМ

4.7.1. Өздерінің орналасулары мен температурасы жағынан пайдаланылған газды шығару трубалары өте қауіп туғызады, сондықтан олар тиісті талап бойынша қорғалған және бөлектенген болулары қажет. Қызатын үстіңгі жақтары міндетті түрде бөлекше қорғалуы қажет, әсіресе жанар май құйылған бак құрылымы тұстарына жақын бөліктері қорғалуы керек.

4.7.2. Қатты шуылы бар жерлерде құлақты қорғауды қажет ететін сақтандыру құралдары дыбыс хабарларын, дыбыстық белгілерді қабылдауға бөгет жасаулары жарық беретін көріну сигналдары қоса назарды аударып, жарық беретін көріну сигналдары қоса орнатылу керек. Бұл жыпылықтап тұратын лампы болуға тиіс.

4.7.3. Дым шығатын ақауы бар жерлер түйінделіп, тез арада жөнделуі керек.

4.7.4. Жанармайдың жалған қалдықтарын трюмда жинақтауға болмайды. Кез келген мұндай жиынтық сутекті көмірмен ластану ережелеріне сәйкес заңдылықпен алғашқы мүмкіндік болған сәтте-ақ кемеден тазартылуы керек. Барлық трюмдар жарық бояумен боялып, таза ұсталуы, жанармай жүретін трубаға жақын жерлері жақсы жарықтанған болуы керек. Бұл кез келген жерінен шыққан газды тез байқауға көмектеседі. 4.7.5. Тұндырғыштарды, жанар май құятын құбырларды толтырғанда оларды тым асыра толтыруға болмайды. Әсіресе, машина бөлігіндегі пайдаланған газды шығару трубалары, басқа да

қызатын заттар орналасқан жерлерге өте сақтық керек.

(Құжаттың 4.7.5. тармақшасының болмағандығынан, орысша мәтінді ұ с ы н а м ы з)

(Құжаттың 3.1.4.10. тармақшасының болмағандығынан, орысша мәтінді ұ с ы н а м ы з)

4.7.5. Особая осторожность требуется при наполнении отстойников или других топливных цистерн для предотвращения их переполнения, особенно в машинном отделении, где выхлопные трубы или любые другие нагретые поверхности находятся непосредственно под ними.

4.7.6. Тұндырғыштар мен трюмдерді босатып алуға оңай болу үшін машина бөлімінің трюмдері қоқсықтан және бөгде заттардан үнемі таза тұруы қажет.

4.7.7. Алыстан басқарылатын бақылау қондырғылары, өрт краны, помпаны басқаратын пульттер және тез жабылатын крандары бар жанар май сақталатын құбырлар үнемі тексеріліп отыруы керек.

4.7.8. Жұмыс тәжірибесі жеткіліксіз жұмыскерлер механиктің рұқсатынсыз автоматты басқарылатын машиналар тұрған бөлімдерге кіруіне немесе сонда қ а л у ы н а қ а қ ы с ы ж о қ .

4.7.9. Автоматты басқарылатын жабдықтары бар бөліктерде істейтін жұмыскерлердің бәріне үлестіріліп берілетін қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулар сол бөліктің кіреберістерінің бәріне көрнекі етіліп ілінуі және машинаның кенеттен жұмыс істеуі мүмкін екендігін сақтандыратын белгі қ о й ы л у ы қ а ж е т .

4.7.10. Автоматты басқарылатын жабдықтары бар бөлімдерде үнемі жарық ж а н ы п т ұ р у ы к е р е к .

4.7.11. Егер машина басшылардың бақылауында болса, онда олар машина жұмысының режимі өзгерерде және машина бөлігіндегі құралдарды қалай бақылауға ауыстырарда машина бөлімінде істейтін қызметшілерге үнемі х а б а р л а п , о т ы р у л а р ы к е р е к .

4.7.12. Мұздатқыш жабдықтар қойылған бөлмелер желдеткіш қондырғылар арқылы жақсы желдетіліп отырылуы, жақсы жарықтануы қажет. Ауаны ыдырататын да және желдейтін де кондиционерлер үнемі жұмыс істеп тұрулары к е р е к .

4.7.13. Үнемі желдетіліп тұрмайтын не аз желдетілетін жабық құрылыстарға ауаны уландырғыш немесе от алғыш газдар жиналуы мүмкін немесе оттегінің азаю мүмкін, мұндай жағдайлар адам өміріне қауіптілікті көбейтеді.

4.7.14. Егер көмірқышқыл газы, хелон немесе бу отты өшіру үшін не тұтануды болдырмау үшін жіберілсе, ондай бөлмеге қашан алдын ала желдетілгенше немесе ауасы тексерілгенше қайта кіруге болмайды.

4.7.15. Машина бөлігінің тұтанып кетуі қауіпті маңыздылығына мән бермей

қарауға болмайды. Өрт қаупінен алдын ала сақтану шараларымен барлық қызметшілер толық хабардар болулары керек. Ондай сақтану шаралары, ортаны таза ұстауды, жанар майдың ағуын болдырмауды, оңай тұтанатын заттардың бәрін қауіпті орындардан алып тастауды қоса қамтиды.

4.7.16. Қоқыр-соқырларды, қалдықтарды, ескі-құсқыларды, сүрткіш шүберектерді тағы сол сияқты пайдаланған заттарды жинайтын темір қораптар талапқа сай келулері тиіс. Ондай қораптардағы қалдықтар уақтылы алынып, арнаулы жерге апарылып өртелуге немесе көмілуге тиіс.

4.7.17. Ағаштар, бояулар, спирт қосылған нәрселер машина бөлігінде немесе жабдықтар бөлмесінде сақталмауы керек.

4.7.18. Электрлік барлық сымдар жақсы қалыпта сақталып, құрғақ және таза тұрулары қажет. Кабельдерге, сымдарға, сақтандырғыштарға түсірілген тиісті күш арнаулы мөлшерден еш уақытта аспауы қажет.

4.7.19. Гидравликалық және пневматикалық (жарылғыш) құралдарды пайдаланатын қызметшілер жұмыс істеудің қауіпсіздік жағдайларымен толық таныс болулары керек. Жұмыс істеудің қауіпсіздік ережелерін үнемі басшылыққа а л ы п о т ы р у м і н д е т т і .

4.7.20. Операторлар өздері басқаратын құрылымдардағы қысым сол қысымды көрсететін өлшегіштер бойынша қажетті мөлшерде болуын қадағалап отырады.

4.7.21. Гидравликалық құрылымдарды іске қосу немесе тоқтату алдында оларда ауа қалып қоймағандығын, сырттан ештеңе шығып тұрмағандығын тексеру керек. Ондай қалып қойған ауа жұмыс істеудің ырғағын бұзып, жарақаттануға немесе орнатылған жабдықтардың бүлінуіне әкеліп соғады.

4.7.22. Гидравликалық жүйелердің жұмыс істеуі үшін тек гидравликалық сұйықтықтар ғана қажетті мөлшерінде құйылуы керек. Сұйықтықтың көлемі дәл ө л ш е н і п о т ы р у ы қ а ж е т .

4.7.23. Гидравликалық сұйықтықтардың жиналып қалған мөлшері дереу алынады. Кейбір сұйықтықтардың негізінде сутекті көмір болады, сондықтан терінің сыртқы қабаты тез әрі мұқият жуылуы керек.

4.7.24. Мотор бөлімінде немесе кеменің жабдықтары тұрған жерде 5 минуттан артық уақыт болатын адамдардың бәрі де құлақты қорғайтын құралдарды пайдалануы қажет. Шудың мөлшері дауысыңызды естіту үшін айқайлайтындай дәрежеде болса, ондай жағдайларда құлаққап кию міндет.

4.8. КРАНДАР МЕН ЖҮК КӨТЕРГІШ ҚҰРАЛДАР

4.8.1. Крандар жергілікті техникалық бақылау органдарында тіркеледі және соны меңгеруді оқыған адам ғана басқарады. Жүгі бар крандар жұмыс істейтін бөліктерге жіберілетін қосымша адамдар нұсқаулармен таныстырылады, осы құрал-жабдықтармен жұмыс істеу кезіндегі сақтану жолдарымен білуі және жұмыс істеуге құқылы болуы керек.

4.8.2. Краншы кранның тұғырын, тростарды, жүк арқандарын, барабандарды, тұтқаларды, күпшектердің жабдықтарын, тиянақтарды, блоктар мен шығыршықтарды, тиегіш ілмектерді және бұзылған жағдайда хабар беретін су асты тартылған жүйелерді тексеруден өткізуі қажет. Кез келген бұзылған жері кранды пайдаланбас бұрын жөнделуі тиіс. Кранның бұзылған ілгектері ауыстырылуы қажет. Оларды сварка арқылы немесе басқа бір жолдармен қайта түйіндеуге рұқсат етілмейді.

4.8.3. Барлық крандар, қайықшылар және басқадай жүк көтеруге арналған жабдықтар уақ-уақ куәландіріліп және тексеріліп отырады. Барлық такелаждық шынжырлар, ілгектер, тростар, аспа арқандар, қауіпсіздік жағдайында болып, еш жері бұзылмаған күйде сақталынуы керек. Барлық тексерістер тиісті документке түседі, ол документтер айғақ ретінде сақталады. Такелажды шынжырлар, арматуралар, бекіту бөлшектері оларды қолданбас бұрын тексеріледі және күнделікті қолдану барысында тағы тексеріліп отырады. Бұзылған, жарамсыз құрал-жабдықтар қолданылудан алынып тасталады. Құрал-жабдықтардың, жүк көтергіштің ақырғы сынақтан өткен уақыты мен онан кейінгі сыналуды мерзімдері майлы бояумен көрнекі жерге жазылып қойылады.

4.8.4. Көтеретін ең ауыр жүк салмағы және кранның мойнының көлбеулік бұрышы анық етіп белгіленеді, салмақты тиісті мөлшерден асыруға болмайды. Кран мойнының көлбеу бұрышының көрсеткіші кран жұмысының радиусына үнемі сай келуі керек.

4.8.5. Кранның барлық ілгектерінің қысқыштары қауіпсіз болуы керек. Кранның барлық мойындарында олардың тым артық иіліп, көтермелеулері үшін шектегіштер қойылады.

4.8.6. Жүк көтергіш жүйенің двигателінде жақсы түзуліктегі электрлік блокираторы болуы керек, ол ілмек блокты кездейсоқ мойындыққа қарай алып кетуден сақтайды.

4.8.7. Краншы мен қосалқы қызметшілер мойындықтың қозғалар жолында бөгет бар екендігін, оның кранның мойындығымен соқтығысып қалуы қаупі бар екенін үнемі естерінен шығармаулары керек.

4.8.8. Краншымен бірге мамандырылған сигнал беруші қызметші жұмыс істеуі тиіс. Бұл арада стандартты сигнал берулер қолданылады. Әдетте, барлық сигналдарды сигнал берушілер береді, бірақ краншы авариялық тоқтату сигналына бағынуға міндетті, ондай сигналды кез келген адам беруі мүмкін. Егер сигнал назарға алмаса, сигнал беру әдістері краншы мен қосалқы қызметшілердің арасында алдын ала келісілуі қажет. Краншы кранның мойнының оны жұмысқа қоспай тұрып міндетті түрде тексеріп алады немесе жұмысты аяқтаған соң тексереді.

4.8.9. Барлық қызметшілер жұмыстың қауіпсіздік жолдарымен жүк

тасымалынан бұрын танысулары керек. Жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы киімдерді, басқа да сақтану құралдарын ЖҚЖ (Жекедара қорғаныс жабдықтары) жүк тиеушілер мен солардың айналасында істейтін барлық қызметшілер киюлері керек. ЖҚЖ-ға кіретіндер: каскалар, табандары тайғанамайтын қауіпсіз ботылар, былғары қолғаптар және басқа да кез келген арнаулы жүктерді тиеуге қажетті киімдер.

4.8.10. Жүктерді тиеуге арнаулы құрал-жабдықтар қолданылады, ондай құрал-жабдықтар үнемі тексеріліп, жұмысқа жарамды қалыптарды сақталулары к е р е к .

4.8.11. Өте қауіпті саналатын жұмыстарды еш уақытта жалғыз істемеңіз. Жалғыз өзіңіз жағдайды шешуге тырыспай, көмекшілерді шақырыңыз. Крандар мен көтергіш жабдықтарды пайдалануға тура келетін жүктерді тиеу қашанда қауіпті жұмыс екенін ұмытпаңыз.

4.8.12. Кранмен көтерілген жүктің қозғалыс барысын үнемі бақылап отырыңыз. Жүк қашан кемеге жетіп, краннан ажыратылып алынғанша одан көз а й ы р м а ң ы з .

4.8.13. Көтерілген жүктің астында еш уақытта тұрмаңыз, қауіпті жүктердің арасында да тұруға болмайды. Желдің және судың әсерінен қауіпті жүктердің шайқалып не үзіліп кетуі мүмкін.

4.8.14. Бас киіміңізді айналып тұратын тетіктің маңайында тұрып кимеңіз қолыңызға тағылған сақинамен қанатта немесе кабельде жұмыс істемеңіз.

4.8.15. Көтеріліп бара жатқан жүкке еш уақытта отырмаңыз.

4.8.16. Жұмыс орныңыз майдан, майлы жағылыстардан, қоқсықтардан т а з а р т ы л у ы к е р е к .

4.8.17. Оттегі, ацетилен сияқты оталғыш газдарды тиеу кезінде өте сақ б о л ы ң ы з .

4.8.18. Жүк тиелетін ашық люктардың трюмді айналдыра таяныштары болуы керек. Жүк тиеліп біткеннен кейін люктер тығыз жабылуы керек. Қызметшілер жүк тиелген кезде және крандармен, көтергіштермен жұмыс істеген кезде өте сақ болулары керек.

МЫС АРҚАНДАРДЫҢ (СТРОПАЛАР) АҚАУЛАРЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Ақаулықтың негізгі алты белгісі бар:

а) Бір ғана қанаттың қатар жатқан сымдарының он сымы немесе бір түйіндегі өрiмнiң б е с с ы м ы үзіледі.

б) Сыртқы сымдары тозады немесе алғашқы диаметрінің үштен бірін тазалау к е р е к б о л а д ы .

в) Түйіліп қалуы, бір жерлерінің ойылып қалуы, кертiлуi немесе басқа а қ а у л ы қ т а р .

г) Тот басудың немесе жылудан бүлінудің әсері.

- д) Шатынау, тоттану, арқанның бүрілуі.
е) Бітісіп, тұтасып кетуі (бір арқандағы өрімдердің бір-бірімен шатасып кетуі).

СЫМДЫ АРҚАНДАРДАН ТҰРАТЫН АРҚАНДАРМЕН ЖҰМЫС КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚТЫҢ БЕС ШАРАСЫ:

- а) Жүк қоятын арқандарды дайындаған кезде түйіншектеп байламаңыз.
б) Бұрыштардың тым сүйір жерлеріне жұмсақ төсеніш кеспелтек ағаш
п а й д а л а н ы ң ы з .

- в) Жүкті көтергенде де, түсіргенде де солқылдатпай, жайлап қозғалтыңыз.
г) Жүк көтеретін арқандардың көтергіштік күші мен құрылымы тиісті жүк
салмағына сай келетін болсын. Анықтама бойынша тексеріңіз.

- е) Көтеретін жүктің салмағын біліңіз.

4.9. ДӘНЕКЕРЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Дәнекерлеу шеберханадан сырт жердегі дәнекерлік жұмыстар мынадай
с а қ т ы қ т ы к е р е к е т е д і .

4.9.1. Жұмысты бастар алдында және аяқталғаннан кейін кеменің капитанына
мәлімдеп, дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге арналған тиісті рұқсат-наряд
ж а с а л у ы к е р е к .

4.9.2. Өрт шығу қаупі бар жерлерде жұмыс істегенде қосымша сақтық
шаралары жасалады. Кем дегенде бір адам өрт сөндіргіштің немесе өрт
шлангісінің қасында тұруы қажет.

4.9.3. Жұмысты бастамас бұрын жұмыс орнын барлап, резина, май, мұнай
сияқты тез тұтанғыш заттардың жоқ екеніне көз жеткізу керек. Дәнекерлеу орны
жиналмалы экранмен қоршауланады. Электродтың қалдықтары арнаулы
кәрзеңкеге жиналып алынады. Палубаның үстіндегі дәнекерлеу жұмысын оның
астындағы тұсы қашан тазаланғанша жүргізбеңіз, яғни ешқандай жанармай
құйылған бактар және басқа тұтанғыш заттар тұрмауы қажет.

4.9.4. Дәнекерлеу жұмысын жүргізуші адам мұнай құйылған не бензин
құйылған ыдыстардың ауызы ыстық металдың ұшқындары түспейтіндей жақсы
қорғалғандығына сенімді болулары керек.

4.9.5. Сейсмикалық кабельдерді ашу, таптау немесе орау жұмыстары
дәнекерлеу жұмыстарымен қатар істелмейді.

4.9.6. ЖКЖ-ні (жұмыс ботинкасы, резина төсеніш, қолғап және қорғайтын
к ө з і л д і р і к) .

4.9.7. Жұмыс аяқталғаннан кейін құрал-саймандарды және заттарды дұрыс
с а қ т а п қ о ю к е р е к .

4.9.8. Қауіпті жерлерде ешқашан жалғыз жұмыс істемеңіз.

4.9.9. Барабанда тұрған кабель жабылмаса, не сәйкес қорғанылмаған болса,
кабельдің үстінде, маңайында, кабельдің өзінде дәнекерлеуге және кесуге, басқа
дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге болмайды.

4.10. ТАСЫМАЛДАНАТЫН БАСПАЛДАҚ ЖӘНЕ САТЫ АҒАШТАР

4.10.1. Егер сізге жоғары шығу керек болса, бұрын бақыланған баспалдақты пайдаланыңыз. Көтерілген не түскен кезде баспалдаққа қарап тұруыңыз керек.

4.10.2. Баспалдақты қойғанда және жоғары көтерілгенде әрқашан жоғары қараңыз. Бұл жағдайда сіз әрқашан жолда не тұрғанын, не бастарыңызды соғып алатын заттарды көре аласыз.

4.10.3. Электр құрал-жабдықтарымен жұмыс істегенде, не электр көзіне жақын жерде жұмыс істегенде электр тоғын өткізбейтін баспалдақты пайдалану керек.

Көпір ағаштардың дұрыс жақсы бекітілгендігін, май жағылмайтындығын, майлы зат және басқа тайғанайтын заттардың болмауын қадағалау керек.

Барлық баспалдақтар белгілеп қоятын стерженьдері болу керек және пайдаланылмас бұрын орнына бекітілген жөн. Еш уақытта баспалдақтың көпіріне тұруға болмайды. Ұзындығы 3 метрден артық тік баспалдақты пайдаланғанда, ол артқа қарай не жанына құлап кетпеу үшін оны жоғарғы жағынан байлап қою керек. Баспалдақты берік, қатты және тегіс бетке бекіту керек. Егер бет жылтыр болса, онда баспалдақтың төменгі жақ аяғына сырғымайтын материал пайдаланған дұрыс. Шатынап кеткен не майысқан баспалдақты пайдалануға болмайды. 2 метрден артық биіктікте жұмыс істеген жағдайда міндетті түрде қорғағыш бас киім (каска) және монтаж белбеуін кию керек.

4.10.4. Жиналмалы және тік баспалдақтар қауіпсіз болу үшін сырғанап кетпейтін резина төсеніштері болу керек.

4.10.5. Баспалдақтың табаны оның жоғарғы жағы бекітілген тіреуіштен баспалдақтың ұзындығының 1/4-індей қашықтықта орналасуы керек. Баспалдақпен көтерілмес бұрын оны орнықтырып қойып алған жөн. Егер қажет болса баспалдақтың табанын тиянақтап қойып, жоғарғы жағын жақсылап бекіту керек.

4.10.6. Баспалдақтарды айқастырып қоймандар. Жарылған жерді және басқа ақау жерлерді бояу көрсетпей қояды. Сондықтан ағашты сақтау үшін жоғарғы сапалы лакты не зығыр майы мен скипидарды пайдаланған жөн.

4.10.7. Жеңіл басқыштарды түзу баспалдақ ретінде пайдалануға болмайды.

4.10.8. Сіз баспалдақта тұрғанда бір заттарға еңкейіп қол созбаңыздар: баспалдақ тайып кетуі не сіз тепе-теңдігіңізді сақтай алмай қалуыңыз мүмкін. Баспалдақтан түсіп, оны қажет жерге қарай ауыстырып қойыңыз.

4.10.9. Баспалдақты пайдаланар алдында тексеріп алыңыз. А формасы түріндегі баспалдақ пайдаланар алдында тіркелуі керек.

4.10.10. Егер сіз ағаш сатыны пайдалансаңыз, оның көлденең тақтайшаларының және басқа бөліктерінің түйіні мен тесіктері жоқ екендігіне

к ө з ж е т к і з і ң і з .

4.10.11. Саты аспап болып табылады, сондықтан оның қандай жүкті көтере алатындығына көз жеткізіңдер.

4.10.12. Сатыны қоятын еден не табан берік, орнықты және тегіс болу керек.

4.10.13. Саты жасауды тәжірибелі маманнан үйреніңіз.

4.10.14. Басқыш не саты бастан жоғары тұрған электрлік және радиотрансляциялық сымға тимеуі керек.

4.10.15. Саты тақтайшаларын жиналма басқыштың көпірлерін төсеніш ретінде сүйеуге болмайды.

4.10.16. Басқышпен төмен жоғары шыққанда екі қолмен ұстап алу керек. Құрал-жабдықтарға арналған белбеулерді не құрал-саймандарды және ұсақ-түйек керек заттарды алып жүретін сөмкені пайдаланыңыз.

Егер биялай кесеңіз, оның розмірі өзіңізге дәл болуы керек. Сіздің биялайыңыз не қолыңыз су не тайғақ болғанда басқышты ерекше байқап п а й д а л а н ы ң ы з .

4.10.17. Тепе-теңдіктен айырылып қалу не құлай қаупі болса, басқышта тұрып жұмыс істеуге болмайды. Қажет болғанда монтаж белдігін киген жөн (2 метрден артық биіктікте).

4.11. ТОТ БАСҚАНДЫ КЕТІРУ ЖӘНЕ БОЯУ

4.11.1. Машина құрал жабдықтарының айналасын бояғанда энергиямен жабдықтайтын машина ағытылған, машина құрал жабдықтары жылжи алмайтындай не өз бетімен қозғалмайтындай орналасуын тексеру қажет. Сәйкес ескертулер жазылған кесте болғаны жөн.

4.11.2. Бояуда жүрек айнытатын не адам денесін тітіркендіретін қоспалар болады, ал еріткіштердің буы тез жарылатын не жүрек айнытатын болуы мүмкін. Егер бояу ыдысына пайдалану нұсқауы жазылмаса, онда сатып алған жерден пайдаланғанда қандай да бір қаупі жоқ па, пайдаланғанда ерекше бір әдетті қолдану қажет пе дегендерді сұрау керек.

4.11.3. Тот басқанды қышқылдар арқылы кетіру керек, сондықтан қышқылды теріге тигізуге болмайды. Шашырағаны көзге тимеу үшін қорғағыш көзілдірік к и ю к е р е к .

4.11.4. Егер жоғарғы жақты не арқандардың маңдайын бояу керек болса, онда тот басқанды кетіргіштің шашырандысын арқанға және монтаж белдігіне тигізбей, байқау керек. Жұмыс бөлмесіндегі барлық радиохабарлағыштардың сынбауын қадағалап, жауып қою керек.

4.11.5. Ішкі және жабық кеңістіктің бояп жатқан кезде және ол кеткенге дейін жақсы вентиляциясы болу керек.

4.11.6. Бояп жатқан уақытта және ол толығымен кепкенге дейін ішкі бөлмелерде темекі шегуге және ашық отты пайдалануға болмайды.

Кейбір булар, тіпті төмен қоспалар да, темекінің түтінімен қосылып, дем алғанда зиянды затқа айналуы мүмкін.

Ү. СЕЙСМИКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР

5.1. ПНЕВМАПУШКАЛАР ЖӘНЕ КОМПРЕССОРЛАР

Жоғарғы қысымнан болатын қауіп.

Пневмопушкарлар - қысылған ауаны тез суға жіберетін қондырғы. Ол жарылудың әсерлілігін арттырады. Геофизикалық зерттеулерді жеткілікті энергиямен қамтамасыз ету үшін өте жоғары қысым беруге қабілеті бар қуатты компрессорлар қажет. Көпшілік пневмопушкарлар жүйелерінде қолданылатын кәдімгі жұмыс қысымы автомобиль шиналарының қысымынан 70 есе көп болады. Осындай қысыммен шыққан кез келген ауа ерекше қауіпті болады және денені бүлдіріп, тері арқылы адамның қанына шаң, ауа, тіпті май бөлшектерін түсіреді.

Жоғарғы ауа қысымына байланысты қауіпті азайту үшін мына ережелерді сақтау керек:

5.1.1. Қолдарыңызды еш уақытта ауа ағынына және кез келген қысымда тұрған шығу тесіктеріне қоймаңыздар. Қан жүретін тамырларға ауаның кіруі өліммен аяқталуы мүмкін.

5.1.2. Пневмопушкарлармен, басқаратын құрал-жабдықтармен және ауа компрессорларымен тек маманданған рұқсаты бар адамдар ғана жұмыс істеуі керек. Басқа барлық қызметкерлер құрал-жабдықтардан, жинақтау сымдарынан, бұзғанда және қайта жинағандағы оқтан не пневмопушкарлармен жұмыс істегенде, олардан аулақ тұруы керек.

5.1.3. Ауа шыққанда қауіпті болатын жерде жұмыс істейтін барлық жұмыскерлер жүйе жұмыс істеп тұрғанда, көздерін және құлақтарын қорғайтын құрал алып жүрулері керек.

5.1.4. Жоғары қысымды жүргізу және тексеру үшін пайдаланылатын резервуарлар, құбырлар, тізбектер және құрал-жабдықтар арнайы жасалған құрал-жабдықтар болып есептеледі, сондықтан оларға ерекше көңіл бөлінуі керек. Жоғары қысымда тұрғанда жоғары қысым жүйесін пайдалануға, болттарды не құрал-жабдықтарды босатуға не қысуға, балғамен қандай да бір бөлшегін ұруға болмайды.

(Құжаттың 5.1.5. тармақшасының болмағандығынан, орысша мәтінді ұсынамыз)

5.1.5. Резервуары, трубы, линии и оборудование, используемые для проведения и контроля такого высокого давления, являются специализированным оборудованием, которому следует уделять особое внимание. Никогда не используйте, не закрепляйте или не ослабляйте болты или оборудование, не ударяйте молотком по какой-либо части системы высокого давления, когда она находится под давлением.

5.1.6. Қысымды реттеп тұратын клапандар (ысырмалар) және басқа қорғағыш құралдарды алып тастауға не ауыстыруға болмайды. Тек жетік мамандар ғана жөндеу не ауыстыру жұмысын жүргізе алады.

5.1.7. Шығару клапанының алдында және артында тұрған блоктың кез келген клапандары ашық қалпында тұруы керек.

5.1.8. Клапандарды ашқанда ең алдымен толық ашық клапанды қойып, одан кейін штурвалды жарты айналым артқа жылжытып аздап жабу керек.

5.1.9. Стандарт емес қосымша бөлшектерді пайдалану қауіпті болуы мүмкін.

ЖАРЫЛУ ҚАУІПІ

Сығылған ауаның тағы бір қауіпті жағдайы, ол жарылып кетуі мүмкін. Сығылған ауа жанатын сұйықпен құбырда не жүйенің басқа бөлігінде реакцияға түскенде жарылыс болуы мүмкін. Жарылу басқа жағдайда да болуы мүмкін: тосыннан қысқанда жабық көлемде температура жоғарлап кетеді (компрессорлық инцинировандық жану) не ауа краны майы бар монометрге ашылған кезде. Тіпті құбыр жүйесіндегі майлағыш не гидравликалық майдың жұқа қабаты да жарылыс тудыра алады.

Жалын пайда болған кезде толқын ұрғанда құбырлар жарылып кетуі мүмкін.

Жарылу қаупін азайту үшін мына ережелерді орындау керек:

- а) Тездетіп барлық клапандарды ашыңдар.
- б) Май және басқа жанғыш заттардың барлық ауа тізбегіне және сығылған ауа тізбегіне түспеуін қадағалау керек.
- в) Еш уақытта сутекті көмір майын пайдаланған не майлаған пневматикалық құрал-жабдық құрастыруға болмайды. Шөп не синтетикалық (компрессорларға пайдаланатын) майларды не силеконды майлағышты пайдаланған жөн.
- г) Жоғарғы температураның әсерінен май тұтанып кетуден сақтану үшін, сығылған газ суытылғаннан кейін температуралық режимге сәйкес келуін қадағалау керек.
- д) Мына себептерден тұтанудан сақ болыңыздар: электростатикалық разряд, насоста май қабыршағының сығылуы, сыртқы соққы және сыртқы өрт.
- е) Палубада жөндеу жұмыстары сақтықпен жүргізілуі керек. Ашық жалын не басқа жылу көздерін ауа торабы мен электр кабельдерінен белгілі бір аралықта ұстаңыздар. Ауа райы өте суық болғанда жөндеу жұмыстарын уақытша жабық жерде жүргізіндер электр дәнекерлегіштер мен шамдар кеме палубасын жерлестірілген болу керек. Жөндеуші жұмыскерлердің тағайындалуына және жарақаттанған жерлеріне құрал-жабдықтарды пайдаланыңыздар. (Металл заттар да кедір-бұдыр қабыршақтар да адам денесін жарақаттандырады, сондықтан оны тегістеп өңдеу керек, не сол затты ауыстыру керек).

ж) Түтіктер мен шлангылар белгілі бір аралықтан кейін, ұзына бойына, қорғалып отырылуы керек, себебі, егер сынып кетсе ұштарын біріктіруге болмайды.

5.2. ПНЕВМАПУШКАМЕН ЖҰМЫС

Пневмапушка - ұқыпты түрде жұмыс істеуді және техникалық қызмет көрсетуде қажет ететін және қызметкерлерге өте үлкен қауіп тудыратын жүйенің б ө л і г і .

Ауа пушкаларымен жұмыс істейтін бригада приборларды басқара білулері керек. Олар құралдарды қосу, ажырату, жұмысқа қосу, палубадағы қысымды тікелей жақындамай бақылау жұмыстарын орындай алулары қажет. Сақтандырудың мынадай шаралары қолданылуы керек:

5.2.1. Егер адам пушканы жинаған және бұзған кезде суда болса, онда жібі бар сақтандыру белдігін кию ұсынылады. Міндетті түрде қорғағыш жилетін киюі к е р е к .

5.2.2. Пневмапушканы жинағанда, бұзғанда және онымен жұмыс істегенде қызметшілер сақтану каскаларын, сақтану ботинкасы және көздері мен құлақтарын қорғайтын құралдарын алып жүруі керек.

5.2.3. Пневмапушкамен жұмыс істегенде жоғарғы қысымды газға арналған шлангы, электр тізбегі және сүйрейтін кабель (буксировочный кабель) пайдаланылады. Ешкімнің ауа және электроэнергия берілетін тізбекке шалынып не сүрініп қалмауын мұқият қарауы керек. Жоғары қысымды шлангыны және электрокабельдерін абайлап ұстаңыз, себебі тозған жерінде не олардың сыртқы қабатында ток өткізбейтін қабат керек емес кернеу болуы мүмкін.

5.2.4. Пушкадағы қысымды ылғи да бортқа әкелмес бұрын шығарып жіберу к е р е к .

5.2.5. Пушка палубада тұрғанда кез келген уақытта жүйеге қысым кіргізген сайын белгі берілетін шам шағылады.

5.2.6. Жүйеге қысымды кездейсоқ қалпына келтіруден қорғану үшін басқару пунктіндегі кіретін есікті жауып, пломба салып тастау керек.

5.2.7. Пушкаға жақындамай тұрып, қысымның дұрыс еместігіне көзіңізді ж е т к і з і ң і з .

5.2.8. Қысымда тұрған жай ауа өте қауіпті болуы мүмкін. Мүмкін болғанынша пневмопушканы қосуды тексеруден аулақ болыңыз. Егер осындай сынақ қажет болса, онда айнала (кеңістік) қауіпті емес жерге дейін тазартылған және қорғау шаралары қолданылған жағдайда ғана жүргізу керек. Адамның қысымын шығарып сынақ жүргізгенде, қысым 30 атм. аспауы және барлығы ЖҚЖ-мен жабдықталуы, пушкада 8 метрден кем емес аралықта болуы қажет. Сынақ кезінде еш уақытта пушканы ұстамаңыздар.

5.2.9. Кез келген жоғары қысымды ауадан болған инъекциялық жарақат,

қаншама жеңіл болса да, оған мән беріп қарау керек.

5.2.10. Байқаусызда жоғарғы қысымды ауамен зақымдалып қалған жағдайда, адам терісі мөлдіреп қалса, не сол жердің түсі өзгерсе, онда сол адам жарақаттанды деп есептеп, мынадай міндеттерді орындау керек:

а) Жарақаттанған адамды, тез арада, кез келген көлікпен, ең жақын медициналық мекемеге жеткізуге барлық жағдайды жасау керек.

б) Дәрігерлік көмек, жарақаттанғаннан кейін 8 сағаттан аспай, көрсетілуі к е р е к .

в) Жарақаттанған адамға мынадай көмек көрсетуге болады: дененің жарақаттанған бөлігін жүрек тұсынан жоғары көтеріп қою керек, сонда терінің мөлдіреуі азаяды және қысып тұратын таңғышты (жгут) жарақаттанған жермен жүректің арасынан таңу керек.

5.3. СУ ПУШКАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Су пушкаларында пневмапушкаларда сияқты потенциалды қауіптер болады, сондықтан соған ұқсас сақтану шараларын қолдану керек, атап айтқанда:

5.3.1. Пушкаға толық қысымды тек ол суда тұрған жағдайда ғана пайдалану керек. Пушка палубада тұрғанда, еш уақытта, толық гидравликалық қысымды пушкаға пайдалануға болмайды. Гидравликалық құралдар дайын болып, суға түсірілгенге дейін, қоршаулы тұруы керек.

5.3.2. Газ аккумуляторлар азотпен зарядталуы керек.

5.4. ОТТЕГІ ЖӘНЕ ПРОПАН - ГАЗДЫ ЖАРЫЛҒЫШТАРМЕН ЖҰМЫС

Барлық газды цилиндрларда ағылшын тілінде, қазақ және орыс тілдерінде жазулар болуы керек. Тек түсті кодтарға ғана сеніп қалуға болмайды.

Оттегі мен басқа газдардың, пропан, бутан және т.б. қоспасы қашанда қауіпті болады, сондықтан оларды ауыстыра алатын (альтернатив) сейсмикалық көздерді іздеу керек. Пропан газының шығып тұрғанын оның жағымсыз иісінен білуге болады, ал оттегінің иісі жоқ, сондықтан оның шығып жатқанын бірден білуге болмайды. Газбен жарылатын жүйемен тек маманданған қызметшілер ғана жұмыс істеуі керек. Басқа қалған қызметшілер әсер ететін аймақтан әрі болулары керек және онымен бірге:

5.4.1. Жарылған газ аймақта темекі шегуге қатаң тыйым салыну керек. Палубаның маңайына, көрінетін орындарға сақтық белгілерін қойып қою керек: темекі тартуға болмайтын, ашық шам не жалынды пайдалануға болмайтындығы е с к е р т і л е д і .

5.4.2. Жұмыс орындарыңызды от алғыш заттардан сақтаңыздар, оның ішінде май, майлайтын (смазка), бояу, шүберек, ағаштар және т.б. жатады. Оттегі көп атмосферада мұндай заттар тез от алып, тіпті жарылып кетуі де мүмкін. Оттегі көп жерде жұмыс істегенде, ол үстегі киімдерге сіңіп қалуы мүмкін, сондықтан киімдерді шешіп және кез келген от көзінен не жалыннан аулақ жерге кем

дегенде бір сағат іліп қойып желдету керек.

5.4.3. Газ балондарының не контейнерлердің қасында дәнекерлеуге не пісіру жұмыстарын жүргізуге болмайды. Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізгенде өрт шлангылары не өрт сөндіргіштер дайын тұрулары қажет.

5.4.4. Өрт шлангыларын өздеріне қарай тартып, оларды оттегі, пропан, бутан газдарын, жанармайларды, от алғыш заттарды, тотығатын агенттерді және т.б. тиегенде дайын ұстап тұру керек. Газ шыққанын сезсеңіз, палубаға көп және контейнер клапандарына көп мөлшерде су құйыңыз.

5.4.5. Ашық палубаға сақталған оттегі толтырылған баллондарды мыналардан сақтаңыздар: жаңбырдан және теңіз суынан, өйткені тот басып не мұз және қар жиналып қалуы мүмкін, тік күн көзінің түсуінен. Барлық газ баллондары арнайы металдан жасалған бөлмешелерде сақтанып, оған құлып салынып қояды.

5.4.6. Басқа бос не пайдаланылмаған баллондардың крандары жабық күйінде болсын және ол крандар қорғағыш жапқыштармен жабылған болуы керек.

5.4.7. Баллондарды бір жерден екінші жерге ауыстырғанда механикалық әсер не соққыға кездесулері керек, өйткені ондай жерлер оларды бүлдіруі мүмкін. Баллондарды лақтыруға не бір-біріне тигізіп қоюға болмайды.

5.4.8. Газ баллондар газды сақтаудан басқа мақсаттарға пайдалануға болмайды. Бос баллондарда газдың қалдығы қалуы мүмкін, ол потенциал қауіпті б о л а д ы .

5.4.9. Егер баллонды кранға не көтергіш машинаның жебесіне тіркесе, онда оларды аспанға не жүк көтеретін қондырғыға орналастырған жөн. Көтерген кездегі оқыс жұлқылаудан сақ болу керек.

5.4.10. Баллондардың орнын ауыстыруға қол арбаларын пайдаланғанда, баллондарды тік орналастырған жөн. Оларды арбамен горизонталь жағдайда тасуға болмайды. Баллондарды бір жерден екінші жерге сүйреп апаруға б о л м а й д ы .

5.4.11. Баллондарды орындарынан ауыстырмас бұрын, әр уақытта клапандарын жауып қойыңыздар. Орнын ауыстыратын баллондардағы қысымды реттегішті алып қойып, клапанды қорғайтын жапқышты бекітіп қою керек.

5.4.12. Клапанды қорғайтын жапқышпен бірге көлденең жатқан баллонды тік қоймас бұрын клапанның жапқышы дәл орнында тұрғанына және тығыз жабылғандығына көздеріңізді жеткізіңіздер. Одан кейін ғана баллонды тік көтеріңіздер. Еш уақытта баллонды көтеру үшін клапан жапқышынан ұ с т а м а ң ы з д а р .

5.4.13. Оттегі толтырылған баллонды қосып және пайдаланбастан бұрын, алдын ала, майдың жоқ екендігін және сіздің қолыңыздың не биялайыңыздың, баллон клапанының, реттегіштің, монометрлердің және басқа керекті жабдықтардың майланбағандығына көз жеткізіп алыңыздар.

5.4.14. Клапанды қорғайтын жапқышты алғаннан кейін, клапанның ластанбағанына көз жеткізіңіз.

Егер қажет болса, оны ластанған заттан тазартыңыз. Клапанның газ шығатын тесігін өзіңізден, жақын тұрған адамдардан не от алғыш көздерден (источники) айналырып қойыңыз.

5.4.15. Вентильді бекіткеннен кейін одан созған қолыңыздың ұзындығындай қырындап тұрыңыз. Себебі сізге монометрдің циферблаты көрініп тұратындай болуы керек. Одан кейін винтильде қысым тез көтеріліп кетпеу үшін баллонның клапанын аздап ашыңыз.

5.4.16. Қолмен ұстайтын доңғалақшалары бар клапандарға гайка кілттерін пайдалануға болмайды. Клапанды ашқанда немесе жапқанда, еш уақытта оның доңғалақшаларына балғамен ұруға болмайды, және осы жұмыс үшін қолдан жасаған құрал-саймандарды қолдануға болмайды.

5.4.17. Клапан жапқыштарды және баллондарды пайдаланғанда оның резбаларын сымнан жасалған щеткамен, оларды пайдаланып болғаннан кейін және жапқышты ауыстырар алдында, тазалау керек.

5.4.18. Оттегі контейнерін пайдаланғаннан кейін, клапанды жауып қою керек, себебі клапан не контейнердің ішкі жағы кірлеп қалуы мүмкін.

Пропан, және бутан толтырылған баллондарды қолдану және сақтау ережелері оттегі толтырылған баллондармен бірдей. Пропан және Бутан ауадан ауыр газдар, сондықтан олар жабық жерлердің төменгі қабатына жиналады. Осыған сәйкес есте ұстау керек:

а) Пропан және Бутан ауадан ауыр газ және ауамен не таза оттегімен қосылған қопарылатын қоспа пайда болады;

б) Пропан және Бутан негізінде сұйық күйінде цистерналарда сақталады; сондықтан цистерналарды қатты қызып кетуге душар етпеңіз, себебі сұйық қызғаннан кейін газ күйіне айналып және оның қысымы жарылуға дейін көтеріліп кетуі мүмкін; электр қыздырғыштарын, дәнекерлейтін лампаны пайдаланбаңыз. Бұлардың әсерінен сұйық тез буға айналады. Газды генерировалау үшін цистернаның сыртынан жылы суды пайдалану керек, суық күндері ол жылытуға көмектеседі;

в) Пропан және Бутанды оттегінен жеке сақтау керек. Негізінде бұл газдарды ашық палубаның ең биік жерінің үстінде сақтайды, ал оттегі бар цилиндрлерді палубаның төмен орналасқан бөлігінде сақтайды;

г) Пропан мен Бутанды еш уақытта шектенген кеңестікте сақтауға болмайды. Уытты жерінен басқа, от алғыш газдардың жинақталуы қауіпті;

д) Газға арналған баллондарды ауыстырғанда не тазалағанда арнайы арналған киімдерді кию керек.

5.5. СЕЙСМИКАЛЫҚ КАБЕЛЬДЕРДІ ОРАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ТАРАТУ

Сейсмикалық кемелерде қолданылатын сейсмикалық кабельдердің номенклатурасы мен ұзындығы үнемі өзгеріп отырады. Кеменің әрбір командасы өздерінің іс-әрекеттеріне сәйкес жұмыстың ең қауіпсіз әдісін табулары керек. Бұл жағдайлар жазылып қойылады және үнемі қайта қаралып отырады.

Жоспар жасағанда және қауіпсіз әрекеттеріне баға берілгенде мына талаптарды тиісті нұсқаулық ретінде пайдалануға болады.

5.5.1. Буксирлік жүйелерді орау және қайта тарқатар алдында осы жұмысқа қатынасушы адамдардың бәрі әрекеттерінің бағдарын жақсы білулері керек. Буксирлік жүйені іске қосар алдында қай жүйенің қосылғандығы туралы кемедегі кезекші офицерге мәлімдеу қажет. Орау және қайта тарату кезінде кеменің және геофизикалық командамен тығыз байланыс әрекеті болу керек.

5.5.2. Судағы немесе геофизикалық кез келген жұмыстарды жасамас бұрын алдағы ауа райының жағдайын, судың тереңдігін, кеменің бағытын білу керек.

5.5.3. Кезекті (вахталық) офицер кеменің кеңістіктегі қозғалысын бақылап отырады, оның бағытындағы және орын ауыстыруындағы өзгерістің бәрін палубаның артқы бөлігіндегі қызметшілерге хабарлайды.

5.5.4. Жұмысқа кірісер алдында төмен түсіру жүйелерінің барлық жабдықтарын: барабандарды, тежегіштерді, гидравликалық жүйелерді, арт жағындағы белгі беру оттарын, батареяларды, сейсмокабылдағыштардың, т.б. тексеріп, олардың жай-күйімен танысады. Кейбір сейсмикалық кемелерде жоғары топтың қауіпі болады. Егер осындай жағдайда істейтін болсаңыз, жұмыс басшысының барлық нұсқауларын орындаңыз.

5.5.5. Көпірше мен палубаның артқы жағындағы коммуникация жүйелерінің және көріну аппаратураларының қызметін тексеру керек. Доктағы қызметшілер мен рульдегі қызметшілердің тиісті байланыстары болғанша, жұмысты бастауға б о л м а й д ы .

5.5.6. Құтқару белдіктері мен якорлық жүйелер кеменің артқы жағында (қорлау) сақталады. Жағдайдың қажетіне орай немесе жауапты адамның нұсқауы бойынша құтқару белдіктері киіліп тұрылады.

5.5.7. Әркім өзіне арналған арнаулы киімдерін киюге тиіс, олардың ішінде қорғау жилеті, таймайтын бөтеңке, ауа райының дымқыл кезінде киетін жамылғы , қолғаптар немесе қажет болатын басқа да ЖҚЖ-лар да кіреді.

5.5.8. Шығыршықтардың барабандары айналып тұрған кезде олардың қасында жұмыс істеуге болмайды. Шығыршықтардың барабандары маңайына келіп-кететін жолдар қорғанмен бөлінуі керек.

5.5.9. Кабельдің барабандарында өте тәжірибелі адам мұқият басқарумен ж ұ м ы с і с т е й д і .

5.5.10. Көтергіштерді, балкаларды, крандарды қолданып құйрықты қалқымаларды көтеру үшін көтеру жүйесі жүктің салмағына қоса соғылған кезде

қосылатын салмақты да есепке алу керек. Құйрықты қалқымалар теңселгенде, тынышсыз теңіздегі толқынның әсері сондай күштерді тудырады.

5.5.11. Құйрықты қалқымаларды жұмысқа қосар алдында ол туралы кезекті офицерге қолма-қол хабарлау қажет.

5.5.12. Жұмысқа қосу кезінде құйрықты қалқымалар мен кеменің артқы жағының екі аралығында ешкімнің тұруына рұқсат етілмейді.

5.5.13. Құйрықты қалқымаларды жұмысқа қосқанда қызметші палубадағы қанаттың шұңғылынан ары тұруы керек. Ешкім еш уақытта тростың үйшігінде тұруына рұқсат етілмейді.

5.5.14. Тереңдікті бақылау үшін немесе сондай саймандарды пайдалану кезінде кабельдің бекітілгеннен кейінгі жағдайына сақ болу керек.

5.5.15. Сейсмикалық өрімі бар барабан өрім толық түскеннен кейін ғана бекітілуі керек. Бұл болт арқылы немесе шынжыр арқылы бекітіледі. Егер үнемі бақылаудан өтпесе, барабанның тежегіштері ұстамай қалады.

5.5.16. Сейсмикалық кемелерді түсірген кезде мүмкіндігі бар жерде оны қорғап тұратын қоршау шынжырлар немесе таяныш қанаттар орнатылады.

СЕЙСМИКАЛЫҚ КАБЕЛЬДЕРДІ ОРАУ

5.5.17. Кабельдерді орауынан тарқату кезіндегі сияқты оларды қайта орағанда да, ауа райын, судың тереңдігін, кеменің бағытын еске алып отыру керек.

5.5.18. Шығыр, барабан және коммуникация жүйелері жұмыс бастамас бұрын тексеріледі.

5.5.19. Көтеріліп алынатын заттың түрі, оны орындауға қанша уақыт кететіндігі күзетші офицерге хабарланады. Барлық қозғалысты капитан басқарады және кездейсоқ оқиғаларға дайын әрі сақ болуы керек.

5.5.20. Құйрықты қалқымаларды немесе кеңейткіш жүйелерді көтерген кезде жұмысқа қосылмаған басқа адамдар қорғанышы бар аулақ жерде тұрады. Тоқ жүретін каттар мен кабельдер қашанда қауіпті.

5.5.21. Барлық құрал-жабдықтар борт үстінде болғанда, құралдар мен саймандар ретімен жиналуы жөн.

5.5.22. Жұмыс аяқталғаннан кейін құйрықты қалқымалар мен сейсмокостарды дұрыстап жинап қояды.

5.5.23. Барлық тұтқалар, шынжырлар, сақтандырғыш жүйелер құрал-жабдықтар жұмысқа қосылғаннан кейін жиналып алынады.

5.5.24. Сейсмикалық кабельдердегі кез келген тұтанғыш сұйықтықтар кабель көтеріліп алынғаннан кейін тазалануы қажет.

5.5.25. Кабельмен жұмыс істеген кезде палубаның артқы жағында темекі тартуға болмайды.

5.5.26. Жауапты адам күзетші офицерге артқы палубаның таза екендігі және буксирлік жүйенің бекітілгендігі туралы хабарлап тұрады.

5.6. КАБЕЛЬДІҢ МАЙЫ

Кабельдің майы өте тұтанғыш, сондықтан:

5.6.1. Кабельдің майлайтын май құйылған ыдыстың сыртына "оттан қауіпті" деп анық жазылған белгі жасалынады.

5.6.2. Кабель оралған барабандардың қасында және кабельмен жұмыс істейтін орында темекі тартуға немесе от жағуға болмайды.

5.6.3. Сейсмикалық кабельдерді орағаннан немесе қайта тарқатқаннан кейін және сейсмикалық кабельмен кез келген жұмыстан кейін палубаны мұқият ж у ы ң ы з .

5.6.4. Кабельдік майлар тамған теріңізді, киіміңізді суды мол етіп қолма-қол жуыңыз, өйткені ол тез кебеді де, күйдіріп жібереді.

5.7. КЕМЕ ЖҰРУ СТАНЦИЯЛАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР

Мұнаралар орнатуды қажет ететін негізгі кеме жүру станциялары мынадай жабдықтармен қамтамасыз етілуі қажет:

5.7.1. ӘРКІМГЕ МІНДЕТТІ ЖАБДЫҚТАР:

а) Сақтандыру бәтеңкелері - үстіңгі жағы мықты жүк түсуден сақтанатын шұлығы бар, тайғанамайтын, орнықты, химиялық қоспалар мен ыстыққа шыдамды табаны бар жұмыс бәтеңкелері.

б) Екінші аяқ киім - спорттық сыпатты бәтеңкелер, табанның кескініне келетін жұмсақ, иілгіш табаны бар, мұнараға өрмелеуге қолайлы. Мұнараларға өрмелеуден мүмкіндігінше аулақ болған жөн.

в) Тиісті талапқа сай келетін қатты телпектер. Оны мұнараны құрау кезінде, немесе мұнаралардың түбінде тұрып жұмыс істегенде киеді.

г) Химиялық қоспалармен, бояушылықпен, мұнараларды жуу, бөліктерін қосу кезінде бетке киетін тиісті талапқа сай киімдер.

д) Әркімнің жеке киетін суға батырмайтын, су бетінде ұстап тұратын киімдері, қайық үстінде жұмыс істегенде киетін жұмыс жилеттер.

5.7.2. Мұнараларды тұрғызған кездегі сақтандыру жабдықтары:

а) Сақтандыру арқандары бар монтаждау белдіктері - алдында, артында бекіткіштері бар, өрмелеуге толық екі жабдық. Бұл белдік оқыс құлап кетуден с а қ т а й д ы .

б) Өрмелеуге арналған арқан, қауіптен сақтау арқандарын басқа мақсатқа пайдаланбайды. Олардың ұзындығы мұнараның биіктігінен екі есе артық, оның үстіне, төтенше жағдайда пайдаланатын қосымша ұзындық.

в) металдан жасалған көтергіш құралдар-сегіздік сияқты түсіргіш карабиндердің шу комплектісі және он бес түрлі басқалар. Олар мұнараларда істейтін адамдарды көтеріп, түсіретін сым арқандарды ілуге және бекітуге п а й д а л а н ы л а д ы .

г) Сақтандыру линиясы - тиісті талапқа сай келетін әрқайсысының ұзындығы

1 м. екі тросы және жұмыс кезінде мұнараға өз алдына жеке бекітілген карабині
б а р .

5.7.3. Станциялардағы қорғаныш жабдықтары

а) Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету жабдықтары: әрбір жабдық станцияны пайдалану және орналастыру уақытында қанша адам болса, соған байланысты қ а м д а л а д ы .

б) өрттің кез келген түріне сай келетін СО түріндегі екі өрт сөндіргіш электронды жабдықтары және пеші бар болып келеді, олар генератордың стендісі мен бас стендіге арналған.

в) Өрт жанғыштар (киіз) - олардың екеуі өрт сөндіргіш орнатылған жерге о р н а л а с т ы р а д ы .

г) Өрт сөндіргіш шелектер - олардың екеуі жерде өрт болатындай жағдай бола қалса деп генератордың жанына қойылады.

д) Алдын ала ескерту таспасы - хауіпті анықтайтын ролик яғни жанар май қоймасы, мұнарадағы сым арқанның тұтқасы, газды баллондар т.б.

е) "Дулығамен жұмыс істелсін" және "шылым шегуге болмайды" деген ескертпе белгілері көрнекті жерлерге орналастырылуға тиісті. Олар ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жазылуға тиіс.

VI. ҚАУІПТІ МАТЕРИАЛДАР

6.1. ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАР

6.1.1. ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

Теңізде жер сілкіністік барлауға байланысты жарылыс жұмыстарын жүргізген кезде "жарылыс жұмыстарына байланысты қауіпсіздіктің жалпы бірдей ережелерінің" (ЕПБВР-1992 ж.), "жер сілкіністік барлау жұмыстарын жүргізуге байланысты жарылысшының техникалық қауіпсіздікті сақтау жөніндегі нұсқауының (1994 ж.) талаптары сақтала отырып және сол Ережелерге с а й ж ү р г і з і л е д і .

6.1.1.1. Жарылыс жұмыстарына жасы 20-дан кем емес, жарылысшының жалпыға бірдей кітапшасы не болған (жарылысша - шебер), білімі мен тәжірибесі , дағдысы жөнінен кезекті сынақтан өткендерге жіберілуге тиіс.

6.1.1.2. Жарылғыш заттар қолданылатын (ВМ) жұмысты істейтін адамдардың бәрінде ішкі істер бөлімдері тарапынан берілген рұқсат қағаздары және денсаулығы жөніндегі психиатордың дәрігерлік тұжырымы болуға тиіс.

6.1.1.3. Жарылғыш заттарға байланысты кез келген жұмыста (ВВ) мейлінше сақтық жасалуға тиіс, соқтығысқа, үйкеліске, жол беруге болмайды, жарылғыш заттарды (ВВ) әсте бақылаусыз қалдыруға да болмайды.

6.1.1.4. Жарылғыш заттармен жұмыс істеген жағдайда жанып тұрған отты пайдалануға, шылым шегуге болмайды.

6.1.1.5. Жарылғыш материалдарға тым жақын жерде өрт шыға қалған

жағдайда оны сөндіруге шашыраған суды, көпіршік және көмір қышқылды өрт сөндіргіштерді ғана пайдалану керек.

6.1.1.6. Жарылғыш материалдар өздігінен тұтанған немесе қалайда тұтану қаупі бар екені айқын болған жағдайда кемеңің барлық адамдары дереу кемеден түсіріп, әкетілуге және олар көшіру жоспарына сәйкес белгілі бір қауіпсіз қашықтыққа әкетілуі қажет. Өрт шыққан жерді басқа кемелердің қатерлі жерге жақындап келуінен қорғау керек.

6.1.1.7. Күшті дәрінің, алкогольдің, есірткенің әсері болған кезде, ауырған немесе бойын дел-сал кезде жарылғыш заттарға байланысты жұмыс атқаруға б о л м а й д ы .

6.1.1.8. Күн күркірегенде, теңізде күшті толқын тұрған кезде және радиоқабылдағыштарға жақын жерде жарылғыш заттармен жұмыс істеуге болмайды. Жарылғыш заттармен жұмыс істегенде барлық радиостанциялар ө ш і р і л і п т а с т а л у ғ а т и і с .

6.1.1.9. Жарылғыш заттармен тәуліктің тек жақсы көрінетін мезгілінде ғана жұмыс істеуге рұқсат етіледі.

6.1.1.10. Жарылысшы жұмыс басталмай тұрып жарылғыш заттарды пайдаланудағы жасап шығарған заводтың нұсқауымен танысып алуға, атқарылатын жұмыстың көмегімен және технологиясынан нақты хабардар болуға тиіс, және де ол жарылғыш заттармен атқарылатын барлық істі анық түсінгендігін өз қолымен жазба түрінде куәлендіруге міндетті.

6.1.2. САҚТАУ

6.1.2.1. Жарылғыш материалдары (ІІБ) ішкі істер басқармасы мен қалалық техникалық бақылаудың актісі бойынша қабылданған арнаулы үйлерде сақтау к е р е к .

6.1.2.2. Жарылғыш заттарды сақтауға жауапты адам сақталған және пайдаланылған жарылғыш заттардың санын ЕПБВР-ға сәйкес қатаң есепке алып о т ы р у ғ а т и і с .

6.1.2.3. Жарылғыш заттар ұрланса немесе жоғалса барлық жағдайда ереже бойынша тергеу жүргізілуге тиіс және мұқият тексеру жүргізу үшін ондай оқиға жөнінде хабар басшылыққа, ішкі істер басқармасының жергілікті орындары мен қалалық техникалық бақылау орындарына мәлімденеді.

6.1.2.4. Жарылғыш заттарды үнемі (ұзақ уақыт) детонаторлармен бірге с а қ т а у ғ а б о л м а й д ы .

6.1.2.5. Зақымданған жарылғыш заттар ЕПБВР-ға сай жойылуға тиіс.

6.1.2.6. Жарылғыш заттар ЕПБВР-ға сай толтырылып, геофизикалық партияның бастығы қол қойған алдағы атқарылатын жұмыстың наряд жолдамасын қоса ұсынған жағдайда ғана қоймадан босатылатын болады.

6.1.2.7. Жарылғыш заттардың уақытша қоймасы арнайы жабдықталған және

күзетілетін дербес кеме болуға тиіс.

6.1.2.8. Жарылғыш заттарды жұмыс кемесінде уақытша сақтау қажет болған жағдайда жарылғыш заттар тұрғын үйлерден мейлінше қашықта орналасқан мамандандырылған бронды үйде сақталатын болуы керек.

6.1.3. ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ

Жарылғыш заттарды негізгі қоймадан уақытша қоймаға дейін жермен тасу ісі "Жарылғыш заттарды автомобиль транспортымен тасымалдаудың ережесіне" (1984 ж.), ЕПБВР мен осы инструкцияның төменде келтірілетін нұсқауларының негізгі ережелеріне сәйкес ВМ-ді сумен порттан жұмыс кемесіне дейін және жұмыс кемесінен ВР-дің орналасқан жеріне дейін тасымалдау ережесіне сәйкес о р ы н д а у к е р е к .

6.1.3.1. Жарылғыш заттарды сумен тасымалдау тек жасап шығарған зауыттың буымында, алдын ала жылжымайтын етіп бекітілген және ылғал тимейтіндей болып қорғалған түрде ғана жүзеге асырылатын болады.

6.1.3.2. Көлемі үлкен жарылғыш заттарды (>20 кг.) алыс жерлерге тасымалдау арнаулы герметикалық контейнерлерге салынып, дизельмен жүргізілетін шағын кемелерді пайдалану арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

6.1.3.3. Жарылғыш заттарды тасымалдау дербес кемелермен жүзеге асырылуға тиіс. Жарылғыш заттарды тасымалдаған кезде олармен бірге жолаушыларды тасуға болмайды.

6.1.3.4. Егер иницинировка құралдарын (средства иницинирования) тиісті контейнерлерге салып, басқадай жарылғыш заттардан бөлек буылған болса, онда иницинировка құрал-жабдықтарын (СИ) басқадай жарылғыш заттармен қоса бір кемеді тасымалдауға болады.

6.1.3.5. Жарылғыш материалдар мен жарылғыш заттарды жанар маймен, тұтанғыш сұйық ерітінділермен басқа да қауіпті материалдармен бірге шағын бір кемеді тасымалдауға болмайды.

6.1.3.6. Жарылғыш материалдарды шағын кемелермен жұмыс орнына тасымалдау екі бақылаушының қатысуымен жүзеге асырылады. Күтпеген жерден кеме сынып қалған жағдайда бақылаушының біреуі техникалық көмек әкелуге кетеді де, екіншісі жарылғыш заттарды күзетуге тиіс.

6.1.4. ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Жарылғыш заттар жер сілкінісінің тербелесін жасаудан басқа (тиісті орындардың рұқсатынсыз) ешқандай мақсатқа пайдаланылмауға тиіс.

Тікелей жұмыс орнына келтірілген кезде (теңіз скважинасының аузында) жарылғыш заттарды пайдаланғанда мынадай негізгі шараларды қолдану қажет.

6.1.4.1. Капсюль-детонатор, шнур-детонатор жарылғыш заттарға және тоқ өткізгішті детонаторға жарылғыш заттарға алдын ала қоспай, оны тікелей скважинаға түсірер сәтте ғана қосу керек.

6.1.4.2. Жарылғыш заттарды оқтау жұмысын оны көтеріп тұрып және судың үстінде жасауға да болмайды. Бұл үшін кемедегі ағаш немесе брезент төсенішті пайдаланған жөн.

6.1.4.3. Жарылғыш заттарды шығарып алу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда болмаса, жарылғыш материалдар салынған жәшіктер мен контейнерлер үнемі жабық болуға тиіс.

6.1.4.4. Жарылғыш заттар тиелген шағын кемеді қопару жұмыстары жүргізіліп жатқан барлық уақытта шылым шегуге және оттың кез келген түрін пайдалануға үзілді-кесілді болмайды.

6.1.4.5. Егер жарылғыш заттар арнаулы шұңқырға түсіріліп және олар жаруға әзірленсе де, әйтсе де жарылғыш кеме әлгі шұңқырды жауып үлгірмеген жағдайда бұл қауіпті аймаққа басқа кемелің өтіп кетпеуі үшін әлгі шұңқырға күзет ұйымдастыру қажет.

6.1.4.6. Жарылғыш заттарды жарудың дәл алдында шұңқырларда қопарылыс болатын жердің төңірегінде 250 м. қашықтықта 4 бағытта қайықпен күзету постысын ұйымдастыру қажет.

6.1.4.7. Жарылғыш материалдарды пайдаланған кезде жарылыс жүргізіп жатқан жарушыға үнемі көрініп тұруы үшін оның оқталатын жарылғышының түсі ашық және көлемі жеткілікті мөлшерде болуға тиіс.

6.1.4.8. Оқталған жарылғыш шұңқырға тек өзінің салмағымен ғана түсірілетін болады. Оқталатын жарылғышты сілкілеуге немесе шұңқырға зорлап тығуға болмайды.

6.1.4.9. Жарылғышты жарған кезде шұңқырда және оның төңірегінде шұңқырдың жиегінен 50 метрден жақын жерде ешкім және ештеңе де болмауға тиіс.

6.1.4.10. Тереңдігі 10 метрден аспайтын шұңқырларға (теңіздің түбінен) салмағы 2,5 кг-нан кем жарылғыштарды қолданған кезде және де алғашқы бір топ қопарылыстардың нәтижесінде қауіпсіздігі анықталған жағдайда қауіпсіздік қашықтығын 25 метрге дейін қысқартуға болады, әйтседе бұдан жақындатуға әсте болмайды.

6.1.4.11. Жарылыстан 5 минут бұрын шартты дабыл белгісі беріледі. Мұндай белгі атылған қызыл ракета және сирена дауысы болуы мүмкін ал жарылыс біткен соң 5 минуттан кейін жасыл ракетамен дабылдың аяқталғаны жарияланады.

6.1.4.12. Егер және бір себептермен жарылғыш заттар жарылмай қалса, онда жарылғыштың жарылмай қалған бөлігін детонациямен жару үшін бастапқы шұңқырға таяу жерден тағыда қосымша шұңқыр бұрғылау жағын алдына ойластырып қойған жөн. Тек экологиялық тұрғыдан таза ("Дайносейс" тәрізді),

кейін бірте-бірте шіріп, өз өзінен қауіпсіз бөлшектерге ыдырайтын жарылғыштарды пайдаланған жағдайда ғана мұны жасамауға болады.

6.2. БАТАРЕЯЛАР

6.2.1. Қауіпті жарылғыш газдар (су тегі) жиналмауы үшін батареяларды зарядтайтын шеберханалар жақсы желдетілетін болуға тиіс.

6.2.2. Батарея бөлімінде шылым шегуге және ашық алаудың басқа да барлық түріне үзілді-кесілді тыйым салынады. Бұл үйдің кіре бергі есігінің маңдайшасына көзге бірден түсетіндей етіп тиісті ескертпе жазылып қойылуы к е р е к .

6.2.3. Батарея бөлімдеріндегі жарық қондырғыларының қорғаушы шынылары болуға тиіс. Егер жарылған немесе сынған шыныны сол заматында ауыстыруға мүмкіндік болмаса, онда шыныларды ауыстырып болғанға дейін электр жүйесінен шығарылып тасталуға тиіс.

6.2.4. Батарея бөлімдерінде рұқсат етілмеген жағдайда ешқандай электр жабдықтарын жаңартуға немесе қосымша орнатуға (жарық беретін қ о н д ы р ғ ы л а р д ы да) б о л м а й д ы .

6.2.5. Батарея бөлімдерінде тасымалданатын электр шамдарын, аспаптарын немесе басқа да тасымалданатын электр жабдықтарын қолдануға болмайды.

6.2.6. Батарея бөлімін қандай да бір материалдардың қоймасы ретінде п а й д а л а н у ғ а б о л м а й д ы .

6.2.7. Тіпті бір элементтің өзінен-ақ электр доғасының немесе ұшқынның пайда болуы ықтимал, ал бұл болса ондағы сутегінің жарылуына әкеп соғуы м ү м к і н .

6.2.8. Кабельдердің орағыш немесе қорғағыш заттарының бүлінбей, жақсы сақталуын қа да ғ а л а ғ а н ж ө н .

6.2.9. Өзінен-өзі тұтанып немесе қызып кетпеуі үшін батареялардың барлық қосылған тұстары (клеммалар) герметикалық және таза болуға тиіс. Уақытша қысқыштарды қолдануға болмайды. Өйткені олар тербелістен лықсып босап кетеді де, содан барып ұшқын шығуы және қысқа электр тұйықталуы пайда б о л у ы м ү м к і н .

6.2.10. Бұрағыш аспаптармен бұранда кілттері сияқты металдан жасалған аспаптарды батареяның үстіне қоюға болмайды, өйткені оларды ұшқын немесе электрлі қысқа тұйықталу шығуына себепкер болуы мүмкін. Арнаулы материалдармен айырылып жабдықталған аспаптарды ғана қолдану ұсынылады.

6.2.11. Батареямен жұмыс істеген кезде қолдағы сағат, сақина және басқа зергерлік бұйымдарды алып қойған жөн. Әлде қалай электр тоғының қысқа тұйықталуы бола қалған жағдайда бұл бұйымдар тиген металл заттар тез ысып кетеді де соның салдарынан қолдың күйіп қалуы мүмкін. Егер сақинаны

шығарып алуға болмаған жағдайда оны айырғыш материалдармен орап қойған жөн.

6.2.12. Электр қуат тарайтын сымдарды жалғаған немесе үзген кезде батареяға қосылған барлық жүйелерді үзіп қою керек. Егер батареялар секцияларға бөлінген болса, онда жұмыс кеңістігінде (оқшаулау арқылы) элементтер арасындағы қысым қуаты азаюы ықтимал, содан барып кездейсоқ электрін қысқа тұйықталуының немесе электр тоғының күші (жұмысты бастамас бұрын секциялар арасын байланыстыратын сымды қиып тастау арқылы) әлсірейтін болады.

6.2.13. Батарея элементтерінің сыртқы тесіктері тығыздалып тығындалуға тиіс, олар тек зарядтау кезінде ғана босатылатын болады.

6.2.14. Батарея қораптарының желдеткіш түтіктерінде ешқандай кедергі жоқ екеніне көз жеткізу үшін (шаң-тозаң басуы) оларды мұқият түрде үнемі қадағалап тексеріп тұру керек.

6.2.15. Батарея қораптарының қақпағы бекітілген болуы шарт, олар жұмыс істеп тұрғанда ашық болуға, жұмыс аяқталған соң мұқият жабылып қойылуға тиіс.

6.2.16. Ауа райы қолайсыз болған күндерде орнынан қозғалып кетпеуі үшін батареяларды биік тақтайшалармен бекітіп қойған жөн.

6.2.17. Сілтілі және қорғасынды-мырышты батареяларды бөлек бөлімдерде ұстаған дұрыс. Сілтілі және қорғасынды мырышты батереялар қолданылатын жерде олардың әрқайсысымен жұмыс істеген кезде материалдар мен құрал-саймандардың бөлек-бөлек пайдалануын қадағалаған жөн. Электролиттердің ластануы батареялардың жұмысына кесірін тигізу мүмкін, ал екі электролитті араластыру күшті химиялық реакция тудырады, ал мұның өзі қауіпті болуы да ықтимал.

6.2.18. Қышқылды электролиттер де, сілтілі электролиттер де аса таттанғыш келеді. Демек дереу медициналық әрекет жасау керек яғни адамға немесе жабдықтарға әлде қалай шашырай қалса, ол жерді сол сәтте жуу керек. Әрқашанда жұмыс аяқталған соң қолды және киімді жуу қажет.

6.2.19. Электролиттер ағып кетпеуі үшін батареяларды тасымалдаған кезде оларды үнемі тікесінен тұрғызылып қою керек. Батареяларды тасымалдауда адамдарды жеткілікті мөлшерде пайдаланған жөн, өйткені, олар өте ауыр, сол себепті тым ауыр салмақ түскендіктен буын бұлшық еттерінің созылып ауруға шалдығуы немесе жарақаттануы мүмкін.

6.2.20. Батареяларды жетілдіруде жаңа технология электролитті батареяларға қарағанда анағұрлым қауіпсіз альтернативті батареялар ұсынады, мұны қабыл алған жөн.

ҚОРҒАСЫНДЫ-МЫРЫШТЫ БАТАРЕЯЛАР

6.2.21. Электродитті әзірлеген кезде суға қойыртылған күкірт қышқылын қосу керек. Суға еш уақытта қойыртылған күкірт қышқылын қосушы болмаңыз. Өйткені су қышқылдан жеңіл су мен қышқылдың қосылған тұсында жинақталған жылу будың бұрқ етіп жарылып, қышқылдың шашырап кетуіне себепкер болуы мүмкін.

6.2.22. Қышқылмен істес болғанда қорғаныс көзілдірік, резина қолғап киіп, алдына қорғаныс алжапқыш байлап алу керек.

6.2.23. Теріге немесе киімге тиген қышқылды аластау үшін оны сумен мейлінше жуған жөн.

6.2.24. Әлде қалай апат бола қалған жағдайда көзге тиген қышқылды дереу жуып-шаятын бөлімде көзді жууға арналған пункт болуға тиіс.

6.2.25. Батареялардың плюстерінің төңірегінде түзілетін таттың жұрнақтары терімен көзге аса қатерлі. Денедегі татты щеткамен тазалап кетіру керек. Клеммаларды таттанудан сақтау үшін техникалық вазелинмен майлануға тиіс.

6.2.26. Батарея бөлімдеріндегі кабельдердің изоляцияларын жақсылап күтіп ұстау керек.

СІЛТІЛІ БАТАРЕЯЛАР

Бұл тектес батареялардың жалпы сақтық шаралары да мына төмендегі жайлар болмаса, қорғасынды-мырышты батареяларға қойылатын талаптармен бірдей:

6.2.27. Бұл батареялардың электролиттері сілті болып табылады, әйтседе ол да қатерлі, оны да денеге немесе киімге тигізбеу жағын қарастыру керек. Алайда теріге тие қалған жағдайда зақымданған жерді мейлінше мұқият сумен жуу керек. Бірақ егер терінің ол жері күйген болса, онда бордың ұнтағын немесе соның қойыртылған ерітіндісін пайдаланған жөн. Көзді мұқият таза сумен жуып, сосын бірден бор ұнтағының болмашы ерітіндісі қосылған сумен жуған жөн. Электролиттермен жұмыс істеген кезде мұндай ертінділер әрқашан әзір тұруға тиіс.

6.2.28. Сілтілі батареялардың темір ыдыстары қорғасынды-мырышты батареяларға қарағанда әрқашан қауіпті болып табылады. Сақ болыңыздар, сілтілі батареяларға өздерін де тиіспеңіздер және де оларға металдан жасалған аспаптардың тимеуін де қадағалаңыздар.

ЛИТИЙЛІК БАТАРЕЯЛАР

Жалпы Литийлік батареялар аса қауіпті. Қыздырған кезде немесе қысқанда литийлік батареялардың жарылып кетуі немесе оның ішінде литийдің өз-өзінен тұтанып жануы ықтимал. Литий температура (t) 650 С градустан асқанда жанады. Әдеттегідей кәдімгі өрт сөндіргішті қолдануға болмайды. Литийлік батареяларды сөндіруге ешқашан су қолдануға болмайды.

С он да й - а қ :

6.2.29. Литийлік батареяларды тасымалдау әдетте шектеулі және мұқият

б а қ ы л а у ғ а

а л ы н а д ы .

6.2.30. Әрқашан арнаулы литийлік өрт сөндіргіштерді (lith-x) п а й д а л а н ы ң ы з д а р .

6.2.31. Литийлік батареяларды сақтауға айрықша жақсы желдетілетін қойма керек. Оларға ылғал тимейтін болу жағын қарастыған жөн.

6.2.32. Оларды жасап шығарушының ерекшеліктеріне сәйкес орналастырған ж ө н .

6.2.33. Литийлік батареяны үстемелеп зарядтауға ешқашан әрекет жасауға болмайды.

6.3. БЕНЗИНДІ САҚТАУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

6.3.1. Бензинді және басқа да тұтанғыш сұйық заттарды сақтауға немесе тасымалдауға арналған контейнерлер ондағы заттар анық көрсетіліп белгіленуге т и і с .

6.3.2. Сұйық заттардың әлде қалай араласып кетуінен сақтанған жөн. Жанар маймен араласқан бензин тұтану мүмкіндігін әлдеқайда тез өзгертуі мүмкін, сондықтан да жанар майды әдеттегіше пайдаланған кезде оны әлде қайда қауіпті етуі ықтимал.

6.4. СҰЙЫТЫЛҒАН МҰНАЙ ГАЗЫ ЖӘНЕ СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗДЫ Т А С Ы М А Л Д А У

Ы Д Ы С Т А Р Ы

Сұйытылған газдың жарылу қаупі бар. Сондықтан газды цистерналарды пайдаланған кезде мынадай сақтық шараларын қолдану қажет.

6.4.1. Үйге кіргенде газдың иісі сезілген жағдайда электр жарықтарын өшіретін көздерге тиіспеңіз, жарықты жақпаңыз да, өшірмеңіз де. Желдеткішті де қоспаңыз. Біріншіден, барлық есіктер мен терезелерді ашыңыз, екіншіден, үйге жалғыз кірмеңіз. Кірген бойда цистернаға барып, оның шүмектерін жауып қойыңыз. Егер қосылған тұсында немесе шүмектерінде күдікті бірдеңе болса, әйтпесе, егер шүмекті жапқаннан кейін де газ әлі де шығып жатса, онда цистернаның шүмекпен қосылған түтігін шығарып алыңыз. Бұл жөнінде капитан мен қауіпсіздік жөніндегі аға көмекшіге хабарлаңыз да барлық адамдарды ол жерден көшіріңіз. Соның бәрі мұқият тексерілген соң ғана үйге қайтып оралуға б о л а д ы .

6.4.2. Тұтанғыш немесе жарылғыш заттармен жұмыс істеуге арналған қауіпсіз лампалармен ғана пайдаланыңыз. Цистернаға қосылған ұшқын шығармайтын аспаптарды ғ а н а қ о л д а н у к е р е к .

6.4.3. Газы бар баллондарды электр жүйелері қосылатын тұстан ДВС және от жанып тұрған жерде қашық, ашық жерде сақтау керек. Баллондарды үнемі тікесінен қойып сақтау қажет, құлап қалмауы үшін бекітіп қою керек.

ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН МЫНА ТӨМЕНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БАСШЫЛЫҚҚА АЛУ ҚАЖЕТ:

а) Егер ас үйдің ішінде газдың иісін сезсеңіз, онда жарықты жақпаңыз да, оны өшірмеңіз де. Жаққан кезде болатын ұшқыннан өрт шығып кетуі немесе жарылыс болуы мүмкін. Жарықты электр жүйесі тоғысатын негізгі қалғаннан барып өшірген әлде қайта қауіпсіз болады.

б) Газдың иісінің күшті болуы оның баллоннан шығып жатқанын нұсқауы мүмкін. Мұндай жағдайда клапанды ашыңыз немесе оны жұлып алыңыз, әйтпесе қосылған тұсын босатыңыз. Қатерлі бу жиналуы ықтимал-ау деген үйге әсте кіруші болмаңыз. Статикалық электрдің, киімнің, белбеу тоғасының немесе бәтеңкедегі шегенің болмашы ұшқынынан да жарылыс шығып кетуі мүмкін. Жақын жердегі терезе мен есікті ашып тастаңыз.

в) Егер асхана немесе лагерь бір орыннан екінші орынға көшіп жатса, әйтпесе асхана, лагерь немесе тұрғын үй демалыс кезінде бір аптадан артық бос қалатындай болса, баллондағы газды жауып қойыңыз.

г) "Шылым шекпеңіз" деп жазылып іліп қойыңыз, өрт сөндіргіштерді көрнекті және алуға оңай жерге орналастырыңыз.

д) Жаңа орнатылған баллонға түтікті линияны қосып бекітпес бұрын оның бұрандасы мен клапаны зақымдалған жоқ па екен, тексеріп алыңыз, өйткені кейде қосылатын тұстарында газ шығаратындай ақаулары болады.

е) Газдың клапанын ашпай тұрып, алдымен оттықтың жанында сіріңкені тұтандырып алып ұстап тұрыңыз. Сосын барып газ ауаға тым көп шығып кетпейтіндей етіп тұтқаны жәймен ептеп ғана бұраңыз.

VII. ӨМІРГЕ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЖҰМЫС

7.1. ҚҰТҚАРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ЖАБДЫҚТАРЫ

7.1.1. Шағын қайықта немесе салда жұмыс істеген кезде барлық қызметшілердің жеке жүзу құрал-жабдықтары болуға тиіс.

7.1.2. Күшті толқын көтерілген кезде палубадағы барлық қызметшілер сол жабдықтарды киіп жүруге тиіс.

7.1.3. Кеменің артқы жағында жұмыс істейтін қызметшілердің бәрі ондай құрал-жабдықтарды үнемі киіп жүруге тиіс. Кеменің артқы жағына жақын жердегі қызметші құтқару кеудесінен тыс құтқару арқанына бекітілген құтқару белдігін киюге міндетті.

7.1.4. Палубада жүрген кезде барлық қызметшілер арнаулы аяқ киім киюге тиіс.

7.1.5. Киімі жанған жағдайда өрт сөндіргішті пайдаланыңыз немесе қатерге ұшыраған кісі көрпеге, пледке, жүк матадан тігілген пальтоға әйтпесе әйтеуір тұтанбайтын, от тегін жібермейтін, сөйтіп, отты сөндіруге жәрдемдесетін бірдеңе о р а ң ы з .

7.2. ӨРТ ДАБЫЛЫН ӨШІРУ

Тікелей жұмыс орнында тұрған кеме өрт дабылының жүйесін айыру қажет болған жағдайда кезекші офицердің рұқсатын алуға тиіс. Бұл рұқсат жазба түрінде белгілі бір мерзімге берілуі керек. Рұқсаттың түпнұсқасы өрт дабылының пунктіне ілініп қойылуға тиіс. Жұмыс аяқталған соң бұл жөнінде кезекші офицерге хабарлануға, тиіс ол ілінулі тұрған рұқсат қағазды алып қояды да, апат дабылын іске қосады. Жұмыстың аяқталғаны жөнінде хабар алынған соң әйтпесе белгіленген мерзімде уақыт біткеннен кейін, сол жұмысты жүргізген адам дабыл жүйесі қайта қосылғанын барлығына хабарлауға міндетті. Өрт дабылы айырылған уақытта өрт шығып кету қауіпіне бүкіл команда сақадай сай жағдайда болуға тиіс.

7.3. ТЕҢІЗДЕ ТІРІ ҚАЛУ

Суда жұмыс істейтін барлық қызметшілер сапарға шығар алдында жағада суда тірі қалудың әзірлік курсінен алдын ала өтуге тиіс. Бұл оқу курсі кемінде құтқару құрал-жабдықтарын қолдана білу, тікұшақты пайдалану, қиын-қыстау жағдайда іс-әрекет жасау ережелерін, кемеңі тастап шығу әдістерін, өрт сөндірудің негіздерін, алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тәсілін, теңізде құтқару мен тірі қалу негіздерін қамтуға тиіс.

7.3.1. ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛДАРЫ

7.3.1.1. Қорғаныс құралдары құрамына қосымша киім, қолғап, дулыға немесе қосымша суға жүзу құрал-жабдықтары, сондай-ақ жалпыға мәлім құтқару құралдары кіруі мүмкін.

7.3.1.2. Егер көшіру қажет бола қалса, құтқару қайықтары қорғанысқа толық әзір болуға тиіс.

7.3.1.3. Жүзу құралдары қорғану және жүзумен қатар оқшаулануға әзір болуы керек.

7.3.1.4. Киімді қабаттап кию арқылы денеңізді қорғаңыз. Сыртқы қабат ретінде жел-су өткізбейтін киімдерді кию керек. Мүмкін болғанша жылу сақтаңыз. Көп қозғалу денедегі жылудың кемуіне әкеп соқтырады.

7.3.2. ТАБЫЛУ (ТҮСІ, ЖАРЫҚ, ДЫБЫС, ОРЫН АУЫСТЫРУ)

7.3.2.1. Іздестіру-құтқару операцияларын табысты жүргізу үшін "табиғи" қоршаған ортадан бөлектеніп тұратын түстерді пайдаланыңыз.

7.3.2.2. Кейбір құтқару құрал-жабдықтарының флюорисценттік бояу болады.

7.3.2.3. Тәуліктің жарық кезінде қолдануға болатын мынадай дабыл жабдықтары болады:

Теңіз бозулары; Жарық және түтіндейтін дабыл белгілері; Айна; Парашютты ракета; Ысқырғы; Түтіндейтін ракета.

7.3.2.4. Түнде қолданылатын дабыл жабдықтары: жыпылықтап тұратын жарық; Петардалар, химиялық жарық дабылы; ракета атқыш, Флюорисценттік

белгілер; Ысқырық; Парашютты Ракета; Жарық шағылысатын таспа.

7.3.2.5. Қолды бұлғау, суды шалпылдату, матаны, мәселен, жалауды пайдалану сияқты басқа да әртүрлі қимылдар жасау айналадағылардың көзіне түсіп, көңілін аудару мүмкін.

7.3.2.6. Судың ішінде басқада құтқарылушы адамдармен бірге болған дұрыс. Адамдар, қалтқылар, салдар т.б. бір жерге көбірек шоғырланған сайын оларды табу да оңайырақ болады.

7.3.2.7. Жарық шығаратын жабдық басқалардан жақсырақ көрінетін болған жағдайда ғана жарықты пайдаланған орынды. Пиротехниканы пайдаланған кезде салдың жел жақта болуы қажет екенін естен шығармаңыз.

7.3.2.8. Радиомаяк пен хабарлағыш:

а) Апаттың болған жерін нұсқайтын радиомаяк - бұл теңізде болған апатты хабарлайтын радиохабарлағыш.

б) Апат болған жерді хабарлайтын хабарлағыш - бұл әуеде болған апатты хабарлағыш.

в) Анық дабыл беретін хабарлағыштар қиын-қыстау қауырт жағдайда дүниежүзінде кеңінен қолданылады және олар автоматты түрде немесе қолмен мынадай жиілікте жұмыс істейді:

121,5 Мгц 240.0 Мгц. Бұлар шағын, су тимейтін, суға батпайтын, төңкеріліп қалмайтын және жіпке байланатын хабарлағыштар. Температура (t) 0 градустан 55 С градусқа дейін болған жағдайда оның батареясының қуаты кемінде 48 сағатқа жетік болады.

г) Радионы ешқандай зақым келмейтін қажетінде оңай алынатын жерде сақтау керек.

д) Хабарлағыш бірден іске қосқаннан кейін сіз оны құтқару операциясы аяқталғанша қозғамаңыз, егер бір қосылып және бір өшіретін болса ондай кезде ол әуе кемесінің іздестіру жұмысына едәуір кесірін тигізуі мүмкін.

е) Құтқару операциясы аяқталған бойда хабарлағыштарды бірден өшіріп тастаңыз.

ж) Дабылдар 360 км қашықтыққа дейінгі аралықта естілуі ықтимал. Оларды сондай-ақ іздестіруші спутниктермен де естуге, байқауға әбден болады.

з) Батареяларды жасап шығарушының нұсқауына сәйкес тексеріңіз.

7.3.3. ТАМАҚ ЖӘНЕ СУ

7.3.3.1. Су сізді сақтайтын негізгі көз. Ол, әсіресе, ұзақ және қауіпті ситуацияда, ерекше керек мұндай ситуацияда сіз сирек боласыз:

а) Еш уақытта тұзды су ішпеңіз.

б) Алғашқы 24 сағатқа су ішпеңіз. Одан кейін күніне 0,5 литр су ішуге болады.

в) Егер қажет болса жаңбыр суын, ылғалды (шық) жинаңыз.

г) Суды тұщылайтын құрал егер олар қолыңызда болса, не күнмен жұмыс істейтін дисциллятор пайдаланыңыз.

д) Қорғағыш құрал-жабдықтар жинағының (комплект) ішінен банкада, және металл фольгада, пластикадан жасалған дорбада су болады. Амалсыз қалғанға дейін, кір суды ішпеңіз.

7.3.3.2. Негізгі құрылымы жағынан ішетін тамақта көмір қышқылы көп бөлу керек. Оларға жататындар: печенье, вафли және конфеттер. Белокты тамақ жемеуге тырысындар (құс, балық), себебі организм оларды қорыту үшін көп су қажет етеді.

7.3.4. ЖЕДЕЛ ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК

Мынадай жағдайларда алғашқы дәрігерлік көмек беруді білу және қажет болғанда көмек көрсету керек: қан тоқтамағанда, күйіп кеткенде, қатты тоңғанда (дем алу ауыр болғанда), есін білмегенде, жүрек ұстамасында (приступ), арқа жарақаттанғанда.

7.3.5. ҚҰТҚАРУ ОПЕРАЦИЯСЫ

7.3.5.1. Су бетінен:

а) Құтқарушы кемені көрген бетте бірден, жасайтын әрекетке дайындалыңыз. Құтқару құралдарын дайын ұстаңыз.

б) Құтқару кемесінің сізге келуін күтіңіз. Оған қарсы өзіңіз жүруге тырыспаңыз.

в) Егер біреу-міреу жараланса, құтқарушыға хабарлаңыз.

г) Қорғау торабы мен белдік арқылы сақтанып, басқыш, тор не арқан арқылы өрлеңіз.

д) Жүзетін құрал ылғи да сізбен бірге болсын.

е) Бұйрықпен орындаңыз.

7.3.5.2. Су бетінен тік ұшаққа:

а) Тік ұшақ сізге ұшып келсін.

б) Сізге түсірілетін тетіктің статикалық электр заряды болуы мүмкін. Тетікті ұстамас бұрын, тетіктің сумен жанасуына мүмкіндік беріңіз.

в) Ең алдымен қатты жарақат алған адамға не денсаулығы онша емес адамға көңіл аударыңыз.

г) Сізді көтергенде де жүзетін құралыңызды шешпеңіз.

д) Егер экипаж мүшесінен көмек керек болса, төмен оған қолыңызды сілтеңіз, не жарақаттану белгісін беріңіз, ол үшін бас бармағыңызды көтеріп, жарақаттанған жеріңізді көрсетіңіз.

е) Экипаж бұйрығын орындаңыз. Олар сізге көрсетеді.

ж) Қатты жарақаттанған жағдайда зембілге түсірілуі қажет. Құтқарушы да суға түсуі мүмкін, ол жарақаттанған адамды зембілге жатқызуға көмектеседі.

7.4. АПАТТЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР

Кеме капитаны борттың сыртындағы адамды құтқару үшін және құтқару қайығының жұмысы жөнінде тұрақты жаттығулар өткізіп тұруға жауапты.

7.4.1. ӨРТ СӨНДІРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

Белгіленген аймақтан (порттан) кеме жүзіп кеткеннен кейін 24 сағат ішінде өрт сөндіру жаттығулары жүргізулері керек. Теңізде өрт сөндіру жаттығулары ұдайы жүргізіліп отырғаны жөн. Олар шындыққа ұқсас бейнелеулерден тұрып, мыналарды қамтиды:

а) Командир тізімі бойынша құрамды тексеру.

б) Өрт станциясының, құрал-жабдықтардың және приборлардың жинақтарының болуы.

в) Өрт насосын жұмысқа қосып және өрт шлангысы арқылы суды жүргізіп тексеру жүргізу керек.

г) Арнайы кеме журналына жаттығудың барлық бөлімдері туралы әр айлық есеп жазылып отыруы керек.

Өрт командасының негізгі құрамына бас өрт сөндіруші не оның көмекшісі жауап береді.

7.4.2. ӨРТ СӨНДІРУ КОМАНДАСЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ

7.4.2.1. Жаттығуға қатысатын өрт сөндірушілер өрт сөндіру костюмдерін және өрт сөндіру алаңына барулары керек.

7.4.2.2. Әрқайсысы қорғаушы кеудешелерін киіп, өзіне арналған орынға барулары керек.

7.4.2.3. Авариялық өрт насосын және көбік насосын қосыңыздар.

7.4.2.4. Өрт шлангаларын өрт болады деп белгіленген жерлерге жайып қою қажет.

7.4.2.5. Алғашқы көмек бригадасы еліктеген жаралы адамға алғашқы көмек көрсетілуі керек.

7.4.3. ӨРТ СӨНДІРУ НАСОСЫН ТЕКСЕРУ

Өрт Сөндіру насосы шын пайдалану арқылы тексерілуі керек. Негізінде көбік шығаратын система әрекет кезінде әр уақыт тексеріле бермейді, тек үш айда бір рет толық тексеруден өткізу керек. Өрт сөндіру шлангысы жақсы ағын және тозақ шығаратындығына көз жеткізу үшін сыртқа шығатын тесігін тексеріп алу керек.

Кемені басқару үшін қажет бірнеше адам ғана, қалған борттағы басқа адамдардың жаттығуға қатысуын қамтамасыз ету үшін, уақытша, жаттығудан босатылады. Жаттығу жүріп жатқан кезде бұл адамдар басқа адамдармен ауыстырылулары керек, қызметшілерді 100 % жаттығуға қатыстыру үшін қажет.

Бас өрт сөндіруші мен оның көмекшісі әр уақытта жауапты адамды тағайындауы керек. Бас өрт сөндіруші болып не капитан, не маманданған өрт

сөндіруші, не геофизикалық партияның бастығы тағайындалуы қажет. Өрт сөндірушінің міндетіне кіретіндер:

7.4.3.1. Жаттығуды жүргізуді капитанмен не геофизикалық партияның бастығымен үйлестіруі керек.

7.4.3.2. Орнын таңдап алу және өрттің түрін белгілеу қажет.

7.4.3.3. Жаттығып өрт сөндіру құралдары мен жабдықтарды пайдалану арқылы болуын қадағалап отыру тиіс.

7.4.3.4. Өрт сөндіргіш құрал-жабдықтарға техникалық көмек болуына қадағалап отыру қажет.

7.4.3.5. Өрт сөндіру құрал-жабдықтарын ай сайын тексеріп отыруды қадағалап отыру қажет.

7.4.3.6. Бас өрт сөндіруші өрт сөндіру жаттығу басталмастан бұрын мыналарға жауап береді:

а) Қауіп-қатер дабылының үн шығаруы.

б) Өрт сөндіру командасының іс-әрекеті.

в) Іс-әрекетті әрі қарай жеткізуді талап ететін орынды анықтау.

г) Өрт сөндіру тақырыбы бойынша жиналыста қауіпсіздік техникасы туралы әңгіме өткізу.

7.4.4. "БОРТ СЫРТЫНДАҒЫ АДАМ" ЖАТТЫҒУЫ

Бұл жаттығудың мақсаты - команданың барлық мүшелерін борттың сыртына құлап кеткен адамды тауып және оны бортқа алып шығу үшін қандай әрекет жасау қажеттігімен таныстыру.

Кеме бортындағы барлық адамдарға мыналар туралы нұсқау берілуі керек:

а) Борт сыртындағы адам құтқарушы салмен (дөңгелекпен) қалай пайдаланатындығы туралы.

б) Лақтыратын аппаратты пайдалану.

в) Құтқаратын қайықты пайдалану.

г) Автоматты түтін қалтқысын (буев) орналастыра білу.

Борт сыртындағы адамды құтқару жаттығуы шын жағдайларды инсценировка жасау арқылы жүргізілуі қажет.

7.5. ҚҰТҚАРҒЫШ КОСТЮМДЕР

Егер сіз құтқарғыш костюм арқылы теңізге секірсеңіз, костюмдегі қысылған ауа сыртқы мата арқылы шығарылып тасталады. Бұл төсемнің ығысуының себебі болады, сондықтан судың біраз бөлігі костюмге өтуі мүмкін. Сондықтан костюмнен, мүмкіндігінше көп ауаны суға секіре алдында шығарған дұрыс.

Тіпті костюм жыртылып қалып, су кіргізген күннің өзінде де, суықтан сақтайтын киім ретінде де пайдасы бар. Бірақ костюммен су толып кеткендіктен, басқа біреу көмектескеннің өзінде, құтқарғыш жабдыққа шығуға қиын тиеді. Бұл жағдайда су шалбардың төменгі жағынан ағатындай етіп кесіп жіберу не

к о с т ю м д і ш е ш у к е р е к .

Тіпті костюмнің өзі бүтін болғанда да, костюмнің ішінен келген жылы киім сіздің аман қалу мүмкіндігіңізді көбейтеді.

Костюм судағы адамды суда бетін жоғары қаратып ұстайды, сондықтан малтуға ыңғайлы, әсіресе, арқамен малтыған қолайлы болып табылады.

Костюмнің жарықты шағылдыратын лентасы болады, ол адамды прожектор арқылы табуды жеңілдетеді. Ілгек алдыңғы жағынан бекітілген, ол адамды судан алып шығу үшін ыңғайлы болып есептеледі.

7.6. АПАТ КЕЗІНДЕ ЭВАКУАЦИЯЛАУДЫҢ (КӨШІРУДІҢ) ЖОСПАРЫ

Операцияның шарты және әрбір этапқа байланысты медициналық эвакуацияның жоспары болуы керек. Бұл жоспар байланыс құралы ретінде мыналарды қамтамасыз етуі керек: апат қызметтер және көлік, әдістер, маршруттар және ситуацияның әр түріне қарай шаралар, ауа райына байланысты жағдайлар. Медициналық хабарлама және керекті құжаттарды жарақаттанған адамның өзімен қоса жіберіледі.

7.7. БОРТ СЫРТЫНДАҒЫ АДАМДЫ ҚҰТҚАРУ ОПЕРАЦИЯСЫ

Борт сыртында жұмыс істеген адам барлық қызметшілер және барлық кеме командасы көмектесулері қажет. Олардың өзі теңізде малтығанда да, портта болғандарында да қауіпсіз жағдайда болулары керек. Құтқаруға қажетті арқандар белгіленген орындарында болғаны жөн.

Нені жіберу керектігін капитан шешуі керек: "Борт сыртындағы адам" қайығын ба, әлде құтқару шлюпкасын ба, әлде осы екеуін бірге жібере ме. Егер катерлері болса, онда адамды құтқаратын бірінші құрал осы болуы керек.

"Борт сыртындағы адам" ситуациясының, әсіресе суық суда, өлімге алып келу қауіпі өте үлкен. Осындай жағдайда, адамның қорғаушы кеудешесі болмаса, арнайы құтқаратын керек-жарақпен қамтамасыз етілмесе, онда өлім қаупі күшейе түседі. Қауіпті бөлімшелерде жұмыс істегенде мұндай жағдайларды ешқашан е с т е н ш ы ғ а р м а у ы к е р е к .

Бакта және кормның (кеменің артқы жағы) қауіпті бөлімінде жұмыс істегенде адамның борт сыртындағы адамның суға кетуі жиі кездеседі, сондықтан шын қ а у і п т і б о л а д ы .

Мұндай жағдайда не істеу керектігі туралы барлық қызметшілер құлақтандырылған болуы керек.

Адам борт сыртындағы адам өмірін сақтап қалу үшін, ең бастысы қимыл әрекеттің өте тез болуы, атап айтқанда:

7.7.1. Судағы адамды ұдайы бақылап отырып, қолмен бағыт беріп отыру к е р е к .

7.7.2. Құтқару дөңгелегін лақтыру керек.

7.7.3. Түтін сигналын (белгісін), жарық маягын қосыңыздар.

7.7.4. Ауа пушкасының жұмысын тоқтатыңыздар.

7.7.5. Капитанға және машина бөліміне, болған ситуация жайында хабарлаңыз. Машина бөлімі апат белгісі берілгенде кемені тоқтатулары керек.

7.7.6. Түскен орынды белгілеу үшін, кез келген қалқитын затты борттан т ү с і р у к е р е к .

7.7.7. Тралды механизмді босатып жіберуге дайындау қажет.

7.7.8. Капитанның бұйрығы бойынша қайықты "Борт сыртындағы адам" операциясына жіберу керек.

7.8. ТЕҢІЗДЕГІ ӨРТТЕН САҚТАНУ КОНСТРУКЦИЯСЫ

Теңіз кемесінің тұйықталған және бортта қауіпті от алғыш материалдар болғандықтан, онда ерекше өрт қаупі бар болады.

7.8.1. ТЕМЕКІ ШЕГУГЕ БОЛАТЫН ЖӘНЕ ШЕКТЕЛГЕН АЛАҢДАР

Өрттің негізгі себебі байқаусыз темекі тарту болып табылады. Темекі шегу бақылауға өте қиын. Барлықтарына және құрамның басқарушыларының әрқайсысына өздерінің темекі кемеде шегу ережелері болуы өте маңызды.

Барлық кеме алаңы зоналарға бөлінуі керек және оларда "Темекіні осында тартыңыз" не "Темекі тартуға болмайды" деген белгілері болуы керек.

Кейбір бөлімшелер уақытша темекі тартуға болмайтын болып топтастырылуы мүмкін, мысалы, жанармай құю кезінде, жанармай тұрған о р ы н н ы ң м а ң а й ы .

Темекі шегуге рұқсат етілмейтін жерлердің санына мыналар тұрақты қ о с ы л а д ы :

7.8.1.1. Сейсмикалық өрімдермен (қоса) жұмыс істейтін бөлімшелер.

7.8.1.2. Сейсмикалық кабельдер үшін сейсмикалық өрімдер мен барабандардың сақталып қойылған жері.

7.8.1.3. Жанғыш сұйықтар, оның ішінде бояулар сақталған с ы й м д ы л ы қ т ы ң с а қ т а л ғ а н о р ы н ы .

7.8.1.4. Батареялар және батарея салынған жәшіктерді сақтайтын орын.

7.8.1.5. Оттегі және ацетилен бар сыйымдылықтар бар орындардың маңайы ж ә н е а й н а л а с ы .

7.8.1.6. Кабель майы сақталған орын.

7.8.1.7. Камбуз.

7.8.1.8. Тамақтарды сақтайтын, дайындайтын және тамақ ішетін барлық о р ы н д а р .

Одан басқа осы санға мыналар да қосылады:

а) К а ю т а л а р .

б) М а ш и н а б ө л і м і .

в) К а п и т а н к ө п і р ш е с і .

г) Ауа пушкасы үшін бөлік (отсек).

7.8.1.9. Темекі шегуге болмайтын барлық орындар белгілермен анық белгіленіп қоюы керек.

7.8.2. ӨРТКЕ ДАЙЫНДЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ ТЕКСЕРУ

Өрт, апат жайлы стендлермен, мыналарды барлығы білу үшін, жабдықталады :

7.8.2.1. Өрт постылары және құтқару қайықтары каюталардың номерлеріне с ә й к е с о р н а л а с а д ы .

7.8.2.2. Әрбір кубрикте (кеме командасы үшін арнаулы бөлме) апат құрал-жабдықтарының тізімі болу керек. Олар өздеріне бекітіліп беріледі.

7.8.2.3. Апат, өрт және т.б. болған жағдайда қандай іс-әрекеттер жасауы керектігі туралы толық мәліметтер кемедегілердің барлығы үшін қабырға кестесінде анық көрсетілуі керек.

7.8.3. ӨРТ ҚАУІПІ ЖАҒДАЙЛАРЫН БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ

Бұл жоспар кеме құрылысының жүйесін көрсетеді. Ол, сонымен бірге, әрбір палуба үшін мынадай хабарламаларды қамтуы керек:

7.8.3.1. Машинаның орналасуы.

7.8.3.2. Жанармай сақталған жер.

7.8.3.3. Өрт қауіпін бақылайтын станция.

7.8.3.4. Өртті айқындайтын жүйелер.

7.8.3.5. Өртті хабарлайтын жүйелер.

7.8.3.6. Палубаның жоспары.

7.8.3.7. Өрт сөндіргіштердің тұрған жері.

7.8.3.8. Желдеткіштердің орналасуы мен желдеткіш торларын қоса қамтитын желдету жүйесінің құрылымы.

7.8.3.9. Әрбір секцияда жұмыс істейтін желдеткіштердің бекітілген нөмірлері.

Мұндай жоспарлар Хаттама ретінде жасалып, барлық меңгеруші қызметшілерге, кемеңің аға офицерлеріне таратылып беріледі.

Осы жоспарлардың көшірмесі көрнекті жерде үнемі ілулі тұруы керек. Екінші бір көшірмесі басқаларымен шатастырмас үшін арнайы белгі салынып, қорғағыш пакетке қапталып, кемеден сырт жерде (мысалы, порттағы офисте) үнемі сақтаулы тұрады. Бұл жағдай жағалық күзетшілердің де кемеден өрт шыға қалғанда көмек көрсетуіне қажет. Пакеттің сыртына "Өрт қауіпінен сақтану жоспары" деп жазылады.

7.9. ӨРТ СӨНДІРГІШТЕР МЕН ӨРТТІ БАСУ ҚҰРАЛДАРЫ

7.9.1. НЕГІЗГІ ЖАҒДАЙЛАР

7.9.1.1. Өрт сөндіргіштер кемеңің барлық жеріне қойылып, көрнекті, оңай алынатын орындарда тұрады. Арнайы түрдегі кем дегенде бір өрт сөндіргіш өрттен сақтану бөлігі деп аталатын жерге апаратын есіктің тұсында тұрады. Өрт

сөндіргіштердің, олардың түрлерінің тұрған орындары партия басшысымен, капитанмен, өрт командасының бастығымен өзара келісіліп жасалады.

7.9.1.2. Әрбір өрт сөндіргіште:

- а) Ішінің толтырылған уақыты көрсетілген анық және нақтылы жазу болады.
- б) Өзін қолданатын жердің бөлігіне мөлшер шамасы ыңғайлас келуі керек.
- в) Қалай қолданылуы туралы ағылшын, қазақ, орыс тілдерінде жазылған нұсқаулық көрнекі жерде ілулі тұрады.
- г) Қолдануға толық дайындықта тұрады.

7.9.1.3. Барлық өрт сөндіргіштерде газды басытқылар болады. Газ қысым астында сақталуы мүмкін, ондай жағдайда көрнекі жерде қысым күші көрсетіледі. Немесе бұл көмірқышқылды өртсөндіргіш болуы мүмкін, оның жұмыстық қысымын СО белгілейді, ол қолданған кезде химиялық реакцияның әсерінен пайда болады. Газды сөндіргіші жоқ өрт сөндіргіштер де, мысалы, СО немесе Хелон, әрқайсысына кем дегенде екі қосымша контейнері (дайын) болуы керек.

7.9.1.4. Өрт сөндіруге арналған жабдықтар үнемі дайын тұрған күйде сақталады және дереу қолдануға қолайлы жерде тұрады. Толық қолданылған өрт сөндіргіштер ол жерден алынып тасталуы керек немесе оларға қосалқы контейнер қойылады немесе қайта зарядталады. Өрт сөндіргіштер қайта, қалай қолданылса да, тек талдауға арналып босағанынан басқа, ол туралы қолдану себебін, т.б. себептерін айтып, мәлімденеді.

7.9.1.5. Өрт сөндіргіштерге қоса тиісті антифриздер қосарланады, ол температура 1 С төмен болған жағдайда өрт сөндіргішпен бірге қолданылады.

7.9.1.6. Кем дегенде екі айда бір рет барлық қызметшілер үшін нұсқамалықты қайталамай талдап, кемеде бар өрт сөндіргіштердің барлық түрімен таныстырылады. Ондай нұсқамалықтар дәл осы өрт сөндіргіш арналған өрттің түрлерін қамтиды және қалай қолдануды үйретеді. Үйрету кезінде өрт сөндіргіштің залалсыздандырылуы міндетті емес.

7.9.2. "ХЕЛОН 1211" НҰСҚАЛЫ ӨРТ СӨНДІРГІШ

"Хелон 1211" нұсқалы өрт сөндіргіш өрттің жану барысын бөліп-бөліп тоқтату арқылы сөндіреді. Олар электрден болған жану кезінде және А класына жататын шағын өрттерді сөндіруге қолданылады. Олар көмірқышқылды өрт сөндіргіштерге қарағанда өрт сөндіру күші басым және жабдықтарға зиянды аз келтіреді. "Хелон 1211" өрт сөндіргіші үй температурасында улы болмаса да, бірақ ол жоғары температурадағы химиялық реакция әсерінен болған өрттерді сөндіру кезінде өте улы болуы мүмкін. "Хелон 1211" өрт сөндіргішін Жеке демалу Аппаратын қолданбай жабық орындарда пайдалануға болмайды.

"Хелон 1211" өрт сөндіргіштерін мынадай өрттерді сөндіруге қолданады:

- а) Аппараттар қойылған бөлме.
- б) Электр күшін беретін қондырғы қойылған бөлме.

в) Кемелер қозғалысы көпірі.

г) Негізгі басқару жүйесінде.

Электронды сезімтал жабдықтар қойылған басқа да кез келген орындар.

"Хелон 1211" өрт сөндіргіші фторлы көмірдің айнала қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсеріне байланысты біраз елдерде тыйым салынған. Егер сөндіру қуаты "Хелон 1211" өрт сөндіргішімен пара-пар келетін соған ұқсас өрт сөндіргіштер бар болса, соны қолданған дұрыс.

7.9.3. КӨБІКТІ ӨРТ СӨНДІРГІШТЕР

Кейде "Жеңіл су" деп аталатын беткі қабатты қаптап қалатын көбік пайда болатын өрт сөндіргіштер - өте жоғары әсерлі өрт сөндіргіштер қатарына жатады. Олар мұнаймен байланысты өрттерді сөндіруде қолданылады және тек мұнайдың ғана үстіңгі бетін көбікпен қаптайды, сөйтіп ауаны кез келген мұнай өнімдерінің жануына қатыстырмай тастайды. Көбік А класстық та заттардың жануын өшіруге өте тиімді болғаны сияқты Б кластық та заттарға да тиімді. Олар мынадай жанғыш заттармен өрт болу қаупі бар орындарда сақталуы керек:

а) Сейсмикалық өрмелерді сақтайтын орында.

б) Сейсмикалық өрмелермен жұмыс істейтін бөлімдерде.

в) Жанар-жағар майларды сақтайтын жерде.

г) Сейсмикалық өрмелерге май жіберетін орында.

д) Машиналық бөлімшедегі май жиналатын жерде.

е) Мұнай мен өнімдері бар жануға қауіпті жерлердің бәрінде.

7.9.4. ҚҰЙМА ӨРТ СӨНДІРГІШТЕР

Құйма өрт сөндіргіштер металл құймаларының жануы кезінде пайдаланылады. Мұндай өрт сөндіргіштердің жұмыс негізі - құймалардың өздерінің жануын тоқтату.

Құйма батареялар аса қауіпті болып саналады. Қысқаша тұйықталып қалғанда, қызып кеткенде немесе құйма батареяларды мыжылғанда қопарылыс беріп, ішіндегі құймалары жануы мүмкін. Құймалардың жану жағдайы температура 650 С-дан асқанда.

Құйма өрт сөндіргіштердің тұратын орындары:

а) Сейсмикалық кабельдердің катушкаларының қасында.

б) Құйма батареяларының сақталатын жерінде.

7.9.5. БРАНДСПОЙТТАР (ЖЕҢ)

Өрт сөндіру шлангылары кеме қай елдік болса, сол елдің стандартына сай келуі керек және кем дегенде мыналарды қамтиды:

а) Талапқа сай материалдан жасалады.

б) Бір-біріне сай келетін біріктірулері болады.

в) Гидрантпен бірге көрнекі жерде сақталады.

г) Қажетті жабдықтары мен құрайтын бөлшектерінің қасында дайын тұрады.

д) Кемедегі барлық шлангылардың диаметрлері мен жалғасатын жерлері
б і р д е й б о л а д ы .

е) Сай келетін сабы болып, ол өзімен қатар сақталады.

ж) Барлық саптары судың шашырату ағысына да, сұйықтарды бұрқыратуға да жарамды және тез алынатын болуы керек, бекіту клапаны болады.

Аварияға байланысты немесе жедел хабардан кейін қолданылып болған соң шлангылардың суын сарқып, қайта пайдалануға оңтайлы етіліп жиналады. Барлық шлангылар үш ай сайын дайындық бақылауынан өткізіліп тұрады.

7.9.6. ӨРТТІ БАЙҚАУ ЖӘНЕ ХАБАРЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Өртті және соған ұқсас түтінді автоматты түрде айыратын детекторлар кеменің барлық жерінде болуы керек. Сонымен қатар, өртті хабарлайтын қол сигналы да кеменің барлық жеріне қойылады. Осы аталған жабдықтардың бәрі капитан көпіршесіндегі бақылау бөлімшесімен байланыста болады, ол осы арқылы кеменің қай жерінде өрт шыққанын айырады.

Жануды немесе түтінді айыратын детекторлар мына жерлерге орналастырылады :

а) Барлық баспалдақтар алаңқайында.

б) Дәліздерде .

в) Баспалдақтардың тұрғын бөлмеге апарар жерінде.

г) Қауіптілігі басым жерлерде.

Жедел қауіп хабарын беретін қолмен басқару пункті мынадай жерлерге қ о й ы л а д ы :

а) Тұрғын бөлмелерде .

б) Қызмет көрсету орындарында.

в) Бақылау бөлімшелерінде.

г) Әрбір шығар есікке.

Өртті бақылайтын орындар мына негізде орналасулары керек:

а) Олардың әрқайсысы палубамен бір деңгейде іс атқарады.

б) Бақылау орны машиналық бөлім мен тұрғын бөлмелерді бір мезгілде қабат ба қ ы л а м а й д ы .

в) Бақылау орнының әрқайсысы бір ғана машиналық бөлімді бақылайды.

ӨРТТІ БАЙҚАУ, ОНЫ ХАБАРЛАЙТЫН ЖҮЙЕНІҢ ШАРТТАРЫ:

а) Энергия беретін бір-біріне байланысы жоқ екі қуат көзімен жұмыс істей а л а т ы н б о л у ы к е р е к .

б) Қуат көздерінің бірі істен шығып қалғанда, екіншісі автоматты түрде қ о с ы л у ы к е р е к .

в) Капитан көпіршесінде индикациялық тақтайша болады.

г) Бөлімнің орналасу реті көрсетілген қарапайым сызба.

д) Детектордың істен шыққандығын айыра білетін болу.

е) Өрттің, түтіннің детекторлары апта сайын және әрбір жедел қауіп хабарынан кейін, оның шын және жалған хабар екеніне қарамай, тексеріліп отырады.

7.9.7. ӨРТТІ ХЕЛОН 1301 ГАЗЫМЕН ӨШІРУ ЖҮЙЕСІ

Хелон 1301 газы-химиялық тізбекті жасауды өшіретін газ жүйесі. Хелон 1301 - өз бетінше улы емес, бірақ ол ауадағы оттегінің біраз бөлігін ығыстырып шығарады, олар қызудан кейін жоғары улы болады. Егер Хелон дизелді двигателге тисе, одан шыққан газ қызғылт сарғыш түске боялып, өте улыға айналады.

Осы өрт сөндіргіш пайдаланылатын бөлімшелер:

а) Қуаты 375 кВт-тан артық іштен жану двигательдерді жұмыс істейтін барлық жабық орындар.

б) Күш беретін қондырғылар орналасқан барлық орындар.

в) Қандай да бір қазандар және жанармай ретінде мұнайды пайдаланатын, қалдық жағатын пештер орналасқан барлық бөлімшелер.

Бұл бөлімшелерде мыналар болуы керек:

а) Дистанциялық басқарылатын желдеткіш қондырғылар.

б) Барлық желдеткіштердің тесіктен және шығатын тесіктер толығымен берік герметикаландырылып жабылған болуы керек.

в) Барлық белгі (сигнал) беретін қондырғыларда анық етіп жазылған мынадай жазу болуы керек: "Хелонды пайдаланған кезде бұл бөлімше тездетіп көшірілуі (эвакуациялану) қажет".

Хелон 1301 бақылау жүйесі мынадай болғаны жөн:

а) Қолайлы жерде орналасқан болуы керек.

б) Тез басқарылатын.

в) Қарапайым кнопоканы басқанда қосылып автоматты жұмыс істейтін қауіпті хабарлау белгісі.

г) Басқаруға байланысты анық нұсқауы.

д) Қасында тұрған қызметшілердің қауіпсіздігін сақтайтын анық нұсқаудың болуы.

е) Тек қолмен ғана басқару.

Әрбір контейнерлер жүйесі, сақталған газдың деңгейін ұдайы бақылап отыруға мүмкіндік беретін өлшегіш құралмен жабдыкталуы керек.

Жүйені пайдаланар алдында міндетті түрде:

а) Капитаннан не бас механиктен рұқсат алу.

б) Сақтандыратын бөлімшеде газды қоспас бұрын ескертетін дыбыстық белгі беру.

в) Капитан көпіршесінде көзбен байқайтын және дыбыстық белгілерді жұмысқа қосу.

г) Тек өрт жүйесінің насосынан басқа дизельді жанармаймен жұмыс істейтін барлық двигательдерді тоқтату.

д) Пайдаланылған газды 10 секунд ішінде разрядталуына мүмкіндік беру.

е) Барлық желдеткіш қондырғыларды автоматты түрде тоқтату.

Хелон 1301 жүйесін пайдаланғаннан кейін, ол қолданылған барлық бөлімшелер ең аз дегенде 24 сағат бойынша жабық қалпында болуы керек. Осы кезде барлық датчиктер, барлық ыстық нүктелердегі температура, сол территорияда сақталған, жанармайдың не еріткіштердің, кез келген түрлерінің жану температурасынан аз температураны көрсетуі керек. Өте жоғары позициядан бастап және өте қолайлы жағдайда, Автономиялық дем алу аппаратын пайдалану арқылы, Хелонды пайдаланылған уақыттағы, сақтандырылған бөлімшені ашу керек. Аппаратты дайындап, команда өте жоғары дайындықта болғандары дұрыс. Алғашқы медициналық көмек командасы ұзартқыштармен жабдықталған болулары керек және оттегі корғалған бөлімшелерге не онымен жапсарлас жатқан орынға өзімен бірге алып баруға болмайды.

7.9.8. КӨБІКТЕНГЕН СУМЕН ЖАБАТЫН ЖҮЙЕ.

Көбіктенген сумен жабатын жүйе мына талаптарға сай келуі керек:

а) Дизельді жанармаймен жұмыс істейтін насос болуы керек, ол навигация көпірінен және өртті бақылайтын пункттен дистанциялы жерде қосыла алуы кажет. Бұл өрт жүйесі насостарының бірі болып жүрмеуі керек.

б) Кем дегенде екі көбік шлангасы, қорғайтын бетті біркелкі көбік қабатымен жабатындай болып орналасуы керек.

в) Бұл жүйенің шығаратын трубалары, бөлімшенің көбікпен жабатын қабатында қалай көбік қабаты орналасса, солай қорғағыш көбікпен біркелкі жабатындай болып орналасады. Олар ай сайын тексеріліп тұруы керек.

г) Қызыл түске боялған резервуарлар көбікті жеткілікті болатындай етіп сақтауы керек көбікпен: жабылған беттің қалыңдығы 200 мм және қорғайтын көбік қабаты барлық сақтауға керек бетті толығымен жабуы керек не кем дегенде 10 минут ішінде, екі көбік шлангасынан шығарылған (лақтырылған) көбік бір уақытта барлық белгіленген жарамдылық мерзімі анық етіп резервуарға жазылуы керек.

д) Барлық бақылау крандары жеке-жеке, анық, өздері арналып қойылған затқа белгіленуі керек. Олардың орындайтын міндеттерін көрсететін қарапайым нұсқау, бақылау крандарының қасына орналасуы керек. Көбік краны ұдайы "Қосылған" ("Включен") позициясында тұруы керек, өрт дабылы хабарланған барлық уақыт периодында солай болуы тиіс. Көбік жабатын жүйе әрекет ететін зонада тұрған бөлімшелерде мыналар болуы керек:

а) Сейсмикалық өрімі бар катушка.

- б) Сейсмикалық өрімі бар ішкі қойма.
- в) Сейсмикалық өрімге қажетті сұйығы бар насос.
- г) Тік ұшақ қонатындай алаң.

Көбікті жібермей-ақ жүйені жұма сайын тексеріп отыру керек. Одан басқа, кем дегенде үш айда бір рет тез уақыт аралығында көбікпен тексерілуі қажет. Жүйеде қосымша жететіндей дәрежеде сұйық мөлшері болуы керек, ол көбігі бар резервуардағы бос кеңістікті ұдайы толықтырып отырады.

7.10. Өртпен күрес

Капитан өзінің барлық жұмысын, өзінің шешімі бойынша, барлық жағдайларда бағыттап отырады және соған толық жауап береді.

Ол кемеде апат болу жағдайын хабарлайды, қажет болса ол жайында базаға, не сырттан (SOS) көмек алу үшін жақын кемелерге хабар береді.

Оның көмекшісі де (аға көмекші) өрт командасына, өрт сөндіру кезінде, техникалық бригадасына, жалпы апат кезінде болатын әртүрлі іс-әрекеттердің орындалуына қарай қызметтерінің барлық түрін бағыттап отыруы тиіс.

Ол барлық жағдайды тікелей Капитанға хабарлайды. Двигательдердің, компрессорлардың және қалақшалар бөлмесінің отын сөндіруге бас механик ж а у а п к е р .

Негізгі міндеттемелер:

а) Отты байқағаннан немесе күдіктенгеннен кейін дереу өрт сөндіру хабарын ж а с а п , к ө м е к т а л а п е т ің і з .

б) Отты қол өрт сөндіргіштерді пайдалану арқылы, жамылғылармен, киімдермен немесе басқа да қарапайым әдістермен сөндіруге тырысыңыз.

в) Егер бұл шаралар көмектесе алмаса, барлық ашық-тесіктерді бітеп, ауа қатыстырмаңыз, сонда от жайылмайды.

г) Маңайда түтінмен дем алған немесе оттан тығылған адамның бар-жоғын әбден тексеріңіз. Егер оттың немесе түтіннің салдарынан құтқару мүмкін болмаса, дереу Капитаннан көмек сұраңыз.

д) Тиісті көмек келіп жеткенше есікті немесе люкті ашпаңыз, әйтпесе, ауа қатынасынан от өршін кетеді. Егер есік пен люк жабық тұрса, шағын отты ө ш і р у г е б о л а д ы .

е) Өрттің әсерінен пайда болған улы газдардың иісі білінбейді, көзге көрінбейді. Осыны есте сақтаңыз.

ж) Өрт дабылы қағылысымен, барлық қызметшілер алдын ала белгіленген орынға жедел жиналып, өртпен күресуге дайындалып, әлде бірлеулердің жоқтығын анықтауға шара жасаулары керек.

з) Қауіп дабылы қағылған кезде барлық хабар-ошарларды бақылаңыз.

"Хелон" дабылы қағылса, ол жерден дереу кетіңіз.

и) Егер "Хелонмен" жұмыс кезінде сол маңайда біреу қалып қойса, ол туралы

Капитанға (басшылыққа) хабарлау керек.

7.11. Кемеден кету (эвакуация)

Авария жағдайында кемеден кету үшін мыналар шарт:

- а) Келісілген орынға жиналу.
- б) Артық зат алмау.
- в) Барлық қызметшілердің түгелдігін тексеру.
- г) Құтқару құралдарын түсіруге дайындалу.
- д) Капитанның командасынан кейінгі ғана кемеден кету.
- е) Егер уақыт жетсе, құтқару шлюпкаларын түсіру.
- ж) Мүмкіндігіне қарай барлық артық одеялдарды, тамақты, суды бірге алу.
- з) Құтқару құралдарын мүмкіндігінше құрғақ ұстау.
- и) Барлық құтқару құралдарын бір-біріне жақын ұстап, мүмкіндігінше соларға жақын тұру.
- к) Кеме капитанының бұйрығынсыз немесе басқа жақ қалмағанша кемеден кетпеу;
- л) капитанның бұйрығынсыз кемеге қайта бармау;
- м) егер кемені тастап кету қажеттігі туса, мына істерді мынадай ретпен орындаңыз: құтқару қайықтарын, құтқару плотын түсіріп, қалқығыш құтқару құралдарын пайдалану;
- н) өміріңізге тікелей қауіп төнбесе, борттан секірмеңіз.

Суға қауіп-көтерсіз түсудің маңызды шарты судың қашықтығы болып табылады. Қаншалықты биіктікте болсаңыз, соншалықты зақымдану қаупі көбірек. Секіретін алдында мүмкіндігінше суға жақын тұруға тырысыңыз. Сатылар, жіп сатылары, шлангілер, түскіштер суға жақынырақ келу үшін пайдалы.

Суға түсер алдында:

- а) төмен қарап, сіз түсетін аумақтың бос екендігіне көз жеткізіңіз. Теңіз бетіндегі ауа райын, жел мен ағыстың бағытын біліңіз. Егер төменде әлдеқандай бір бөгесін болса, ол жерден басқа жаққа ауысыңыз;
- б) қарсы алдыңызға тура қарап, жанарыңызды көк жиектің бір нүктесіне қадаңыз. Суға секіретінде төмен қарамаңыз;
- в) құтқарғыш қалқыма құралдарыңызға ауаны көбірек толтырыңыз, күш-қуатыңызды пайдаланыңыз. Бір қолыңызбен ауыз-мұрныңызды басып, бетіңізді қорғаңыз;
- г) төмен қарай аттаңыз (қадамыңыз кең және секіретін жерден мейлінше алыс түссін). Аяғыңызды қатар ұстаңыз;
- д) суға түсімімен қауіпсіз жерге қарай тез қозғалыңыз, басқа да сақтанушылармен бірге жинақталып, құтқаруды күтіңіз. Мүмкіндігінше солармен бірге болыңыз;
- е) егер кеме батып бара жатса, одан тез аулақтанңыз.

VIII. ГИДРОГРАФИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

8.1. Кемеге тиянақ қадалар мен қалқымаларды бекітерде мынадай шарттар орындалуы қажет:

8.1.1. Қалқымалар, қадалар, жүктер және бұйрептер жағада дайындалып барып кемеге орналастырылады;

8.1.2. Палубаның қалқымалар және қадалар шығарылатын жерінде бөгде заттар болмауы керек;

8.1.3. Бұйреп палубада оны лақтырған кезде түйін түйіліп қалмайтындай қалыпта орналасуы керек.

8.2. Қадаларды және қалқымаларды қолдан дайындалғанда, ең алдымен бұйрепті лақтырып, сонан соң қалқыманы немесе қаданы, сонан кейін барып жүкті түсіреді.

8.3. Салмағы 50 кг дейінгі жүкті планширден теңізге қолмен лақтыруға рұқсат етіледі, бірақ планширдің үстінде тұруға, фальбортты аттап өтуге болмайды.

8.4. Қадалар мен қалқымаларды кеме тоқтап тұрғанда ғана орнатады.

8.5. Қадалар мен қалқымаларды толқынды күндері кеме тоқтап тұрғанда ғана жинайды.

IX. КЕМЕ ҚАТЫНАСЫ КЕЗІНДЕГІ КЕМЕЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1. Қазақстан Республикасының Ішкі сулар транспорты Жарғысының негізінде сәйкес кемелердің ішкі суларда жүзуінің қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету үшін кеме қатынастарының бассейндік инспекциясы ұйымдастырылған. Қазақстан Республикасы көлік Министрлігінің Кеме қатынасы қауіпсіздігінің ТПО "Казречфлоты" бассейндер негіздеріне сәйкес (бекітілген 16.02.89. N 23) инспекцияның негізгі міндеттері Ережелерді, Нұсқауларды, Бұйрықтарды және түсініктерді Қазақстан ішкі су жолдарында кеме қатынасы кезінде кеме жүргізушілердің орындауын бақылау болып табылады.

9.2. Теңіздегі геологиялық зерттеу кемелері де жұмыс жүргізген кездерінде жарық көздерімен, белгілермен "теңізде жүргенде кемелердің бір-бірімен соқтығысып қалмауының Халықаралық Ережелерінің" 27-тармағына сәйкес жарактануы керек.

Геофизикалық партиялар мен отрядтардың жұмысшылары кемеде болған кездерінде мына талаптарды орындауға міндетті:

а) кемеңің белгіленген тәртібін сақтау;

б) қауіп көтеруге белгі берілгенде кемедегі басқарушы топтың нұсқауларын орындау.

9.3. Су жолдарындағы кеме қатынасы басталар алдында техникалық байқау жүріп, барлық мекемелердің жүзу құралдары қандай меншік екеніне қарамастан, жергілікті тіркеу орындарында немесе техникалық қатынас инспекциясында

тіркеуден және қайта тіркелуден өтіп, пайдалануға болатындығы туралы рұқсат а л а д ы .

9.4. Теңіз геофизикалық жұмыстарына арнаулы оқу курстарында оқып, жұмыс түрінің белгілі бір саласы бойынша комиссия алдында емтихан тапсырған және сынаудан өткен адам ғана босатылады.

9.5. Ауа райының қолайсыздығынан болған (теңіз дауылы, мұз қатып қалу) үзілістен кейін геофизикалық жабдықтардың жай-күйі кезексіз қайта тексеріліп, оның қорытындысы "Қауіпсіздік техникасының тексерілу жағдайы журналына" жазылып, тоқ өткізбеу кедергісі өлшеніп, "Электр жабдықтарын тексеру" ж у р н а л ы н а т і р к е л е д і .

9.6. Кеменің операторлық бөлмесінде:

- а) аппараттардың техникалық құжаттары;
 - б) жұмыс орындарының қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық;
 - в) сақтандыру плакаттары мен жазулар топтамасы;
 - г) жеке-жеке сақтану және құтқару құралдары;
- медициналық аптечкалар болуға тиісті.

Х. ТЕҢІЗ СЕЙСМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕГІ АУА-РАЙЫН БАРЛАУ ХАБАРЛАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ Т Е Х Н И К А Л Ы Қ

ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

Теңіздегі геологиялық барлау кезінде ауа райын барлау хабарларымен қамтамасыз ету жұмыстары "Атырау облыстық ауа райын барлау орталығының ережелеріне" сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорологиялық бас басқармасымен келісілген (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің N 206 12.03.92 ж. Қаулысы) және басқа да басшылық документтерді негізге алып, ауа райын барлау жұмыстарымен тез және жүйелі түрде қамтамасыз ету жолымен жүзеге асады.

Уақыты, хабар беру жиілігі, сонымен бірге ауа райы туралы хабарламаның дәлдігі алдыға қойған міндеттердің сипатына, ауа райы жағдайлары мен құбылыстарының құбылмалығына байланысты, сонымен бірге нақты бір аудан бойынша жасалған ауа райын барлау қызметінің әрбір нақты жағдайдағы жоспар-схемасына да байланысты.

ГУГМС бөлімдері теңіз қойнауын зерттеу мекемелеріне мынадай хабар т ү р л е р і н б е р е д і :

- а) ауа райы жағдайының нақты мәліметі;
- б) алдағы күндердің ауа райының жағдайы;
- в) жұмыс жүргізу қауіпсіздігіне әсерін тигізетін теңіз

дауылдары, ауаның құбылыстары туралы хабар беріп, сақтандыру;
г) жұмыс істеліп жатқан аймақтың ауа райының мәліметі.
Бұл хабарлар ауа райы режимінің мына түрлерін қамтиды:

1 0 . 1 . Ж Е Л

- а) желдің нақтылы бағыты мен жылдамдығы туралы мәлімет;
- б) желдің бағыты мен жылдамдығы туралы алдын ала барлау мәліметі ;
- в) теңіз дауылдарынан сақтандыру және қауіпті желдің жылдамдығы мен бағыты туралы хабарлау ;
- г) желдің бағыты мен жылдамдығының қайта қайталануы туралы мәлімет.

1 0 . 2 . А У А Н Ы Њ Т Е М П Е Р А Т У Р А С Ы :

- а) ауаның нақты температурасы туралы мәлімет;
- б) ауаның температурасы туралы алдын ала барлау мәліметі;
- в) ауаның орташа айлық және төтенше жағдайдағы температурасы және 0 градусан өту уақыты.

1 0 . 3 . Т О Л Қ Ы Н К Ө Т Е Р І Л У :

- а) жел толқындары мен жай толқындардың нақтылы биіктігі, ұзындығы және таралу бағыты туралы мәлімет;
- б) 5 % күйдегі толқындардың биіктігін, ұзындығын және жел толқындары мен жай толқындардың таралу бағытын алдын ала барлау, портқа түсірер салмағын барлау ;
- в) желді толқындардың қауіпті биіктігін және жай толқындардың қауіпті биіктігінің таралуын, портқа түсірер күшін ескертіп, хабарлау;
- г) әртүрлі қалыптағы толқындардың биіктігі, ұзындығы және жиілігі туралы және желді толқындар мен жай толқындардың таралу бағытының қайталануы туралы мәліметтер .

1 0 . 4 . Т О Л Қ Ы Н Њ Њ Њ М Ө Л Ш Е Р І :

- а) су өлшейтін аспаптың көрсеткіші бойынша судың тереңдігі және дәл сол шақтағы теңіз көтерілуінің толуы мен азаюының есептелген биіктігі туралы мәлімет ;
- б) судың көтерілуі мен кей кездегі өзгеруінің тереңдігі; орташа тереңдік мөлшері туралы мәлімет, қатерлі тереңдіктің қайталану жиілігі көтерілудің үлкендігі мен түрі туралы байқамдар.

1 0 . 5 . А Ф Ы С :

- а) ағыстың нақтылы жылдамдығы мен бағыты туралы мәлімет;
- б) ағыстың көтерілген және анда-санда кездеріндегі бағыты мен жылдамдығы туралы алдын - ала барлау ;
- в) орташа және ең тез жылдамдық туралы және ағыстың көбірек жүретін бағыты туралы, ағыстың бағыт бойынша қайталану жылдамдылығы

туралы мәлімет; су асты ағысының орташа және ең тез жылдамдығы мен бағыты туралы мәлімет, ол 0,5-1,0 м тереңдікте өлшенеді.

1 0 . 6 . М Ұ 3

10.6.1. Нақтылы мәліметтер:

а) қалыңдығы туралы (орташа және ең жоғарғы), мықтылығы (көтергіштігі), үстіңгі бетінің жай-күйі және сендердің ағу жылдамдығы;

б) мұз қатпарларының ені;

в) мұз үстіндегі қардың биіктігі мен тығыздығы;

г) мұзда жүзудің жағдайлары.

10.6.2. Алдын ала барлау:

а) мұз қата бастауының күні;

б) мұздың қатуы мен кеме қозғалысы басталуы кезеңінің мерзімі мен ұзақтығы;

в) мұз арқылы көлік қатынасының мерзімі мен ұзақтығы;

г) мұз қазу арқылы барлау жұмыстарының мерзімі мен ұзақтығы;

д) мұз қатпарларының бұзылу мерзімі.

10.6.3. Теңіз дауылдарынан сақтандыру мен хабарлау:

а) мұз қатпарының бөлініп кетуі;

б) мұз үйіндісі туралы;

в) жағаға жиналған мұз туралы.

10.6.4. Көп жылдық бақылаулардың мәліметтері:

а) мұздың орташа және ең жоғарғы қалыңдығы;

б) мұз сендерінің орташа жылдамдығы мен бағыты;

в) бір маусым ішіндегі ең аз және ең көп ұзақтығы;

г) мұз қату және кеме қатынастары басталар маусымы;

д) негізгі мұз фазаларының орташа және ең ұзақ уақыты;

е) мұз қатпарлары мен мұздардың әр түрлі қабаттасуларының орташа, ең төменгі, ең жоғарғы күндері;

ж) мұз қатпарларының орташа және ең жоғарғы ұзындықтары;

з) бір маусым ішіндегі транспорт қозғалыстарының мұз үстіндегі жүру мерзімі;

и) бір маусым ішінде мұз арқылы қазылатын бұрғылау жұмысының орташа созылу мерзімі.

10.7. КЕМЕЛЕРГЕ МҰЗДЫҢ ҚАТУЫ

а) кемелерге мұздың нақтылы туралы мәлімет;

б) кемелерге мұз қатудың алдын ала барлауы;

в) теңіз дауылдары және кемелерге мұз қату туралы хабарлау;

г) Кемелерінің ай сайынғы мұз қатуының жиілігі.

10.8. КӨРІНУ ҚАШЫҚТЫҒЫ

- а) нақты көріну қашықтығы туралы мәлімет;
- б) көріну қашықтығының өте қауіпті жерге шейінгі шегі тудыратын теңіз дауылдары, басқа да табиғат құбылыстарын алдын ала барлау мен ескерту.

10.9. ХИМИЯЛЫҚ ЛАСТАНУ

Жұмыс жүріп жатқан аймақтың суының ластануының қауіпті мөлшерін нақты мәлімет береді.

Теңіз дауылдары мен алдын ала барлау мәліметтері гидрометеорологиялық құбылыстардың ауа райын зерттеу қызметінің алдын ала барлау мекемелеріндегі тәжірибесі бойынша жүргізіледі.

Бақылау мен гидрометеорологиялық құбылыстарды алдын ала барлау әдістері жоқ жерлерге теңіздегі геофизикалық жұмыстар жүргізерде тиісті бөлімдер түсініктер беріп, құбылыстар кезінде қалай әрекет етудің жолдарын айтады.

XI. МАГНИТТІК БАРЛАУ ЖӘНЕ ҚИЫРШЫҚ ТАСТЫ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

11.1. Гравиметрдің (магнитометр) басқару жүйесі столға бекітілген поролонның үстіне қойылады.

11.2. Су астық гравиметр мен таяз суларда жұмыс істеуге арналған гравиметрлер кемелерге резина баллонға қойылған жабық скафандрға салынып, тасылады. Кеме шатқалысынан сақтау үшін скафандр капрон алғанмен бекітіледі.

11.3. Су астылық гравиметрлерді түсіріп-көтеру алдында мыналар тексеріледі:

- а) тростың беріктігі және гравиметр алынатын құдықшаның дұрыстығы;
- б) кабельдің жай-күйі.

11.4. Тіркемге тіркелетін гравиметрлерді (магнитометр) көтеріп-түсіру жұмыстарын жасар алдында мыналар тексерілуі қажет:

- а) қайықтың дұрыстығы мен дайындығы;
- б) кабель-тростың дұрыстығы.

11.5. Су астылық гравиметрлерді, тіркейтін гравиметрлерді және тіркейтін магнитометрлерді көтеріп-түсіру жұмыстары механикаландырылған көтергіштермен немесе механикаландырылған көтергіш бөрене қолданылады, көтергіштердің жеткізу мөлшері жетпесе, бағыттама сырықтар қолданылады.

11.6. Гравиметрлерді (магнитометрді) көтеріп-түсіру кезінде ол тоқтап қалса қолмен ұстауға болмайды немесе гравиметрдің шайқалақтауын тоқтату үшін темір ілмегі бар сырықтарды қолдануға болмайды.

11.7. Егер гравиметрлік пункт қадамен бекітілген болса, су астылық гравиметрді түсіргенде гравиметрдің кабелінің қаданы бекіткен троспен шатасып

қалмауын қадағалау керек.

11.8. Гравиметр (магнитометр) түсірілгеннен кейін кабелдің қалған бөлігін бірнеше жерден байлап тастайды.

11.9. Су астылық гравиметрді кеме жүріп келе жатқанда түсіруге рұқсат жоқ.

11.10. Су астылық гравиметрмен жасалатын жұмыс аяқталғаннан кейін тросы барабанға оралып, кабель үйшікке жиналады; тіркелетін гравиметрдің (магнитометр) кабель-тросы үйшікке жиналады.

11.11. Түнгі уақыттар мен тұманда жұмыс жүргізілген кезде порттың маңайы түгел жарықтанып, ол гравиметрдің (магнитометр) батырылатын жерін қамтуы керек.

11.12. Ошақтармен бақыланатын таяз судағы гравиметрлік жұмыстар жүргізіледі шағын кемелер қолданылады (моторлы шағын қайықтар, дизельді двигательмен жабдықталған судағы сыйымдылығы Ү тонналық моторлы шлюпкалар). Барлық жұмысшылары құтқару жилетін киеді; шағын кемелер (шлюпкалар, қайықтар) құтқарғыш майлы арқанмен, ұзындығы кемінде 30 м, белгі беру шамымен жабдыкталады.

11.13. Ошақтың бақылау кезінде шлюпка жел мен ағыс бағытын ұстап, ошақтан жоғары жерге якорь тастайды. Ошаққа операторда түсіргенде ол құтқарғыш белдікті тағуы керек; шлюпка ошақтан 5-15 метр жерде, ал кеме 30-100 метр жерде тұрады.

ХІІ. ЭЛЕКТРЛІ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

12.1. Электрлік барлау жүйелерін қайта қоректендіру үшін тұрақты және ауыспалы тоқтың күнделікті қолданылатын генераторы пайдаланылады, сонымен бірге аккумулятор батареяларын да пайдаланады. Қосымша ток көздерін кемеге орналастыру және пайдалану тиісті Ережеге сәйкес жүргізіледі.

12.2. Генераторлардың айырғыштық кедергісін өлшеу - электрлік барлау жұмыстарын бастар алдында сол кемеңің үстінде жүргізіліп, "Электр жабдықтарын тексеру" журналына тіркеледі, ал күш кабельдерінің қоректелгіш линияларының айырғыштық кедергісі кем дегенде 10 күнде бір өлшеніп, ол "Өлшеу мен жерге қосуды тексеру журналына" тіркеледі.

12.3. Қоректенетін күш кабельдерінің шлангасының оралғысы кабельді жерге көму барысында және линияларды көшіргенде бақыланып тұруы керек, оператордың журналында белгіленіп қойылады; егер қандай бір ақаулық шықса, ол қалпына келтіріліп, кабельдің қайта тексеріліп, оператордың журналына қосымша қайта тіркеледі.

12.4. Электрлі барлау жұмыстарының негізгі операциялары (қайықшаны суға түсіру, электрлі барлау жұмыстарының басқару жүйесіне ток беру, тоқты қосу, жерге жабу, кабель өрімдерін таңдау және жинау) осы жұмысты басқарушы

адамның немесе оның орнына қалған адамның нұсқауы бойынша жүзеге асырылады, оған капитанының орынбасары (капитанның кезекші орынбасары) рұқсат беріп, тікелей өз бақылауына алады.

12.5. Генераторлық жүйелер орналастырылған жер электрлі барлау жұмыстары жүргізілген кезде жан-жағынан қоршалып, ескерту таблицалары мен ж а з у л а р і л і н е д і .

12.6. Бөлімшедегі ұзындығы 150 м асатын, электродтың түбіндегі ұзындығы 100-150 м кем болмайтын электрлі барлау кабелінің өрімі анық көрініп тұратын жазулар мен белгілер қойылады; өрім бітер ұшының ауыстыру тездігі 0,5-1 м/с. ш е й і н тө мен де у і қ а ж е т .

12.7. Г-пішінді су астылық қабылдағыш кабельдердің ауыстырылуы немесе периметрі 500 м асатын су астылық ілгектерді ауыстырған кезде кеме ең төменгі жылдамдыққа түсіп, кабель тартатын линияның бойымен сол линиядан 50-70 м қ а ш ы қ т ы қ т а ж ү р е д і .

12.8. Қоректенгіш электродтар кемеден кемінде 100 м қашықтықта болуы к е р е к .

12.9. Электрі барлау жұмыстары жүргізіліп жақтан кезде қызметшілердің бірі палубаның үстінде қауіпті аймақта ешкім тұрмауын бақылайды.

ХІІІ. ГЕОФИЗИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕЗДЕГІ ТЕҢІЗ АЙНАЛАСЫН ЛАСТАНУДАН ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

13.1. Транспорттық жұмыстар.

13.1.1. Теңіз арқылы тасымалдау.

Сақтық пен ақылмен іс қылу судағы тасымал жұмыстары кезіндегі қолайсыз жағдайларды мейілінше азайтады. Су арқылы жүк тасымалы кезінде мына жағдайларды ұ с т а н у қ а ж е т .

13.1.1.1. Жанармайды тасығанда немесе жанармай құйғанда кездей-соқ төгіліп-шашылудың әсері тимеу үшін теңіз жануарларының көп жиналған ж е р і н е н а у л а қ т а ж а с а л а д ы .

13.1.1.2. Жанармай таситын танкерлердің өте берік жабылған қақпақтары болуы керек, тасымал кезінде ол үнемі жабық тұрады. Жанармайды құйған кезде өте сақ болыңыз. Жанармайдың ағып-тамбауы үшін су үстінде май құймаңыз.

13.1.1.3. Аздап болса да төгілген жанармайды сорғызып алу үшін бортта сіңіргіш материал ұ с т а у к е р е к .

13.1.1.4. Су жағалауында кемеңіздің ақырын жүруі су түбінің эрозия болуын а з а й т а д ы .

13.1.1.5. Доктар мен айлақтарды жоспарлағанда жабдықтау жұмыстары, техникалық көмек және жанармай құю істері қауіпсіздік жолмен жүзеге асатындай етіп жасалады. Теңіз жануарларының көп жиналған жерінен алысқа кеткенде теңіз базасымен байланыста болыңыз.

| 13.1.1.6. Теңіз тіршілігінің немесе өсімдіктерінің кез келген мөлшерімен ұшыраса қалсаңыз, өте сақтық және жұмсақтық көрсетіңіз.

13.1.2. ӘУЕ АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУ

Әуе арқылы тасымалдау кезіндегі негізгі талаптар - ұшу кезінде қажетті биіктікті сақтап, теңіздегі және жер бетіндегі жануарлар дүниесін орынсыз мазаламау. Мұндай жағдай, әсіресе, құстар ұя салған жерлерге өте қатысты, өйткені тым төмен ұшу құстарға ғана емес, әуе кемесінің өзіне де аса қауіпті. Ең төменгі биіктік 1000 метрден кем болмау керек.

13.2. ҚАУІПТІ ЖАБДЫҚТАР

13.2.1. ЖАНАРМАЙ ЖӘНЕ МАЙ

13.2.1.1. Жанармай құятын бір-бірімен жалғасатын ыдыстардың өте мұқият жабылған ысырмалары болады.

13.2.1.2. Жанармай тасу үшін болатын (басқа да қауіпті заттарды тасу үшін) транспорттық жұмыс басталар алдында кемеде ескертпе айырым белгілері қойылуы қажет. Күндізгі уақыттарда қызыл жалауша көтеріліп, ал түнгі уақыттарда - жыпылықтағыш қызыл шам қолданылады. Көріну нашар кезде дыбыстық хабар мен радиоэфир арқылы хабар беріледі.

13.2.1.3. Жанармайды тасымалдаған кезде немесе жанармай құйып алғанда ашық от жағуға қатаң тыйым салынады, ондай жағдай қолма-қол тоқтатылуы керек.

13.2.1.4. Жанармай босатылған уақытта жауапты адам жанармай алушы кемеде тұруы керек. Ол адам май айдайтын насос жүйесімен тікелей байланыста болуы қажет. Артық құйылып кетпеуі үшін бас механик танкерге құйылған жанармайдың мөлшерін бақылап тұрады. Жанармай құйылған уақыт пен көлемі кеме журналына тіркеледі.

13.2.1.5. Жанармай құйылған танкердің теңізге шығардағы жағдайларды капитан анықтайды.

13.2.1.6. Тасымал-кеменің қорғаныш жабдықтары болуы керек, ондай қорғаныш кеменің өзіне де, кемедегі қызметшілерге де қажет. Сұйықтықты құятын шланг ауа райының жағдайына қарай кеменің ыңғайлану қозғалыстарына еркін жететін ұзындықта болуы қажет.

13.2.1.7. Жанармайдың құйылып кетпеуі үшін барлық тағам өткізгіштер қалдық салатын астауларға аударылып тазаланулары керек. Сұйықтық құятын шлангалар танкерге апарылмастан бұрын оларға тұйықтамалар тигізіледі.

13.2.1.8. Әрбір сутекті көмір заттары тек осыған ғана арналып, жазумен белгіленген ыдысқа (мысалы, шикі мұнай, бензин, дизельдік жанармай, т.б.) ғана құйылады.

13.2.1.9. Егер жанармайды сақтау үшін бөшкеден басқа да жоқ болса, оны кемеде басқа қажеттіке пайдаланбаңыз. Барлық бөшекелер арнаулы құрсауға

салынып, борт үстінде кездей-соқ орын ауыстырудан сақталуы керек. Құрсауларды астыңғы жағында кездей-соқ ағып-тамған сұйықтықтар жиналатын астауша түбі бар. Оның қасында сіңіргіш ұнтақ тұрады.

13.2.1.10. Әрбір ағып-таму, жанармайдың төгілуі туралы басшылыққа х а б а р л а н ы п о т ы р а д ы .

Жанармайдың кез келген ағып-төгілуін тазалап отыратын жабдықтардың болуы қажет. Адсорбенттер мен полиэтиленді мешоктар ұсынылады.

13.2.1.11. Мазут, мұнай, майлайтын және гидравликалық майлар, еріткіштер мен кейбір бояулар жеке сақталып, арнайы ыдыстарымен қатаң тәртіпте қ о й ы л у ғ а т и і с т і .

13.2.2. БАСҚА ДА ҚАУІПТІ ЗАТТАР

13.2.2.1. Сейсмикалық жұмыстар жүргізген кезде жарылғыш заттарды әдейі арналған саласынан басқа бағытқа қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады.

13.2.2.2. Барлық батареяларды, әсіресе, құйма және никелді-кадмийлілерді сақтағанда, қолданғанда, тиеп-түсіргенде, тозығын тастағанда қолданылуы туралы нұсқау бойынша жасалынады.

13.2.2.3. Қоздырғыш жарылғыш көздерін ашық су қабатында (арнаулы бұрғылау мұнарасынан тыс) қолдануға рұқсат етілмейді.

13.2.2.4. Тіркемеде қолданылатын жабдықтарға биодеградациялық майлары және мүжілу ингибиторын қолданады.

13.2.2.5. Жанармай төгіліп кетсе, май құйылса, сондай-ақ, басқа да улы заттар теңізге түссе немесе әлдебір жабдықты түсіріп алса, қызметші бұл туралы жергілікті басшылыққа, табиғат қорғау мекемелеріне дереу хабарлап, оны тазалаудың, шығарып алудың шараларын жасау керек.

13.3. ТЕҢІЗ ТІРШІЛІГІ

Су және су айналасындағы биоәртүрлілікті, өсіп-өнуді сақтау үшін мынадай қарапайым ережелерді орындау керек:

13.3.1. Геофизикалық кемелерде болған кез келген уақытта шетел және жергілікті мамандарға балық аулауға, аң аулауға тыйым салынады.

13.3.2. Жергілікті аңшылар мен балықшылардың қызметіне сүйенбеңіз, бұл олардың қосымша табысын қолданғандық болып есептеледі.

Етті, балықты және басқа тағамдарды тексерілген жерлерден ғана алыңыз, өйтпесеңіз браконьерлерге дем бергеніңіз болып табылады.

13.3.3. Адамның басқа амалы таусылып, өз өміріне қауіп төнгенде ғана аңдарды өлтіруге болады.

13.3.4. Тағы аңдардың сирек кездесетін түрлері ұшырасқанда және теңіз аңдарының басқа да жағдайларында басшыларға хабардар етіңіз.

13.4. ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Қалдықтарды жою бағдарламасы жасалғанда қайта өңделу салаларын

мейілінше пайдалану ойластырылады. Тамақ қалдықтарынан басқа кез келген қалдықты кеме үстінен суға лақтыруға болмайды.

Қағаздан, платискалы қораптардан жасалған орағыштарды, қапшықтарды, басқа да керексіз заттарды кемеңіз үстінде өртейді. Сонан соң жағаға шыққанда қоқыр-соқыр ретінде жойылады. Өртеуге келмейтін қалдықтарды (шыны, металл) қаптап жинап, кемедегі басқа қалдықтардан бөлек жинайды да, жағаға шыққан соң қайта өңдеуге тапсырады. Тамақ қалдықтарын жағадан көрініп тұратын қашықтыққа тастауға болмайды.

13.5. КЕМЕДЕГІ ЖҰМЫС

Кеме үстінде жасалған жұмыстың айнала қоршаған ортаға әсері мына ережелері негізінде азыяды.

13.5.1. Кабель мен шығырдың барабаны сақталатын үйшіктің астында кабель майының ағып-тамғаны жиналатын астауша қойылады.

13.5.2. Кабель жүйелерін жинайтын және толтыратын тиісті жабдықтар мен барлық шлангалар түзік жағдайда сақталып, ағып-тамбайтындығы үнемі тексеріліп отырылады.

13.5.3. Ағып-тамуға ұшыраған кабель жүйелерін пайдалануға болмайды. Ағып-таму белгілері білінсе-ақ, ондай кабельді ауыстыру қажет. Тұйықтаулар мен бітеулеп жабу үшін жабысқақ ленталарды қолдануға болмайды.

13.5.4. Қосалқы кемелерде, қайықтарда, катерлерде жиналған қоқыстардың бәрін қосып, арнаулы кемеге ауыстырады.